



Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі  
Министерство информации и  
общественного развития Республики Казахстан  
Ministry of Information and Social Development  
of the Republic of Kazakhstan



# «ЖАСТАР ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА: ҚАЖЕТТІЛІК, МҮМКІНДІКТЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР»

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері  
бойынша аналитикалық баяндама

## МОЛОДЕЖЬ НА РЫНКЕ ТРУДА: ВОСТРЕБОВАННОСТЬ, ВОЗМОЖНОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ»

Аналитический доклад по результатам  
социологического исследования



АСТАНА 2023



Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрлігі



# «Жастар еңбек нарығында: қажеттілік, мүмкіндіктер мен перспективалар»

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша  
аналитикалық баяндама

Астана, 2023

**УДК 331.101.234**  
**ББК 65.24**  
**Ж60**

**Жастар еңбек нарығында: қажеттілік, мүмкіндіктер мен перспективалар:**  
«Жастар» ҒЗО, Астана, 2023. – 123 б.

**Авторлар ұжымы:** Ахантаева С.Ж., Кожабекова Д.А., Сулейменова М.Ж.,  
Арғынбаева Ж.Ж., Альшанская А.А., Касимова Г.М.

**ISBN 978-601-7857-62-2**

Аналитикалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тапсырысы бойынша жүргізілген «Жастар еңбек нарығында: қажеттілік, мүмкіндіктер мен перспективалар» әлеуметтік зерттеуі нәтижелеріне негізделген. Жастардың еңбекке қатысты көзқарастарын, мамандық таңдау факторлары мен жастардың еңбекпен қамтылу перспективалары бойынша зерттеу нәтижелерінен тұрады.

Білім беру мен жұмыспен қамту саласы бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға, кең қауымдастыққа, білім беру мен жастар саясаты саласы сарапшыларына, зерттеушілерге, осы тақырып бойынша жұмыс істеп жүрген мамандарға, барлық мүдделі тараптарға ұсынылады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2023

**УДК 331.101.234**  
**ББК 65.24**  
**ISBN 978-601-7857-62-2**

## МАЗМҰНЫ

1 бөлім. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ .....	4
2 бөлім. ЖАСТАРДЫҢ ЖАППАЙ САУАЛНАМАСЫ НӘТИЖЕЛЕРІ .....	10
1. БІЛІМ БЕРУ .....	10
1.1. Мамандық таңдауға ықпал ететін факторлар .....	10
1.2. Жұмысқа тұру мүмкіндіктері: тартымды қызмет салалары .....	15
1.3. Еңбек қызметі үшін маңызды факторлар .....	19
1.4. Еңбек нарығы мәселелері .....	25
2. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ .....	35
2.1. Еңбек саласының алынған мамандыққа сәйкестігі .....	35
2.2. Оқудан кейін жұмыс табуға жұмсалған ресурстар .....	40
2.3. Жастардың қабылдауындағы ашықтық пен меритократия қағидаттарының сақталуы .....	43
2.4. Жұмыс ауысуы: себептер мен күтістер .....	45
2.5. Жастардың материалдық жағдай мен табыс деңгейін бағалауы .....	50
2.6. Жұмыссыздыққа көзқарас және өз перспективаларын бағалау .....	56
2.7. Жастардың кәсіпкерлік қызметпен айналысуы .....	68
ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР .....	78
3 бөлім. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ .....	85
1. Еңбек нарығындағы қазіргі тенденциялар .....	85
2. Қазақстанда жастарды еңбекпен қамту ахуалы .....	88
3. Білім бағдарламаларының экономика сұраныстары мен жастардың ұмтылыстарына сәйкестігі .....	91
4. Жастарды еңбекпен қамту тұрғысынан білім беру саясатын жетілдіру ....	95
5. Жастардың күтістері және еңбек нарығының шынайы қалпы .....	98
6. Жұмысқа орналасуда жастарды мотивациялау (ынталандыру) .....	101
7. «Ақыл-ой қорының азаюы» .....	106
8. Жұмыс берушілердің жас мамандарға қатынасы .....	109
9. Қазақстандық компаниялардың жас мамандарға ресурстар салуға дайындығы .....	113
10. Жастарды жұмыспен қамту бағдарламаларының жүзеге асырылуына берілген баға .....	115
Ұсынымдар .....	119

## 1 бөлім. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында әлемнің көптеген елдері үкіметтері үшін жастарды жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінде тұр және өте өзекті болып табылады. Сарапшылық пікірлерге сәйкес, бүгінде тұрғындардың өзге санаттарына қарағанда жұмыссыз қалу қатеріне жастар көбірек ұшырауда, еңбек нарығындағы ұзақ мерзімді құрылымдық өзгерістер олардың келешекте жұмысқа орналасу мүмкіндігін азайтып отыр<sup>1</sup>.

Қазақстанда бүгінде 5 млн 700 мың жас азаматтар бар, яғни әрбір үшінші азамат – 14 пен 35 жас аралығындағы жас адам. Бұл - елдің ұлттық және жаһандық дамуы үшін үлкен экономикалық әлеует. Қоғамда жастар санатынан белсенді жұмысқа қабілетті топтардың болуы еңбек нарығындағы олардың тәртіптік нормаларын зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Бұл сонымен бірге жұмыссыз жастар тобы пайда болуынан туындайтын мәселелердің алдын алу үшін де қажет. Елдің әлеуметтік-экономикалық рөлі жастардың еңбек нарығындағы жағдайына тікелей байланысты. Жастардың қоғамға табысты кірігуін қамтамасыз ету еңбек өнімділігін және жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін шешеді.

Жастарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту Қазақстандағы жастар саясатының ең маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекет жылдар бойы жастарды жұмыспен қамту ісіне көмектесу, олардың кәсіпкерлік бастамаларын дамыту бойынша жүйелі шараларды қолға алып келеді, дегенмен ішкі және сыртқы факторлардың болуына байланысты бұл мәселе әлі өзекті болып қалуда. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, **жастарды толғандыратын бес мәселеге жұмыссыздық та кіреді**<sup>2</sup>. NEET санатындағы жастардың едәуір бөлігі (51,6%) жұмыспен қамтылудың негізгі кедергісі ретінде еңбекақының төмендігін бөліп көрсетуі алаңдаушылық туғызады<sup>3</sup>. «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасының 2022 жыл бойынша деректеріне сай жастардың 49,9%-ы тәжірибенің жоқтығын жұмысқа орналасудағы басты кедергі деп санайды<sup>4</sup>.

Өмірлік ағымдарының ерекше болуынан тұрғындардың өзге топтарына қарағанда жастар жұмысқа орналасу мәселесімен жиі кездеседі және жұмыссыздыққа да жиі ұшырайды. Оқу орны түлектері жұмыс тәжірибесі мен жұмыстың практикалық дағдыларын дамыту мүмкіндігі болмауынан еңбек нарығына бейімделу мен жұмысқа орналасуда қиындықтарға кездеседі.

2023 жыл бойынша 14 пен 35 жас аралығындағы (ресми статистика 15 жастан кейін қолжетімді) Қазақстан жастары елдегі жұмыс күшінің шамамен 26%-ын құрайды. Жастар жұмыссыздығы деңгейі - 2023 жылдың 1 тоқсаны бойынша 4,8%. Бұл арада жастар жұмыссыздығы көрсеткіштерінің аймақтар бойынша айырмашылықтары байқалады (1 кесте). Еңбек нарығында жастарға мобильділік (ішкі және сыртқы көш-қондық қозғалыс), сұранымның теңгерілмеуі және білікті жұмыс күшін ұсыну сияқты үрдістер тән екенін атап өткен маңызды.

---

<sup>1</sup> Facing the future Employment prospects for young people after Coronavirus March 2021. С. 6. <https://learningandwork.org.uk/facing-the-future/>

<sup>2</sup> Социологическое исследование «Молодежь Казахстана»: НИЦ «Молодежь», Нур-Султан, 2022. С. 163. <https://eljastary.kz/upload/iblock/e5d/aog7afeupoogmw0jhywost1mcoqwu1p.pdf>

<sup>3</sup> "Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік көзқарастары": "Жастар" F3O, Астана, 2022. 171. <https://eljastary.kz/upload/iblock/938/xmfutrje9ntfbjelfo3oa1q97v2f5czw.pdf> С.

<sup>4</sup> "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасы, 2022г. С. 139. <https://eljastary.kz/upload/iblock/462/tqfyx8atg9x4q0jsrq7fxufar60jugy.pdf>

**1 кесте. Қазақстандағы жастар жұмыссыздығы деңгейі, %**

Аймақ	%
Абай	4,8
Ақмола	4,7
Ақтөбе	4,8
Алматы	4,7
Атырау	4,9
Батыс Қазақстан	4,9
Жамбыл	4,9
Жетісу	5,0
Қарағанды	4,2
Қостанай	4,8
Қызылорда	5,0
Маңғыстау	5,0
Павлодар	4,8
Солтүстік Қазақстан	4,9
Түркістан	5,0
Ұлытау	4,2
Шығыс Қазақстан	4,7
Астана қ.	4,5
Алматы қ.	4,9
Шымкент қ.	4,9

Бизнес жүргізуде және жалға істелетін жұмыста жастарға практикалық тәжірибе жетіспейтінін атап өткен жөн. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, орташа алғанда респонденттердің 80%-ы бизнес тәжірибесі жоқ екендігін айтса, 4,1%-ы сәтсіз тәжірибе болғанын жеткізді<sup>5</sup>.

Тұтастай алғанда, еңбек саласы сарапшылары қазіргі жағдайда барлық тұрғындарды еңбекпен қамтуда қиындықтар бар екенін айтады және азаматтарды еңбекпен қамту, жұмысқа орналастыруда басты рөлді мемлекеттік органдар атқаратынына сенімділік білдірді<sup>6</sup>. Жастардың қамтылуы мен жұмысқа орналасуының табысты болуы мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне байланысты. Ол шараларды дайындау жан-жақты мониторинг пен сараптама жүргізуді, еңбекпен қамту, жұмысқа орналастыру мәселелерінің түрлі аспектілеріне қатысты жастар пікіріне зерттеу жүргізуді қажет етеді. Жастардың еңбек нарығына жүйелі мониторинг жүргізудің өзектілігі арта түсуде, өйткені елдегі адами капитал сапасы бүгінгі жастар сегментінің әлеуетіне байланысты. Жастарды жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастыру мәселелерін қарастыру көптеген сұрақтарды қамтиды. Оған мамандықты таңдау, білім сапасы мен тәжірибеге бағытталғандығы, жұмысқа орналасу құралдары мен арналарының қолжетімділігі, еңбекке ынталандыру факторы, еңбекпен қамтудың басым формалары, жұмыссыздық факторы және басқалар кіреді. Осыған байланысты осы аспектілерді қамтитын арнайы зерттеу жүргізудің маңызы артты.

**Зерттеу мақсаты** – қажеттілік деңгейін, мүмкіндіктері мен даму перспективаларын анықтай отырып, жастардың Қазақстандағы еңбек нарығына кірігуінің негізгі мәселелерін қарастыру.

<sup>5</sup> "Қазақстан жастары" әлеуметтік зерттеуі: "Жастар" F30, Нур-Сұлтан, 2022. С. 186.

<sup>6</sup> OECD EMPLOYMENT OUTLOOK 2019, С. 7. [https://www.oecd.org/employment/Employment-Outlook-2019-Highlight-](https://www.oecd.org/employment/Employment-Outlook-2019-Highlight-EN.pdf)

**Міндеттер:**

- жастардың мамандық таңдау факторларын анықтау;
- жастарды еңбекпен қамту саласындағы негізі тенденцияларды ашу;
- жастарды жұмысқа орналастырудағы басты кедергілерді зерттеу;
- жұмыссыз жастар тәртібі мен мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтау;
- жастарды еңбекпен қамту саласындағы жағдайды жақсартуға арналған

ұсынымдар даярлау.

**Зерттеу нысаны** – әлеуметтік-демографиялық және аймақтық сипаттамаларын көрсететін өлшемдер бойынша іріктелген 14 жастан 35 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының тұрғындары (жастар).

**Зерттеу тақырыбы** – жастарды жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастырудың негізгі мәселелері.

**Негізгі ұғымдардың түсініктемесі (интерпретация):**

*Тұлға белсенділігі* – өзінің негізгі сипаттарын күшейтумен, сол сияқты белсенділік пен ситуативтілік сияқты сипаттардың болуымен ерекшеленетін іс-әрекеттің айрықша түрі.

*Жұмыссыздық* – еңбекке қабілетті экономикалық белсенді тұрғындардың бір бөлігін құрайтын, бірақ жұмыс таба алмай жүрген адамдардың болуы.

*Жастар* – он төрт пен отыз бес жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматтары. Жастар – жас ерекшеліктеріне қарай айрықша әлеуметтік топ, олар жастық шеңберімен және қоғамдағы өз мәртебесімен, яғни балалық пен бозбала дәуірден әлеуметтік жауапкершілік кезеңіне көшуімен ерекшеленеді.

*Білім беру* – оқыту мен тәрбиелеудің біртұтас мақсатты бағытталған процесі, сонымен бірге осы процесс барысында алынатын білім мен дағды, құнды нұсқаулар, біліктілік пен әрекет тәжірибесінің жиынтығы.

*Еңбек нарығы* – экономикалық агенттер арасындағы бәсекелестік нәтижесінде сұраным мен ұсыныс механизмі арқылы еңбекпен қамтудың белгіленген көлемі мен еңбекақы деңгейі анықталатын экономикалық орта.

*Әлеуметтік интеграция* – салыстырмалы түрде дербес әлеуметтік нысандар арасында тиімді байланыстар орнату процесі.

*Әлеуметтік көңіл-күй* – әлеуметтік топ өкілдерінің өз қоғамдық жағдайларын бағалауының эмоциональды аспектісі. Әлеуметтік көңіл-күй әлеуметтік марапаттарды қатар салыстыру, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін, басқа адамдардың осындай мүмкіндіктерін жүзеге асыруымен әлеуметтік салыстыру процесі арқылы қалыптасады.

*Еңбек көш-қоны (миграциясы)* – еңбекпен қамтылу және жұмыс іздеуге қатысты адамдардың аймақтық ауысу, қозғалу жиынтығын білдіретін көш-қон түрі.

*Жұмысқа орналастыру* – жұмысқа орналастыру дегеніміз жұмыс орнын іріктеу және белгілі жұмыс берушімен еңбек шартын жасау арқылы жұмысқа орналастыруды рәсімдеуден тұрады.

*Тұрғындардың жұмыспен қамтылу деңгейі* - бұл барлық тұрғындар немесе белгілі әлеуметтік топ арасында жұмыспен қамтылғандардың үлесі. Бұл арада толық жұмыс күні мен толық емес жұмыс күнімен істейтін қызметкерлер, сол сияқты зерттеу кезінде жұмысы тоқтатылған, мысалы, бала күтіміне байланысты демалыстағы қызметкерлер тең дәрежеде есептеледі.

*Адами капитал* – экономикалық дамудың белсенді өндіруші факторы, қоғам мен отбасы дамуының факторы. Оған еңбек ресурстарының білімді бөлігі, білім, интеллектуальды және басқару еңбегі құралдары, дамудың өндіруші факторы

ретінде адами капиталдың тиімді де үнемді қолданылуын қамтамасыз ететін еңбек әрекеті мен өмір сүру ортасы жатады.

### **Зерттеудің әдістемелік бөлігі**

Зерттеуде ақпарат жинау мен талдаудың сандық және сапалық әдістері қолданылды. Олар -респондентпен жеке сұхбат арқылы сауалнаманы пайдалана отырып, жаппай сауалнама жүргізу, сол сияқты сарапшылық сұхбат әдістері.

Ақпарат жинаудың негізгі әдісі ретінде «face-to-face», 14 пен 35 жас арасындағы жастар арасында жаппай сауалнама өткізу қолданылды. Бұл әдіс жастар арасындағы жағдай мен қалыптасқан ахуалға қатысты мейлінше объективті ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Жаппай сауалнама зерттеуіне іріктеу негізінде алынған және жиынтығында әлеуметтік топ құрылымын білдіретін респонденттердің барынша көп қатысуы күтілуде. Жаппай сауалнама нәтижелері негізінде белгілі бір дәлдік дәрежесімен жаппай тәртіп пен мінез туралы болжам жасалады. Жаппай сауалнама қызметінің басты мәні – адамдар пікірі мен әлеуметтік құбылыстарға берілетін баға, қоғамдық, топтық және жеке сана феномені мен ахуалы туралы ақпарат алу.

Іріктелгендер көлемі жиынтығында 2000 респонденттерді құрады. Әлеуметтік зерттеу аумағы Қазақстанның барлық аймақтарын – республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларын, 17 облыс орталығын және ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде стратифицияланған көп сатылы квоталы іріктеу қолданылды. Алдымен қалалар мен облыстардағы тұрғындар санына қарай ел аймақтары бойынша іріктеу көлемдері анықталды. Содан кейін әр аймақ бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі, сол сияқты гендерлік кесім бойынша іріктеу көлемі шығарылды.

### ***Зерттеу бойынша іріктеу жиынтығының есебі, адам***

<b>Аймақ</b>	<b>Барлығы</b>	<b>Қала</b>	<b>Ауыл</b>	<b>Ерлер</b>	<b>Әйелдер</b>
<b>Қазақстан Республикасы</b>	2 000	1235	765	1015	985
Абай	55	34	21	28	27
Ақмола	76	43	33	36	40
Ақтөбе	94	70	24	48	46
Алматы	149	24	125	76	73
Атырау	72	39	33	37	35
Батыс Қазақстан	67	38	29	34	33
Жамбыл	123	51	72	63	60
Жетісу	67	29	38	35	32
Қарағанды	111	89	22	57	54
Қостанай	80	48	32	42	38
Қызылорда	85	39	46	44	41
Маңғыстау	79	34	45	40	39
Павлодар	70	49	21	36	34
Солтүстік Қазақстан	49	24	25	25	24
Түркістан	222	50	172	119	103
Ұлытау	22	17	5	12	10
Шығыс Қазақстан	64	42	22	33	31
Астана қ.	151	151	0	74	77
Алматы қ.	233	233	0	112	121
Шымкент қ.	131	131	0	64	67



### **Сауалнама (инструментарий) құрылымы**

Бастапқы ақпарат жинау үшін, белгілі ережелер бойынша өзара байланысты сұрақтардан құралған, құрастырылған әлеуметтік зерттеу сауалнамасы, яғни тираждалған құжат қолданылды. Әлеуметтік сауалнаманың белгісі мен сапасы, оның көлемі, құрылымы, сұрақтарды құрау спецификасы өзара тығыз байланысты және осы құралды пайдалану көзделген сауал типімен және зерттеу нысанының ерекшелігімен анықталады. Сауал 2 тілде, респонденттер таңдауына қарай қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Зерттеудің далалық кезеңі ақпаратын жинауды аймақтық супервайзерлер жетекшілігімен дайындалған интервьюерлер жүзеге асырды.

### **Ақпаратты өңдеу әдістемесі**

Зерттеудің далалық кезеңі қорытындылары бойынша интервьюерлер жұмысына бақылау жүргізілді (сауалнама толтыру сауаттылығын тексеру -100% және телефонмен алаңды бақылау - 30%). Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сонымен бірге бір өлшемдік, екі өлшемдік кестелерді шығару, кластерлік және корреляциялық талдаулар лицензиялық SPSS компьютерлік бағдарлама (орыс тіліндегі) көмегімен жүргізіледі.

### **Ақпаратты талдау әдістері**

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) деректердің бір өлшемді талдауы;
- 2) деректердің екі өлшемді талдауы;
- 3) корреляциялық талдау.

### **Әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыру кезеңдері**

1 кезең. Әлеуметтік сауалнама дайындау.

Бағдарлама әзірлеу, оған кіретіндер:

- проблемалық ахуалды анықтау;
- осы тақырып бойынша әдебиеттерді шолу;
- мақсаттар мен міндеттер қою;
- іріктеу жиынтығын жобалау.

Тәжірибелік (эмпириялық) ақпарат жинау үшін сауалнама (инструментарий)

дайындау:

- сауалнаманы аудару;

- сауалнама пилотировкасы

2 кезең. Тәжірибелік (эмпириялық) материал жинау.

Сауалнама ұйымдастыру:

- интервьюерлерді іріктеу, дайындау, нұсқаухат беру;
- сауал аумақтарын (участок) бөлу;
- сауал бірліктерін іріктеу;
- сауал өткізу мен сауалнама толтыру бойынша нұсқаулықтар мен

сауалнамаларды тарату;

- сұхбаттар өткізу.

3 кезең. Әлеуметтік деректерді өңдеу мен интерпретациялау (түсініктер беру):

- статистикалық деректерді өңдеу мен талдау үшін бағдарламада макет

дайындау (SPSS);

- сауалнаманы кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);

- сауалнамалық деректерді енгізу;

- алаңды бақылау;

- сызықтық (линиядағы) есептер мен әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша есептерді өңдеу мен шығару;

- статистикалық талдаудың басқа да түрлерін қолдану.

4 кезең. Алынған деректерді талдау.

Бастапқы талдауды жүргізу:

- сауал нәтижесінде анықталған байланыстылықты тіркеу;

- кестелерді шығару;

- диаграммалар құрастыру.

Деректерді қайта талдау:

- салыстырмалы талдау;

- қосымша ақпараттарды тарту;

- жаңа ұсынымдар мен жорамалдар ұсыну;

- зерттеудің қорытынды есебін дайындау.

## 2 бөлім. ЖАСТАРДЫҢ ЖАППАЙ САУАЛНАМАСЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

### 1. БІЛІМ БЕРУ

#### 1.1. Мамандық таңдауға ықпал ететін факторлар

Болашақ мамандықтарын таңдау кезіндегі жастар мотивациясын қарастыру бұл зерттеудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Мамандық таңдауға ықпалын тигізетін факторларды түсіну өз кәсіби жолын таңдау процесінде жастарға көмектесудің мейлінше пайдалы амалын дайындауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты респонденттерге «Оқу орнына түсу кезінде мамандық таңдауда Сізге барынша әсер еткен, ықпалын тигізген факторларды атаңыз» деген сауал қойылған болатын (№1 диаграмма).

Алынған деректер бойынша оқу орнына түсу кезінде мамандық таңдауға бірінші кезекте еңбек нарығындағы таңдалған мамандық бойынша еңбекақы (56,7%), жұмысқа орналасу мүмкіндігі (44,9%), және кәсіптің, мамандықтың беделдігі (37%) сияқты факторлар ықпал етеді екен. Жалпы алғанда абитуриенттер мамандық таңдауда тегін оқу (34,7%), конкурстың төмендігі (16,2%) және алатын кәсіп бойынша артықшылықтардың болуы (13,2%) сияқты мүмкіндіктерді қарайды. Сұралғандардың тек 22%-ы ғана мамандыққа жеке өз қызығушылығы барын жеткізді.

**№1 диаграмма. «Оқу орнына түсу кезінде мамандық таңдауда Сізге барынша әсер еткен, ықпалын тигізген факторларды атаңыз» сауалы бойынша жауаптардың бөлінуі**



Деректер талдауы оқуға мамандық таңдауда қала мен ауыл жастары басшылыққа алатын дәлелдемелердің бірдей екендігін көрсетті. 5-топ факторлар екі топ жастары үшін де ортақ. Айтсақ, «таңдалған мамандық бойынша еңбекақыны» қалалық жерлерде таңдағандар 56% болса, ауылдық жерлерде 57,8% болды. Тұрған орындары типі бойынша бұл фактор екі топ жастары үшін де негізі болып табылады.

«Жұмысқа орналасу мүмкіндігі» қала жастарының 43,9%-ына, ауыл жастарының 46,4%-ына маңызды. Болашақ мамандықтың беделділігіне қала жастарының 37,4%-ы, ауыл жастарының 36,3%-ы көңіл аударып отыр. Тегін оқу мүмкіндігін қалада 34,8%, ауылда 34,3% жастар көрсетті. Бұл жерде «ынта-ниет, мамандыққа деген өз қызығушылығым» факторына қалаға қарағанда ауыл жастары баса наударып отыр, қала жастарында - 21,4% болса, ауыл жастары көрсеткіші - 23%.

Ауыл жастары сол сияқты оқуға түсу мүмкіндігі үшін төмен конкурс болуы факторын жоғары деңгейде бағалап отыр, қала бойынша - 15,3% болса, ауыл бойынша ол - 17,5%.

Ерлер мен әйелдер бағдарының ұқсас болуы да атап өтерлік жайт, көрсеткіштер айырмашылығы болмаша ғана. Дегенмен, әйелдерге қарағанда ерлер жұмысқа орналасу мүмкіндігі факторына көбірек көңіл бөледі (47,1%-ға қарсы 42,5%). Ал әйелдер болса, мамандық таңдауда өз мүддесі мен ниетіне жиі көңіл бөледі (19,3%-ға қарсы 24,7%) (№1 кесте).

**№1 кесте. «Оқу орнына түсу кезінде мамандық таңдауда Сізге барынша әсер еткен, ықпалын тигізген факторларды атаңыз» сауалына елді мекен типі мен гендер бойынша жауаптардың бөлінуі, %**

	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер
Таңдалған мамандық бойынша еңбекақы	56,0	57,8	56,3	57,1
Мамандық мәртебесі, беделі (имидж)	37,4	36,3	36,5	37,5
Жұмысқа орналасу мүмкіндігі	43,9	46,4	47,1	42,5
Конкурстың төмен деңгейі (түсу жеңіл болды)	15,3	17,5	15,0	17,3
Мамандық жарнамасы	12,3	11,6	13,7	10,4
Тегін оқу мүмкіндігі (соның ішінде мемлекет, ұйымдар т.б. есебінен)	34,8	34,3	35,1	34,1
Кәсіптің артықшылықтары (жеңілдіктер, ұзартылған демалыс т.б.)	13,2	13	12,7	13,6
Отбасылық дәстүрді жалғастыру	5,6	4,7	5,1	5,4
Шетелде жұмыс істеу мүмкіндігі	9,4	7,4	9,4	7,8
Ынта-ниет, мамандыққа деген өз қызығушылығым	21,4	23	19,3	24,7
Ниет/ата-ана кеңесі	9,0	10,8	9,9	9,5
Мен үшін таңдау жасалып қойды (маған бәрібір болды)	0,9	1,1	1,4	0,5
Мектепте жүргізілген кәсіптік бағдар беру жұмысы	1,2	0,8	0,8	1,3

Этникалық топтар тұрғысынан оқуға түсу кезіндегі мамандық таңдаудың негізгі факторы респонденттердің этникалық белгісіне қарамастан, жалпы картинаны береді. Солай болса да қазақтар мен басқа этникалық топтар арасында жұмысқа орналасу мүмкіндігіне назар аударушылар үлесі көбірек. Орыстар арасында бұл факторды таңдағандар - 41,7%, өзге этностарда 46,8%. Қазақтар арасында бұл факторға назар аударған респонденттер - 45,5%. Бұл арада қазақтар арасында шетелде жұмыс істеу мүмкіндігін таңдағандар үлесі жоғары - 9,2% (салыстыру үшін:

орыстар арасында – 6,4%, өзге ұлт өкілдері арасында – 8,9%). Бұдан өзге, басқа этнос топтар үшін ниет/ата-ана кеңесі маңызды - 13,3% (салыстыру үшін: орыстар арасында – 7,8%, қазақтар арасында – 9,8%) (№2 кесте).

**№2 кесте. «Оқу орнына түсу кезінде мамандық таңдауда Сізге барынша әсер еткен, ықпалын тигізген факторларды атаңыз» сауалына этникалық тегі бойынша жауаптардың бөлінуі, %**

	Қазақтар	Орыстар	Басқалар
Таңдалған мамандық бойынша еңбекақы	56,8	55,2	59,1
Мамандық мәртебесі, беделі (имидж)	36,8	37,5	37,4
Жұмысқа орналасу мүмкіндігі	45,5	41,7	46,8
Конкурстың төмен деңгейі (түсу жеңіл болды)	15,2	17,9	11,8
Мамандық жарнамасы	12,1	12,0	11,8
Тегін оқу мүмкіндігі (соның ішінде мемлекет, ұйымдар т.б. есебінен)	33,4	38,0	36,0
Кәсіптің артықшылықтары (жеңілдіктер, ұзартылған демалыс т.б.)	12,4	14,6	15,3
Отбасылық дәстүрді жалғастыру	5,2	6,4	3,0
Шетелде жұмыс істеу мүмкіндігі	9,2	6,4	8,9
Ынта-ниет, мамандыққа деген өз қызығушылығым	22,8	21,2	18,2
Ниет/ата-ана кеңесі	9,8	7,8	13,2
Мен үшін таңдау жасалып қойды (маған бәрібір болды)	0,9	0,5	2,5
Мектепте жүргізілген кәсіптік бағдар беру жұмысы	0,8	1,7	1,5

Болашақ мамандық таңдауға әлеуметтік-мәдени факторлардың күшті ықпалы барын ескеріп, аймақтар бойынша деректерге көңіл бөлген жөн (№3 кесте).

Мысалы, еңбекақыны негізі фактор ретінде таңдағандар 47,1%-дан 70,9%-ға дейін. Мейлінше жоғары көрсеткіш анықталған аймақтар:

1. Абай облысы - 70,9%;
2. Қостанай облысы - 67,1%;
3. Солтүстік Қазақстан облысы - 66,7%;
4. Маңғыстау облысы - 62,5%;
5. Алматы қ. - 60,7%.

Оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу ниетін барынша өткір білдірген аймақтар, жұмысқа орналасу мүмкіндігін таңдағандар ішінен мейлінше жоғары көрсеткіштер:

1. Абай облысы - 58,2%;
2. Шығыс Қазақстан облысы - 55,6%;
3. Ұлытау облысы - 54,5%;
4. Атырау облысы - 50%;
5. Қостанай облысы - 49,4%.

Мамандық, кәсіп беделіне төмендегі аймақ жастары көбірек көңіл бөледі. Олар:

1. Абай облысы - 50,9%;
2. Шымкент қ. - 43,9%;
3. Алматы облысы - 40,5%;
4. Жамбыл облысы - 39,8%;
5. Түркістан облысы - 39,8%.

Ынта-ниет пен мамандыққа деген өз қызығушылығын білдіргендер 12,7 %-дан 30,4%-ға дейін, негізінен келесі аймақтарда:

1. Қостанай облысы - 30,4%;
2. Қызылорда облысы - 25,9%;

3. Алматы облысы - 25,7%;
4. Астана қ. - 24,7%;
5. Павлодар облысы - 24,3%.

Тегін оқу маңыздылығы жастардың 27%-45,5%-ы атады. Негізгі фактор ретінде оны келесі аймақтар респонденттері көрсетті:

1. Абай облысы - 45,5%;
2. Астана қ. - 42%;
3. Ұлытау облысы - 40,9%;
4. Маңғыстау облысы - 38,8%;
5. Шығыс Қазақстан облысы - 38,1%.

Конкурстың төмен болуын, яғни оқуға түсу жеңілдігін көрсеткендер - 13,2%-дан 22,9%-ға дейін болды. Мейлінше жоғары көрсеткіштер келесі аймақтарда тіркелді:

1. Солтүстік Қазақстан облысы - 22,9%;
2. Жетісу облысы - 20,9%;
3. Ақтөбе облысы - 20,2%;
4. Павлодар облысы - 20%;
5. Ұлытау облысы - 18,2%.

Ел үшін ауыр сұрақтардың бірі – ақыл-ой қорының азаюы. Солай болса да, шетелде жұмыс істеу мүмкіндігін бағыт ретінде көрсеткен респонденттер 4,5%-дан 12,9%-ға дейін болды. Аймақтар бойынша:

1. Қызылорда облысы - 12,9%;
2. Астана қ. - 11,3%;
3. Батыс-Қазақстан облысы - 10,4%;
4. Қостанай облысы - 10,1%;
5. Жамбыл облысы - 9,8%.

**№3 кесте. «Оқу орнына түсу кезінде мамандық таңдауда Сізге барынша әсер еткен, ықпалын тигізген факторларды атаңыз» сауалына аймақтар бойынша жауаптардың бөлінуі, %**

Аймақ	Таңдалған мамандық бойынша еңбекақы	Мамандық мәртебесі, беделі (имидж)	Жұмысқа орналасу мүмкіндігі	Конкурстың төмен деңгейі (түсу жеңіл болды)	Мамандық жарнамасы	Тегін оқу мүмкіндігі	Кәсіптің артықшылықтары	Отбасылық дәстүрді жалғастыру	Шетелде жұмыс істеу мүмкіндігі	Ынта-ниет, мамандыққа деген өз қызығушылығым
Абай облысы	70,9	50,9	58,2	16,4	9,1	45,5	16,4	1,8	9,1	16,4
Ақмола облысы	52,0	33,3	48,0	17,3	10,7	36,0	13,3	5,3	9,3	14,7
Ақтөбе облысы	58,5	36,2	44,7	20,2	13,8	27,7	17,0	5,3	8,5	21,3
Алматы облысы	58,8	40,5	41,9	14,9	12,8	27,0	11,5	6,1	7,4	25,7
Атырау облысы	56,9	37,5	50,0	13,9	9,7	34,7	12,5	11,1	8,3	19,4
Батыс Қазақстан облысы	52,2	26,9	44,8	13,4	10,4	34,3	22,4	1,5	10,4	23,9
Жамбыл облысы	56,1	39,8	40,7	14,6	14,6	28,5	15,4	4,9	9,8	20,3
Жетісу облысы	53,7	32,8	47,8	20,9	9,0	37,3	11,9	4,5	4,5	23,9
Қарағанды облысы	51,8	36,4	49,1	13,6	8,2	36,4	10,9	8,2	9,1	20,9
Қостанай облысы	67,1	30,4	49,4	16,5	7,6	35,4	10,1	7,6	10,1	30,4
Қызылорда облысы	47,1	37,6	47,1	14,1	20,0	34,1	10,6	0	12,9	25,9
Маңғыстау облысы	62,5	35,0	47,5	17,5	12,5	38,8	8,8	2,5	7,5	22,5
Павлодар облысы	47,1	32,9	48,6	20,0	14,3	28,6	21,4	8,6	5,7	24,3
Солтүстік Қазақстан облысы	66,7	35,4	35,4	22,9	20,8	37,5	8,3	8,3	6,3	16,7
Түркістан облысы	58,4	39,8	41,2	16,4	11,5	35,0	13,3	7,1	8,4	21,7
Ұлытау облысы	59,1	31,8	54,5	18,2	9,1	40,9	13,6	4,5	9,1	13,6
Шығыс Қазақстан облысы	57,1	27,0	55,6	17,5	11,1	38,1	7,9	1,6	6,3	12,7
Астана қ.	49,3	34,0	39,3	18,0	12,0	42,0	17,3	5,3	11,3	24,7
Алматы қ.	60,7	38,5	44,0	13,2	11,1	34,2	11,5	3,0	7,7	23,1
Шымкент қ.	53,8	43,9	40,2	15,2	12,9	34,8	10,6	6,1	8,3	21,2


Осылайша, мамандық таңдауда жастар бірнеше факторларға сүйенеді, олардың ішінде сұранысқа ие болуға, материалдық жағынан қамтамасыз етілген болуға ұмтылу, сонымен бірге «беделді» кәсіпке ие болу ниеті бар. Осы жағдайда, жеке мүдделер мен басымдықтар жағынан алғанда мамандық таңдау екінші орында қалады. Жастар арасында сұранысы төмен мамандықтарды таңдау жолы арқылы мемлекеттік грант алуға ұмтылудың да рөлі едәуір. Бұл мамандықтар бойынша конкурс төмен болуы ықтимал және бұл жастардың өзін-өзі көрсетуі мен мамандық бойынша еңбек қызметі мүмкіндігіне айтарлықтай ықпалын тигізуі мүмкін.

## 1.2. Жұмысқа тұру мүмкіндіктері: тартымды қызмет салалары

Сұралған жастардың көпшілігі оқу орнын бітіргеннен кейін өзін жұмыспен қамтамасыз ету тұрғысынан таңдаған мамандықтарының дұрыс болғанына сенімді. «Қалай ойлайсыз, Сіз таңдаған мамандық бойынша бүгінгі күні жұмысқа орналасу мүмкін бе?» сұрағына сұралғандардың 72,3%-ы жеңіл және мүмкін деп жауап берді (№2 диаграмма).

«Байланыстар» мүмкіндігіне сенетіндер үлесі де едәуір жоғары. Әрбір бесінші жас мамандық бойынша жұмысқа орналасу «таныстар бойынша мүмкін» (15,7%) деп есептейді, Ал сұралғандардың 7,8%-ы мамандық бойынша жұмысқа орналасу қиындықтары себебі еңбек нарығындағы мамандыққа сұраныстың болмауы деп санайды.

**№2 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, Сіз таңдаған мамандық бойынша бүгінгі күні жұмысқа орналасу мүмкін бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Қала және ауыл жастарының осы сауал бойынша жауаптарының ұқсас келуіне назар аударамыз. «Иә, жеңіл» жауабын қалада көрсеткендер - 20,3% болса, ауыл бойынша 16,7% болды. Ал, «мүмкін» жауабы бойынша тиісінше 51,5% және 56,2%. «Таныс арқылы орналасу мүмкіндігі бар» жауабын көрсеткен қалалықтар - 16,4%, ауыл жастары - 14,5%.

Жас топтары бойынша деректер барлық топ бойынша көпшілігінің жеке өздері күш салу арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін салыстырмалы тұрғыдан жоғары бағалайтынын көрсетеді. Солай болса да 14-18 жас респонденттері арасында оптимизм төмендеу. Бұл арада таныстық арқылы жұмысқа орналасу мүмкін деп санайтындар жас жоғарылаған сайын өсе түсуде. Атап айтсақ, «таныс арқылы орналасу мүмкіндігі бар» жауабын 14-18 жас тобының 14,3%-ы, 19-23 жас тобының 15,6%-ы, 24-28 жас тобының 14,7%-ы, 29-34 жас тобының 19,1%-ы таңдады.

Аймақтар тұрғысынан «таныс арқылы орналасу мүмкіндігі бар» жауабын таңдағандар көрсеткіші - 9,1%-дан 20%-ға дейін. Мейлінше жоғары көрсеткіштер Астана қаласында (20%), Батыс Қазақстан (19,4%) мен Қостанай (19%) облыстарында байқалады.


Таңдалған мамандық бойынша жұмысқа орналасу жеңіл деп санайтындар Жетісу облысында (23,9%) байқалды. Ал мамандық еңбек нарығында сұранысқа ие емес деп санайтындардың ең жоғары пайызы Алматы қаласында (12%) байқалды.



Қазіргі қазақстандық жастар үшін ең алдымен, өндіріс, көлік, байланыс, ауыл шаруашылығы және қоғамдық тамақтану салалары барынша тартымды болып отыр. Бұл салалар «Сіз қай салада жұмыс істегіңіз келеді?» сауалына жауап барысында жиі аталды. №3 диаграммада бұл сұраққа берілген 10-топ жауап берілген.

Келесі салалар керісінше барынша аз аталды (диаграммада берілмеген): заңгерлік (1,6%), бизнес (4,2%), үкіметтік емес ұйымдар (4,5%), құқық қорғау органдары (5%), мемлекеттік қызмет (5,3%), ғылыми қызмет (6,4%).

**№3 диаграмма. «Сіз қай салада жұмыс істегіңіз келеді?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Деректер қала мен ауыл жастары басымдықтары арасында кейбір айырмашылықтар барын көрсетті. Қала жастары жұмыс істегісі келетін салалар бестігі төмендегідей құралды: өндіріс (24,2%), көлік саласы (16,7%) және қоғамдық тамақтану (16,4%). Кәсіпкерлік (4,1%) пен құқық, заңгерлік (1,6%) салаларына қызығушылық салыстырмалы тұрғыдан төмендеу.

Сауалға қатысқан ауыл жастары арасында келесі салалар бойынша қызығушылықтың жоғары деңгейі байқалды. Олар: өндіріс (23,1%), көлік саласы (18,6%) және байланыс (18,5%). Кәсіпкерлік пен бизнес (4,3%) пен құқық, заңгерлік (1,6%) салаларына қызығушылық ауыл жастарында да төмендеу.

Сонымен бірге қалада құрылыс, сауда, денсаулық сақтау салаларына, сонымен бірге жаңа технология мен мәдениетке едәуір қызығушылық байқалады. Ауыл жастарында да білім саласына, дене шынықтыру мен спортқа қызығушылық бар.

Сол сияқты жас топтарына қарай жауаптардың бөлінуін атап өткен жөн. Жалпы алғанда топтар арасында үлкен ерекшеліктер жоқ. Солай болғанда да барлық топтарда алғашқы бестіктен орын алғандар:

1. Өндіріс;
2. Көлік саласы;
3. Қоғамдық тамақтану;
4. Ауыл шаруашылығы;
5. Байланыс саласы.

24-28 жас тобында бесінші позицияны құрылыс саласы алып тұр. Бұл нұсқаны таңдағандар - 14,8%, ал 19-23 жас тобында - 13%, 14-18 жас тобында - 11,3% болса, 29-34 жас тобында - 12,5% (№4 кесте).

**№4 кесте. Жас топтары бойынша «Сіз қай салада жұмыс істегіңіз келеді?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Өндіріс	22,0	25,2	22,7	24,9
Көлік саласы	18,8	18,0	15,0	19,5
Қоғамдық тамақтану	18,2	16,9	14,1	13,7
Ауыл шаруашылығы	16,5	16,4	16,1	17,3
Байланыс	15,0	16,4	15,9	19,8
Сауда	12,1	10,5	10,9	9,3
Құрылыс	11,3	13,0	14,8	12,5
Білім	9,8	9,2	9,6	8,6
Тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету	9,5	10,2	9,6	8,9
Денсаулық саласы	9,5	10,6	11,9	8,9

Сонымен қатар, жасқа қарай саудаға қызығу төмендей түсуде, 12,1%-дан (14-18 жас арасындағыларда) 9,3%-ға дейін (29-34 жас арасындағыларда). Денсаулық сақтау саласына қызығушылық та түрлі жас топтарында 9,5%-дан 11,9%-дейін кейбір өзгерістер көрсетті.

Жастардың көпшілігі тұрақты жұмыс орны болуына басымдық береді, бұны 56,7%-ы атап көрсетті. Әрбір он бірінші сұралған жас фрилансты таңдады (10,2%). Респонденттердің одан азғана көп бөлігі (15%) қашықтан жұмыс істеуге басымдық берді. Одан басқа, сұралғандардың 4,1%-ы 4 күндік жұмыс аптасында, 2,5%-ы икемді жұмыс кестесінде жұмысты қалап отыр (№4 диаграмма).

**№4 диаграмма. «Сіз қызметтің қай түріне басымдық бересіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Сауал нәтижелері көрсеткендей, тұрақты жұмыс орнының болуы қала мен ауыл жастарының көпшілігі үшін тартымды болып отыр, тиісінше 51,5% және 65,3%.

Бұл арада сұралғандар арасында тұрақты жұмысқа басымдық берген ауыл жастары пайызы қалаға қарағанда жоғары. Бұл ауылдық аймақ тұрғындары үшін тұрақты жұмыспен қамтылудың үлкен мән-маңыздылығын көрсетуі ықтимал.

Фриланс пен қашықтан жұмысты қалалықтар жиі таңдайды, дегенмен ауыл жастары арасында да жұмыспен қамтылудың осы түрін жақтайтындар бар. Фрилансер ретінде жұмыс істеуді таңдағандар қалалықтар арасында 16,4% болса, сауалға қатысқан ауыл жастарында ондай жауап болған жоқ. Қала жастары (14,4%) мен ауыл жастары (15,9%) арасында қашықтан жұмыс істеуді қалаушылар үлесі шамамен бірдей.

Сонымен бірге, қала жастарына қарағанда ауыл жастарында 4 күндік жұмыс аптасы мен икемді жұмыс кестесі сияқты жұмыстың жаңа формаларына қызығушылық басымдау. 4 күндік жұмыс аптасын таңдағандар арасында қала жастарына (3,3%) қарағанда ауыл жастарының үлесі (5,3%) жоғары. Икемді жұмыс кестесін таңдаған сауалға қатысушылар арасында ауылдық жер жастары 3,3% болса, қалалықтар 2% болды.


Осылайша, ауыл тұрғындары тұрақты да үздіксіз жұмысқа басымдық берсе, қала тұрғындарының фриланс пен жұмыстың икемді кестесіне қызығушылығы басым. Тұрақты жұмыс барлық жас топтарында ең танымал болып табылады (51,4%), фриланс 24-28 жас (12,0%) пен 19-23 жас аралығындағы (10,3%) жас топтарында танымал. Қашықтан жұмыс барлық жас топтарында танымал.

### 1.3. Еңбек қызметі үшін маңызды факторлар

Қазақстандық жастар үшін еңбек өмір сүру үшін өзін материалдық қаражатпен қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады. Сұралғандардың 40,2%-ы жұмыс арқылы жеке қажеттіліктер үшін қаржының болуы мүмкіндігін атаса, 42,1%-ы жұмыс өмір сүру үшін қаражатпен қамтамасыз етілу қажеттілігі деп көрсетті. Сұралғандардың 28,6%-ы жұмысты өз отбасын қамтамасыз ету және жақындарға қаржылық қолдау көрсету үшін қажеттілік ретінде көреді, ал 27,9%-ы жұмысты өзін-өзі жүзеге асыру, өз мақсаттары мен жоспарына жету құралы деп санайды. Әрбір бесінші сұралған жұмыстан нетворкинг, яғни болашақта қажет болуы ықтимал байланыс, қатынастар орнату мүмкіндігін көреді. Сұралғандардың 18,2%-ы жұмысты әріптестермен, клиенттермен, серіктестермен араласу, пікір алмасу мүмкіндігі деп санайды (№5 диаграмма).

Бұл арада жұмысты қабылдауда қала мен ауыл жастары арасында кейбір айырмашылықтар бары байқалады, дегенмен жалпы алғанда түрлі аспектілерде жұмыстың маңызы туралы олардың ұғым-түсініктері ұқсас. Сөйтіп, материалдық мәселелерді шешу ниеті қала жастарына да, ауыл жастарына да тән. Солай болса да ауыл жастары (43,3%) өздерінің өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етумен байланысты бұл мәселеге қалалықтарға қарағанда (41,3%) көбірек көңіл бөлуде.

**№5 диаграмма. «Сіз үшін жұмыстың мәні не?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Гендерлік тұрғыдан жұмысты материалдық керектерді қамтамасыз ету қажеттілігі деп есептейтін жас ер адамдар басымырақ. Осылай, 43,4% жас ер адамдар мен 40,7% жас әйелдер жұмысты жеке қажеттіліктер үшін ақшаның болу мүмкіндігімен байланыстырады.

Барлық жас топтарындағы респонденттердің көпшілігі үшін жұмыс істеудің басты себебі - өзін өмір сүру қажеттіліктерімен қамтамасыз ету керектігі. Бұл 19-23 жас тобы (42,4%) мен 24-28 жас тобында (43,8%) барынша анық байқалады. Жеке керектер үшін қаржының болу мүмкіндігі де барлық жас топтары үшін маңызды фактор. Оны көрсететін пайыздар барлық жас топтары үшін шамамен бірдей, 34,5%-дан 42,3%-ға дейін.

Жұмысты болашақта қажет болуы ықтимал байланыс, қатынастар орнату құралы ретінде қарау барлық жас топтары үшін негізгі емес, бұл аспектіні көрсеткендер 20%-дан 25,6%-ға дейін.

Сауал деректері көрсеткендей, жұмыс орнын таңдау кезінде жастар негізінен материалдық құндылықтарға бағыт ұстанады. Әрбір екінші жас үшін әлеуметтік пакет - жалақы көлемі, жеңілдіктердің болуы маңызды (45,3%). 40,8%-ы үшін кәсіби өсу перспективасы маңызды, 27,3%-ы сенімділік пен тұрақтылықты бағалайды.

Жұмыс таңдауда жастар материалдық жағымен салыстырғанда мекеменің орналасқан орнына назарды азырақ аударады, өзін-өзі жеткізу, ашу мүмкіндігі мен нетворинг - бұл факторлар маңыздылығы жағынан тізімнің соңында (№6 диаграмма).

Қала мен ауыл жастарында жұмысқа қатысты түсініктер бірдей, тек акценттерге қатысты кейбір айырмашылықтар бар. Екі топқа да жалақы деңгейі мен жеңілдіктер, сол сияқты кәсіби өсу мүмкіндігі маңызды. Айтсақ,

- жалақы деңгейі мен жеңілдіктерді қалалықтардың 43,5%-ы, ауыл жастарының 43,2%-ы атады;
- кәсіби өсу мүмкіндігін қалалықтардың 40,4%-ы, ауыл жастарының 37%-ы көрсетті.

Бұл жерде ауыл жастары арасында әлеуметтік-психологиялық климат (20%) пен тұрақтылық, сенімділікке қол жеткізуге қарай (28,2%) үлкен басымдық беру байқалады. Болашақта қажет болуы ықтимал байланыс, қатынастар орнату мүмкіндігіне қатысты қала мен ауыл жастарының көзқарастары шамалас, олардың үлесі тиісінше 11,7% және 12,5%. Компания беделі, икемді жұмыс кестесі, ұйымның қызмет саласы мен орналасқан орны сияқты факторлардың маңыздылығы сауалға қатысушылар үшін жоғары болған жоқ. Бұл факторлардың елді мекен типіне байланысты көрсеткіштері 6,4%-дан 14,4%-ға дейін болды.

**№6 диаграмма. «Жұмыс орнын таңдау барысындағы Сіз үшін мейлінше маңызды факторларды көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Сонымен бірге жұмыс орнын таңдаудағы басымдықтар жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отыруы мүмкін. Мысалы, орта жас тобы (19-23 пен 24-28 жас) жастарының кәсіби өсу мүмкіндігіне қызығушылықтары жоғары деңгейде (тиісінше, 42,4% және 40,8%), бұл олардың белсенді мансаптық және кәсіби бағытталғандығымен байланысты болуы мүмкін.

Жалақы деңгейі мен жеңілдіктер де барлық жас топтары үшін маңызды болып табылады. Бұл аспектіге басымдық беру жасына қарай өсіп отырады, 14-18 жаста 34,9%-дан 24-28 жаста 46,0%-ға дейін. Бұл ересек болған сайын қаржылық қажеттіліктер мен жауапкершіліктің өсе түсуімен байланысты болар. Тиісінше, кіші жас топтардың кәсіби өсуге бағытталу деңгейі төмендеу болса, сонымен бірге ересек топтарда жастар тұрақтылық пен жалақы деңгейін көбірек бағалай бастайды.

«Сіздің ойыңызша, маманда қандай біліктілік дағдылары болу керек?» деген сауалнама сұрағына респонденттердің жартысынан астамы «өз кәсіби қызметінің нәтижесі үшін өзіне жауапкершілік ала білу қабілетін» атады (№7 диаграмма). Бұл факторға жастардың 48,9%-ы көңіл аударды.

Сауалға қатысушылардың 40,3%-ы үшін жұмыстың практикалық дағдыларын білу маңызды, бұл фактор маңыздылығы жағынан екінші орында. Үшінші орында - жұмысқа қабілеттілік пен жоғары еңбек тәртібі (33,4%).

Сонымен қатар, сауалға қатысушылардың шамамен үштен біріне дербес шешім қабылдай білу қабілеті мен адамдармен араласа білуі, қарым-қатынас психологиясын білу сияқты қасиеттер маңызды. Ал теоретикалық білім болуы, шет тілдерді білу мен мансабының (карьер) бастапқы кезеңінде төмен жалақы алуға дайын болудың маңыздылық деңгейі төмендеу бағаланды.

**№7 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, маманда қандай біліктілік дағдылары болу керек?» деген сауал жауаптарының бөлінуі**



Түрлі топтар тұрғысынан алынған деректер талдауы жастардың көпшілігі тұрған орнына, жасына және жынысына қарамастан, бұл көзқарастарды бөлісетінін, қолдайтынын көрсетті. Аймақтар тұрғысынан 3 топ – жауаптарды көрсетейік. «Өз кәсіби қызметінің нәтижесі үшін өзіне жауапкершілік ала білу қабілеті» жауап нұсқасы бойынша ең жоғары көрсеткіштер тіркелген аймақтар:

1. Абай облысы - 61,8%;
2. Ақмола облысы - 56%;
3. Шығыс Қазақстан облысы - 55,6%;
4. Қарағанды облысы - 55%;
5. Атырау облысы - 54,2%.

«Жұмыстың практикалық дағдыларын білу» жауабын таңдау бойынша мейлінше жоғары көрсеткіш байқалған аймақтар:

1. Шымкент қ. - 46,2%;

2. Түркістан облысы - 45,6%;
3. Ақтөбе облысы - 44,7%;
4. Қызылорда облысы - 43,5%;
5. Қостанай облысы - 41,8%.

«Жұмысқа қабілеттілік пен жоғары еңбек тәртібі» жауап нұсқасын негізінен келесі аймақтарда таңдады:

1. Ұлытау облысы - 54,5%;
2. Қызылорда облысы - 42,4%;
3. Жетісу облысы - 41,8%;
4. Алматы қ. - 40,2%;
5. Шымкент қ. - 37,1%.

Жастар түсінігінде жұмыс тәжірибесі мен өтілінің (стаж) болмауы (51,1%) жас маманның жұмысқа орналасуына басты кедергі болуы мүмкін. Өзге де маңызды себептер ретінде бос орынның болмауы (32,8%), білім жетіспеушілігі немесе профилді емес білім (25,7%) аталды.

**№8 диаграмма. «Сіздің ойыңызша жас маманды жұмысқа алудан бас тартуға қандай өлшем-критерилер негіз бола алады?» сауалы жауаптарының бөлінуі**



Қала жастары да (51,5%), ауыл жастары да (50,4%) жұмыс тәжірибесі мен өтіл (стаж) болмауын жұмысқа алудан бас тартуға барынша ықпал ететін фактор ретінде есептейді. Бұл жерде қалалықтар бос орын жетіспеушілігі критеріі туралы көбірек айтып отыр, ол туралы көрсеткен қала жастары – 34,7% , ауыл жастары - 29,7%. Мемлекеттік тілді білмеу де жас мамандардың жұмысқа орналасуына елеулі ықпалын тигізуде, қала жастарының 9,8%-ы, , ауыл жастарының 12,1%-ы бұл факторды атап отыр.

Жұмыс тәжірибесінің, жұмыс өтілінің болмауы Абай облысында барынша ықпалды фактор және 67,3%-ды құрайды, Қызылорда облысында - 62,4%, Ұлытау



облысында - 59,1%. «Бос орындардың болмауы» жауап нұсқасын таңдау бойынша жоғары көрсеткіштер келесі аймақтарда:

1. Солтүстік Қазақстан облысы - 52,1%;
2. Алматы қ. - 38,5%;
3. Павлодар облысы - 37,1%;
4. Қарағанды облысы - 36,4%;
5. Ақтөбе облысы - 36,2%.

«Білім жетіспеушілігі немесе профилді емес білім» жауабын таңдау бойынша жоғары көрсеткіштер тіркелген аймақтар:

1. Маңғыстау облысы - 36,3%;
2. Абай облысы - 32,7%;
3. Ақтөбе облысы - 30,9%;
4. Қызылорда облысы - 30,6%;
5. Қостанай облысы - 30,4%.

#### 1.4. Еңбек нарығы мәселелері

Жұмысқа табысты орналасу үшін жастар жеке күш-жігердің де қажеттілігін айтып отыр. «Қалай ойлайсыз, қазіргі кезде жұмысқа орналасудың нәтижелі болуы неге байланысты немесе кімге байланысты?» сауалына олардың 40,4%-ы «әр адамның өзінің кәсіби біліктілік деңгейіне» байланысты деп жауап берді. Жұмыс берушілерге байланысты екенін сұралғандардың 37,4%-ы көрсетті. Жастардың ширек бөлігіне жуығы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға және мемлекетке, үкіметке байланысты деп есептейді (тиісінше, 24,2% және 20,1%) (№9 диаграмма).

**№9 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, қазіргі кезде жұмысқа орналасудың нәтижелі болуы неге байланысты немесе кімге байланысты?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Адамның жеке байланыстары болуы жұмысқа табысты орналасуда белгілі рөл атқаратынына сұралғандардың 23,8%-ы келіседі. Сұралғандардың 11,4%-ының пікірінше, мемлекеттік тілді білу де жастардың жұмысқа орналасуына өз ықпалын тигізуі мүмкін.

Сонымен қатар, жас ерекшелігіне қарамастан, адамның өзінің кәсіби біліктілігі мен жұмыс беруші жұмысқа орналасуды табысты ететін екі негізгі фактор болып есептеледі.

Сұралғандардың 43%-ы жұмысқа орналасу мәселелерімен үнемі кездесетіндіктерін айтты, жастардың 36,2%-ы мамандық бойынша жұмысқа тұруда қиындықтар бар екенін, бірақ кәсіби дағдысыз жұмыс табуға болады десе, жастардың 6,1%-ы өздерінде жұмысқа орналасу бойынша мәселе жоқ деп отыр. Сұралғандардың 12,4%-ы қазір оқып жүргенін және жұмысқа орналасу мәселесімен әлі кездеспегендіктерін жеткізді (№10 диаграмма).

**№10 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жұмыс іздеу мен жұмысқа орналасуда ел жастары қиындықтарға ұшырап жатыр ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Түрлі жас топтарындаға жастар жұмысқа орналасуға қатысты қиындықтармен кездесіп жатады. Бұл жерде жұмысқа орналасуға қатысты үнемі қиындықтармен ұшырасатын жастар үлесі жасқа байланысты төмендейтінін атаған жөн. 14-18 жас тобы жұмысқа орналасуға қатысты үнемі қиындықтармен ұшырасатын жастардың басым бөлігін құрайды (44%). Жоғары жас топтарында (19-23, 24-28, 29-34) бұл көрсеткіш төмендейді, бірақ айтарлықтай деңгейде қалып отыр.

Сол сияқты, қала-ауыл тұрғысынан және гендерлік белгі бойынша айтарлықтай өзгешеліктер байқалмайтынын да атап өткен дұрыс. Жұмысқа орналасуға қатысты үнемі қиындықтармен ұшырасатын жастар пайызы қала мен ауыл бойынша шамалас және орташа алғанда 43%-ды құрайды. Гендерлік белгіге қарай айырмашылық та үлкен емес, 1%-дан төмен. Жұмысқа орналасуға қатысты өздерінде қиындықтар жоқ деп есептейтін жастар үлесі шамамен қала бойынша – 6,2%, ауыл бойынша – 5,9% (№5 кесте).

**№5 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, жұмыс іздеу мен жұмысқа орналасуда ел жастары қиындықтарға ұшырап жатыр ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі %**

	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Иә, жұмысқа орналасу мәселесі үнемі алдан шығады	42,6	43,7	43,3	42,7	44	43	43,2	43,2
Жастар мамандығы бойынша жұмысқа орналасуда қиындық көреді	36,6	35,4	35,3	37	34,3	37,2	35,6	35,6
Жастарда жұмысқа орналасуда проблема, қиындық жоқ	6,2	5,9	6,3	5,9	6	5,9	6,3	6,3
Мен оқып жүрмін, әзірге жұмысқа орналасу мәселесі туындаған жоқ	12,8	11,7	12,7	12,1	12,9	12	12,7	12,7
Жауап беруге қиналамын	1,8	3,3	2,4	2,3	2,9	1,9	2,2	2,2

Жастар түсінігінде жұмысқа орналасуда қолдау көрсетудің келесі бағыттары тиімді бола алады: оқу кезінде кәсіпорындарға стажировкалар (тағлымдама) мен практикаларды ұйымдастыру (46,1%), нақты жұмыс берушілер үшін шарттық негізде студенттерді мақсатты даярлау (44,4%), сонымен бірге жұмыс берушілерді шақырып, институтта бос орын жәрмеңкелерін өткізу (31,1%). (№11 диаграмма).

**№11 диаграмма. «Түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдем беруде қандай бағыттарды Сіз тиімді деп ойлайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі**




Бұл үш негізгі фактор қала және ауыл жастары үшін де өзекті болып саналады. Бұл арада осы шаралардың іске асуына қатысты қала жастарында оптимизм жоғарылау. Нақты айтқанда, оқу кезінде кәсіпорындарға стажировкалар мен практикаларды ұйымдастыруды қолдайтындар сұралған қала жастарында 47,6% болса, ауыл жастарында 43,7%; жұмыс берушілерді шақырып, институтта бос орын жәрмеңкелерін өткізу бойынша тиісінше, 30,3% және 32,4%. Нақты жұмыс берушілер үшін шарттық негізде студенттерді мақсатты даярлау да қала жастары (43,1%) мен ауыл жастары (46,5%) арасында жақсы қолдауға ие. Жұмысқа орналасу бойынша тренинг, семинар, конференциялар ұйымдастыруды таңдау пайыздық көрсеткіші екі тұрғындар пункті бойынша да төмен, қала бойынша - 13,7%, ауыл бойынша - 11%.

Оқу кезінде кәсіпорындарға стажировкалар мен практикаларды ұйымдастыру бойынша 24-28 жас (46,4%) пен 29-34 жас (50,2%) топтары жастары жоғары қолдау білдірді. Нақты жұмыс берушілер үшін шарттық негізде студенттерді мақсатты даярлау да барлық жас топтарында жоғары пайызға ие болды, ең жоғары көрсеткіштер 14-18 бен 19-23 жас топтарында (45,4%) болды.

Аймақтар тұрғысынан оқу кезінде кәсіпорындарға тағлымдамалар мен практикаларды ұйымдастыру Атырау (55,9%), Ақтөбе (51,6%) және Қарағанды облысы (51,4%) жастары арасында жақсы танымал. Нақты жұмыс берушілер үшін шарттық негізде студенттерді мақсатты даярлау жауабын жиі бергендер - Жетісу (56,5%), Абай (55,6%) және Қызылорда (51,2%) облысының жастары.

Жиынтығында сұралғандардың әрбір екіншісін лайықты жұмыс орнын табу қиындығы ойландырады, мазалайды, олардың 22,9%-ы қатты ойландырады деп жауап берді, 30,8%-ы ойландырады, мазалайды деген дұрыс болар деп жауап берді. Бұл мәселе мазаламайды дегендер жиынтығында - 29,5% (№12 диаграмма).

№12 диаграмма. «Лайықты жұмыс табу мәселесі Сізді қаншалықты ойландырады, мазалайды?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %



Лайықты жұмыс орнын табу қиындықтарына қатысты мазасыздану практикалық жағынан қалалық пен ауылдық жерлер үшін бірдей деңгейде деп айтуға болады. Гендерлік белгі бойынша да айтарлықтай өзгешеліктер байқалмайды, дегенмен мазасыздану деңгейі жиынтығында әйелдерде - 54%, ерлерде - 53,2%.

Осындай мазасыздану деңгейі жас ерекшеліктеріне қарай 24-28 жас тобы жастарында жоғары, олардың арасында респонденттердің 53,3%-ы мазасындану, қауіптену туралы айтуда. 14-18 жас тобындағы сұралғандардың 17,4%-ын бұл мәселе онша мазасыздандырмайды деуге болады. Қалған жас топтарында бұл көрсеткіш 13,6%-дан 18,4%-ға дейін.

Егер деректерді сауалға қатысушылардың білім деңгейіне қарай қарайтын болсақ, «өте мазасыздандырады» және «мазасыздандырады деген дұрыс болар» жауаптарының жиынтық көрсеткіштері төмендегідей болды:

- Аяқталмаған орта, мектептің 9 сыныбы: 57,4%;
- Орта, мектептің 11 сыныбы: 56,8%;
- Кәсіби-техникалық, орта арнаулы, колледж, училище: 51,9%;
- Аяқталмаған жоғары, ЖОО-да оқып жүрмін: 53,3%;
- Жоғары, ЖОО бітірдім: 52,5%;
- Жоғары және ғылыми дәреже, магистр, кандидат, доктор, PhD: 54,9%.

Аймақтар тұрғысынан алғанда лайықты жұмыс табу қиындықтары туралы айтқандар 39,6%-дан 60%-ға дейін. Жиынтық көрсеткіштер («өте мазасыздандырады» және «мазасыздандырады деген дұрыс болар» жауаптарының қосындысы) бойынша аймақтар нәтижелері:

- Абай облысы - 60%;
- Батыс Қазақстан облысы - 58,2%;
- Түркістан облысы - 57,5%;
- Атырау облысы - 56,9%;
- Алматы облысы - 56,8%;
- Ақтөбе облысы - 56,4%;
- Жетісу облысы - 55,2%;
- Ақмола облысы - 54,7%;
- Шымкент қ. - 54,5%;
- Қостанай облысы - 54,4%;
- Қызылорда облысы - 54,1%;

Астана қ. - 54%;  
Қарағанды облысы - 53,6%;  
Павлодар облысы - 52,9%;  
Алматы қ. - 50,4%;  
Маңғыстау облысы - 50%;  
Жамбыл облысы - 49,6%;  
Шығыс Қазақстан облысы - 46%;  
Ұлытау облысы - 40,9%;  
Солтүстік Қазақстан облысы - 39,6%.

«Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесіне көмектесу үшін мемлекет не істеу керек?» сауалына респонденттердің 26,8%-ы елдегі жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды толықтай қайта қарауды қолдады. Жаңа жұмыс орындарын ашуды респонденттердің басым бөлігі қолдауда - 40,2%. Минималды (төменгі) жалақыны көтеруді қолдағандар - 24,4%, ал 3,6%-ы жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы атаулы жеке ақпараттандыруды көрсетті. Тек 5,2%-ы ғана бұл мәселеде мемлекеттен ештеңе күтіп отырған жоқ (№13 диаграмма).

**№13 диаграмма. «Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесіне көмектесу үшін мемлекет не істеу керек?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Елдегі жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды толықтай қайта қарауды қолдаған респонденттер үлесі қала (26,4%) мен ауылда (27,4%) шамалас болды. Жаңа жұмыс орындарын ашуды қолдаушылар қала жастарында 39,6% болса, ауыл жастарында 41,2% болды. Минималды (төменгі) жалақыны көтеру бойынша көрсеткіштерде өзгешелік бар, қалада қолдаушылар 25,7% болса, ауылда ол 22,1% болды. Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы атаулы жеке ақпараттандыру респонденттердің барлық санаттарында төмен қолдау көрсеткіштеріне ие, ауылдық жерлер (3,6%) және қалалық жерлер (3,5%) бойынша да ең аз пайыздық көрсеткіш тіркелді. Гендерлік белгі және ұлттық тегі бойынша айырмашылықтар елеулі емес (№6 кесте).

**Таблица №6. «Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесіне көмектесу үшін мемлекет не істеу керек?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер	Қазақтар	Орыстар	Басқалар
Елдегі жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды толықтай қайта қарау	26,4	27,4	26,8	26,7	26,3	28,1	27,1
Жаңа жұмыс орындарын ашу	39,6	41,2	41,1	39,3	41,1	38,0	38,9
Минималды (төменгі) жалақыны көтеру	25,7	22,1	23,7	25,1	24,7	24,3	22,2
Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы атаулы жеке ақпараттандыру	3,5	3,6	2,8	4,3	3,6	3,3	3,9
Мемлекеттен ештеңе күтпеймін	4,8	5,8	5,6	4,6	4,4	6,4	7,9

Аймақтар тұрғысынан «Елдегі жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды толықтай қайта қарау» жауап нұсқасын жиі таңдаған аймақтар:

1. Жамбыл облысы: 34,1%;
2. Солтүстік Қазақстан облысы: 33,3%;
3. Ұлытау облысы: 31,8%;
4. Абай облысы: 30,9%;
5. Шымкент қ.: 30,3%.

«Жаңа жұмыс орындарын ашу» жауабын жиі көрсеткен аймақтар:

1. Солтүстік Қазақстан облысы: 47,9%;
2. Маңғыстау облысы: 46,3%;
3. Атырау облысы: 45,8%;
4. Павлодар облысы: 45,7%;
5. Түркістан облысы: 45,1%.


Аймақтар бойынша «Минималды (төменгі) жалақыны көтеру» жауабының ең жоғары көрсеткіштері:

1. Астана қ.: 30%;
2. Жетісу облысы: 29,9%;
3. Ақмола облысы: 29,3%;
4. Батыс Қазақстан облысы: 28,4%;
5. Ақтөбе облысы: 27,7%.

«Кімнің ой-пікіріне Сіз сенесіз?» сауалына сұралғандардың 23,9%-ы билік өкілдері пікіріне деп жауап берді. Сұралғандар арасында сенім деңгейіне қарай ғалымдар екінші орын алады, көрсеткіш – 17,3%. Сұралғандардың 15%-ы белгілі қоғам қайраткерлеріне сенім білдірді. Саяси партиялар жетекшілері жастардың 12,5%-ы қолдауына ие болды.

Сауалға қатысушылардың едәуір бөлігі (24,4%) ұсынылған санаттардың ешқайсысына сенім білдірмегеніне, 12,6%-ы жауап бере алмағанына назар аударған жөн. Бұл қоғамдағы басымдық беру мен пікірдің алуан түрлі болуынан, сонымен бірге сыртқы пікірлерге сенім артпай, авторитеттерге сенімсіз болудан хабардар етуі мүмкін (№14 диаграмма).

№ 14 диаграмма. «Кімнің ой-пікіріне Сіз сенесіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі



Билік өкілдеріне сенім артып, шешім қабылдауда олардың пікіріне сүйенуге ұмтылатын аймақтар:

1. Атырау облысы - 30,0%;
2. Жамбыл облысы - 29,4%;
3. Ақтөбе облысы - 27,5%;
4. Алматы облысы - 25,7%;
5. Қарағанды облысы - 25,7%.

Саяси партиялар жетекшілеріне деген жоғары сенім келесі аймақтарда байқалды:

1. Қарағанды облысы - 19,0%;
2. Шымкент қ. - 17,7%;
3. Жамбыл облысы - 17,6%;
4. Қостанай облысы - 17,3%;
5. Маңғыстау облысы - 14,7%.

Ғалымдар болса келесі аймақтарда жоғары сенімге ие болды:

1. Қарағанды облысы - 21%;
2. Павлодар облысы - 20,9%;
3. Ұлытау облысы - 20%;
4. Қызылорда облысы - 19,5%;
5. Түркістан облысы - 18,7%.



14-18 жас тобы жастарында жоғары сенім билік өкілдеріне (20,5%), ғалымдарға (19,3%) және белгілі қоғам қайраткерлеріне (17%) білдірілді. Алайда респонденттердің едәуір бөлігі (24,7%) сауалға жауап бере алмады.

19-23 жас тобында да жоғары сенім билік өкілдеріне (24,6%) және ғалымдарға (16,4%) білдірілді. Сол сияқты респонденттердің едәуір бөлігі (26,3%) сенім артатын адамдар жоқ екенін білдірді.

24-28 жас тобында да жоғары сенім билік өкілдеріне (25,5%) және ғалымдарға (17,1%) білдірілді. Сол сияқты белгілі қоғам қайраткерлеріне де (15,3%) сенім жоғары. Респонденттердің едәуір бөлігі (22,5%) сенім артатын адамдар жоқ екенін білдірді.

29-34 жас тобында жоғары сенім билік өкілдеріне (23,1%), саяси партиялар жетекшілеріне (15,1%) және ғалымдарға (17,3%) білдірілді. Респонденттердің едәуір бөлігі (23,7%) сенім артатын адамдар жоқ екенін білдірді.

Жас ерлер мен әйелдер арасында басымдық көрсетілетін сенім категорияларын таңдауда ұқсас тенденциялар байқалады.

Жастардың көпшілігі (51,7%) мансаптық өсу сатысын құру үшін кәсіби оқуды жалғастыруға әзір. Әрбір үшіншісі (32,4%) табыс деңгейі артуына үміт артады. 2,7%-ы кәсіби құзыреттілікті артыруға ниетті, ал 7,4%-ы білім алуды басқа жұмыс орнына ауысу жағдайымен байланыстырады (№15 диаграмма).

**№15 диаграмма. «Өз кәсіби біліміңізді Сіз қандай мақсаттар үшін жалғастыруға дайынсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Оқуды жалғастыруға қатысты қала және ауыл жастарының көзқарастары ұқсас, қандай болса да мақсат көздеушілер үлесі де бірдей деуге болады.

14-18 жас тобындағы респонденттердің 60%-ы үшін келешекте кәсіптік және мансаптық өсу оқуды жалғастырудың басты мотивациясы болып табылады. Бұл - басқа жас топтарымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш және осы топ жастарындағы кәсіби дамуға деген ұмтылыс пен амбицияның жоғары деңгейінен хабар берсе керек.

24-28 жас тобындағы респонденттердің 35,1%-ы үшін кәсіби оқуды жалғастыруға қаржылық өсу басты мақсат болады. Бұл - басқа жас топтарымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш: 14-18 жас тобы (28,9%), 19-23 жас тобы (31,7%), 29-34 жас тобы (32,2%). Бұл қаржылық тұрақтылық пен табысты мансапқа саналы түрдегі ұмтылысты көрсетеді.

29-34 жас тобы респонденттерінің тек 3,4%-ы ғана кәсіби біліктілікті арттыруды таңдады, солай болса да бұл көрсеткіш басқа жас топтарынан жоғары. Бұл осы топ жастарында бар жұмыс тәжірибесімен, жеткілікті деңгейдегі жоғары кәсібилікпен байланысты болуы мүмкін. Ол өз кезегінде қосымша оқу қажеттілігін азайтады.

Еңбек нарығында мүмкіндіктерді арттыру мақсатындағы жастардың қосымша дағдыларды алуға деген сұранысы бұл дағдылардың қолданбалы сипатын көрсетеді.

Айтсақ, №16 диаграмма деректері бойынша еңбек нарығында олардың мүмкіндіктерін арттыратын дағдылар ретінде, ең алдымен, компьютерде жұмыс істеу дағдысы (38,7%), шет тілдерді білу (37,8%), SMM-жылжу, сату дағдылары (37,5%), мемлекеттік тіл (37%), бағдарламалар жасау (32,5%), менеджмент дағдылары (30,7%), бухгалтерлік есеп (15,5%), әлеуметтік желілерді жүргізе білу (15,3%) аталған.

**№16 диаграмма. «Еңбек нарығында мүмкіндіктерді арттыру үшін Сіз қандай дағдыларды алғанды қалайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Қажет дағдыларға қызығушылық білдіру мен таңдау жасауда гендерлік белгі бойынша анық байқалатын айырмашылық жоқ. Дегенмен SMM-жылжу, сату дағдыларын меңгеруге мүдделі болу әйелдерде жоғарырақ екені байқалады, (тиісінше, 39,1% және 35,8%).

14-18 жас тобы жастарының 3-ТОП дағдылары:

1. Компьютерде жұмыс істеу дағдылары - 40,3%;
2. Бағдарламалар жасау - 40,3%;
3. SMM-жылжу, сату дағдылары - 38%.

19-23 жас тобы жастарының 3-ТОП дағдылары:

1. Компьютерде жұмыс істеу дағдылары - 39,6%;
2. Мемлекеттік тілді меңгеру - 38,3%;
3. Шет тілдерді меңгеру - 37,9%.

24-28 жас тобы жастарының 3-ТОП дағдылары:

1. Шет тілдерді меңгеру - 39,1%;
2. SMM-жылжу, сату дағдылары - 39,1%;
3. Мемлекеттік тілді меңгеру - 37,4%.

29-34 жас тобы жастарының 3-ТОП дағдылары:

1. Компьютерде жұмыс істеу дағдылары - 37,8%;
2. SMM-жылжу, сату дағдылары - 37,5%;
3. Бағдарламалар жасау - 36,9%.

Демек, компьютерде жұмыс істеу дағдылары мен бағдарлама жасай білу жас ерекшелігіне қарамастан мейлінше қажетті дағды болып тұр. Шет тілдерді меңгеру мен SMM-жылжу, сату дағдыларына да жастардың қызығушылығы жоғары, әсіресе, 19-23 жас тобындағылар үшін. Сонымен бірге бухгалтерлік есеп пен әлеуметтік желілерді жүргізе білу дағдылары әлдеқайда аз аталған.

## 2. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

### 2.1. Еңбек саласының алынған мамандыққа сәйкестігі

Сауалға қатысушылар арасында үштен бірі (53,5%) жұмыс істеп жүрген жастар өкілдері. 22,5%-ы сауал алу кезінде оқып жүрді, олардың 8,7%-ы тек оқуда болса, 13,8%-ы оқумен бірге еңбек етіп жүрді, қосымша табыс тауып жүрді. NEET үлесі 13,5% болды, оның 10,9%-ы сауал кезінде жұмыс іздеп жүрген жоқ, ал 2,6%-ы жұмыс іздеп жүрді. Респонденттердің 6,1%-ы декреттік демалыста болды (№17 диаграмма).

**№17 диаграмма. «Қазіргі уақытта Сіз жұмыс істейсіз бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**




Сауал өткізу сәтінде қала жастарының 22%-ы, ауыл жастарының 23,3%-ы оқып жүрді. Қалада оқу мен жұмысты қоса алып жүргендер үлесі сәл жоғары, ауылдағы 14,6%-ға қарсы 13,3%. 50,6% және 58,3% қала мен ауыл жастары тиісінше жұмыс істейді. Қалалық жерлерде оқымайтын және жұмыс та істемейтіндер үлесі жоғары. Атап айтсақ, сұралғандардың 14,6%-ы «мен оқымаймын жұмыс та істемеймін және жұмыс іздемеймін де» деп жауап берді (ауылдық жерлердегі осындай жауап - 4-9%); 2,7%-ы «мен оқымаймын жұмыс істемеймін (жұмыс іздеп жүрмін)» жауабын таңдады (ауылдық жерлердегі осындай жауап - 2,5%).

Аймақтар тұрғысынан алсақ, «мен оқымаймын жұмыс та істемеймін және жұмыс іздемеймін де» деп жауап бергендер негізінен Астана қаласында (50,7%), Алматы қаласында (27,4%) және Шығыс Қазақстан облысында (36,5%) көбірек болды. Ал «мен оқымаймын жұмыс істемеймін (жұмыс іздеп жүрмін)» жауабын жиі таңдағандар Қостанай (6,3%), Жетісу (6%), Қарағанды (5,5%) облыстарынан болды.


Жастардың еңбек өтілі (стаж), жұмыс тәжірибесіне қатысты келесі ақпарат алынды. Сұралғандар ішінде көпшілігінде 1 жылдан 3 жылға дейінгі (24,5%) еңбек өтілі бар, одан кейін 3-5 жыл (19,9%) жұмыс өтілі барлар және 0,5 пен 1 жылға дейінгі (15,8%) жұмыс өтілі барлар тұр (№18 диаграмма).

**№18 диаграмма. Респонденттердің жұмыс өтілі, %**



Келесі сауалдар блогы еңбек өтілі бар және жұмыспен қамтылған респонденттерге ғана берілді, саны – 1759 респондент. Жұмыс тәжірибесі бар респонденттерге «Сіздің жұмыс профилиңіз Сіз оқыған немесе қазір оқып жүрген мамандықпен сәйкес келе ме?» деген сұрақ қойылды. Сұралғандардың көпшілігі (28,8%) ағымдағы жұмысы өз мамандықтарына толық сәйкес келетінін көрсетсе, 16,1%-ы өз жұмыстарының мамандыққа мүлдем сәйкес келмейтінін атады (№19 диаграмма).

**№19 диаграмма. «Сіздің жұмыс профилиңіз Сіз оқыған немесе қазір оқып жүрген мамандықпен сәйкес келе ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі, % (n=1759)**



Қалада жас респонденттердің 28,2%-ы жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атады. 24,6% - кей жағдайда ғана сәйкес келетінін, 15,7%-ы сәйкес келеді деген дұрыс болар жауаптарын таңдаса, 17,4%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейтінін атады.

Ауылда жас респонденттердің 29,8%-ы жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атады. 24,3% - кей жағдайда ғана сәйкес келетінін, 18%-ы сәйкес келеді деген дұрыс болар жауаптарын таңдаса, 14,1%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейтінін атады.

Сауал жұмыс профилі оқылған мамандықпен сәйкес келуінің түрлі жас топтарында өз ерекшеліктері барын көрсетті. 14-18 жас тобы респонденттерінің 29,5%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атады, ал 18,8%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейді деп көрсетті.

19-23 жас тобы респонденттерінің 28,4%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атаса, 16,8%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейтінін көрсетті.

24-28 жас тобы респонденттерінің 26%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атаса, 16,3%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейтінін көрсетті.

29-34 жас тобы респонденттерінің 35,1%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атады, алайда 13,5%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейтінін көрсетті.

Демек, 14-18 және 19-23 жас топтарында 24-28 және 39-34 жас топтарына қарағанда жұмыс профилі алынған мамандықпен кей жағдайда ғана сәйкесетін немесе мүлдем сәйкеспейтін респонденттер көбірек.

Аймақтар тұрғысынан кейде сәйкесетін немесе мүлдем сәйкеспейтін жағдай көрсеткіштері төмендегідей бөлінді (№7 кесте).

**№7 кесте. «Сіздің жұмыс профиліңіз Сіз оқыған немесе қазір оқып жүрген мамандықпен сәйкес келе ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

Аймақ	Толық сәйкес келеді	Кей жағдайда ғана сәйкес	Сәйкес келеді деген дұрыс болар	Сәйкес келмейді деген дұрыс болар	Мүлдем сәйкес келмейді
Абай облысы	33,3	20,8	16,7	12,5	14,6
Ақмола облысы	25,0	18,3	23,3	10,0	15,0
Ақтөбе облысы	30,8	25,6	17,9	3,8	16,7
Алматы облысы	33,1	21,3	13,4	7,9	18,9
Атырау облысы	33,9	21,0	21,0	9,7	9,7
Батыс Қазақстан облысы	28,1	26,6	15,6	10,9	12,5
Жамбыл облысы	21,6	32,4	16,2	8,1	17,1
Жетісу облысы	29,0	25,4	17,7	9,7	14,5
Қарағанды облысы	27,6	18,4	19,4	8,2	20,4
Қостанай облысы	16,9	32,4	18,3	5,6	19,7
Қызылорда облысы	24,3	31,1	8,1	12,2	17,6
Маңғыстау облысы	23,9	22,4	26,9	14,9	11,9
Павлодар облысы	36,1	16,4	9,8	24,6	9,8
Солтүстік Қазақстан облысы	38,1	19,0	4,8	14,3	21,4
Түркістан облысы	31,3	21,4	21,9	8,9	13,0
Ұлытау облысы	38,1	14,3	9,5	4,8	19,0
Шығыс Қазақстан облысы	27,8	31,5	18,5	5,6	14,8
Астана қ.	27,2	25,0	16,2	8,1	21,3
Алматы қ.	31,8	26,1	12,8	9,0	15,2
Шымкент қ.	25,8	27,5	15,8	7,5	17,5

Еңбек саласы мен алынған мамандықтың сәйкеспейуі себептерін анықтау үшін респонденттерге «Егер Сіздің қазіргі жұмысыңыз оқуда алған кәсіппен (мамандықпен) сәйкес келмесе, Сіз неге алған кәсіп (мамандық) бойынша жұмыс істеуге бармадыңыз?» деген сауал қойылған болатын.

Басты факторлар арасында объективті де, субъективті факторлар болды. Айтсақ, 21,5%-ы алған мамандықтары бойынша жұмыс орындары жеткіліксіз болғанын атады. Сұралғандардың 23,5%-ы жалақының төмен деңгейіне

байланысты алған мамандықтары бойынша жұмысқа орналаспаған. Сол сияқты 9,2%-ына жұмыс тәжірибесі мен практикалық білім жетіспесе, 11,7%-ы мамандық көңілінен шықпағанын, 10,7%-ы жұмыс беруші ұсынған шарттарға көңілі толмағандығын көрсетті (№20 диаграмма).

**№20 диаграмма. «Егер Сіздің қазіргі жұмысыңыз оқуда алған кәсіппен (мамандықпен) сәйкес келмесе, Сіз неге алған кәсіп (мамандық) бойынша жұмыс істеуге бармадыңыз?» сауалы жауаптарының бөлінуі, % (n=311)**



Гендерлік тұрғыдан талдау ерлер мен әйелдердің ағымдағы жұмыстың алған мамандыққа немесе кәсіпке сәйкес келмеуіне байланысты ұқсас мәселелермен кездесетінін көрсетіп отыр. Алайда, аталған себептердегі кейбір пайыздық ерекшеліктер кәсіп таңдау мен жұмыстан күтуге ықпал ететін әлеуметтік-мәдени факторлар мен гендерлік ерекшеліктерді көрсетіп тұр.

Бұл мамандық (кәсіп) көңілден шықпады, қызық болмай шықты немесе жеке өзіме келмейді деп көрсеткендер ішінде ерлер (10,9%) мен әйелдер (12,8%) үлесі шамалас.

Ерлер (22,4%) мен әйелдерде (20,3%) алған мамандық немесе кәсіп бойынша жұмыс орындары жеткіліксіз болды себебін көрсетушілер үлесі айтарлықтай жоғары. Бұл белгілі бір салаларда жұмыс ұсынудың сұраныспен жете сәйкеспешілігі орын алатын еңбек нарығындағы мәселелерді көрсетуі мүмкін.

19-23 жас пен 29-34 жас топтарында алған мамандық немесе кәсіп бойынша жұмыс орындары жеткіліксіз болды себебін көрсетушілер үлесі жоғары (тиісінше, 26% мен 22,6%).

14-18 жас пен 29-34 жас топтарында жұмыстың мамандықпен сәйкеспеуі себебі ретінде жалақының төмен деңгейін көрсетуші респонденттері пайызы жоғары (25% бен 28,6%). 14-18 жас тобында жұмыстың мамандықпен сәйкеспеуі себебі ретінде практикалық білім жетіспеушілігін, жұмыс тәжірибесі жоқтығын

көрсетушілер үлесі жоғары (16,7%). 19-23 жас тобы кәсіп (мамандық) көңілімнен шыққан жоқ (маған жеке өзіме келмейді және қызық болмай шықты) жауабын таңдаушылардың үлесімен ерекшеленеді (12,1%). Бұл мамандықты дұрыс таңдамаумен немесе осы жаста жұмыс талаптары мен күтістерді жете түсіне алмаушылықпен байланысты болуы мүмкін.



## 2.2. Оқудан кейін жұмыс табуға жұмсалған ресурстар

Респонденттерге «Оқу орнын бітіргеннен кейін немесе оқу кезінде Сіз өз мамандығыңыз бойынша қанша уақыт жұмыс іздедіңіз?» сұрағына жауап беру ұсынылған болатын. Олардың әрбір оныншысы жұмыс іздемегенін, өйткені оқу орнын бітірген кезде жұмыс істеп жүргенін атады (8,7%). 13,7%-ы оқу орнын бітіргеннен кейін 1 ай ішінде жұмысқа бірден орналасқанын жеткізді. Сұралғандардың 17,6%-ы 2-6 ай аралығында жұмыс іздесе, 9,3%-ына жұмысты 7 мен 12 ай аралығында іздеуге тура келген.

Әрбір тоғызыншы респондент мамандық бойынша жұмыс таба алмағандықтан, мамандығына сәйкеспейтін жұмысқа орналасқан (8,1%). 2,2%-ы мамандық бойынша жұмысқа орналаса алмаған және қазіргі уақытта жұмыс істемейді. Мамандық бойынша жұмысты әуелден-ақ іздемеген жастардың да үлесі едәуір (26,7%).

Қала-ауыл тұрғысынан, сол сияқты гендерлік белгі тұрғысынан деректер айырмашылығы айтарлықтай емес, дегенмен келесі деректерге тоқтала кеткен жөн: мамандық бойынша жұмысты әуелден-ақ іздемеген жастар арасында ерлер үлесі басымдау болған (25,8% әйелдермен салыстырғанда ерлерде көрсеткіш – 27,6%). Сол сияқты кәсіп саласы бөлек жұмысқа орналасқандар арасында әйелдер саны көбірек (ерлерде - 7,1%, әйелдерде - 9%) (№8 кесте).

**№8 кесте. «Оқу орнын бітіргеннен кейін немесе оқу кезінде Сіз өз мамандығыңыз бойынша қанша уақыт жұмыс іздедіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Іріктеу бойынша барлығы	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер
Іздеген жоқпын, өйткені оқу орнын бітірген кезде мен мамандық бойынша жұмыс істеп жүрдім	8,7	9,1	8,1	8,4	9,0
Жұмысқа бірден орналастым (1 ай ішінде)	13,7	13,9	13,3	14,4	13,0
2-6 ай аралығында іздедім	17,6	17,8	17,2	18,6	16,5
7 мен 12 ай аралығында іздедім	9,3	9,5	9,0	9,4	9,3
Мамандық бойынша жұмыс табылмағандықтан, кәсіп саласы бөлек жұмысқа орналастым	8,1	8,0	8,2	7,1	9,0
Мамандық бойынша жұмысты әуелден-ақ іздеген жоқпын	26,7	26,2	27,5	27,6	25,8
Мамандық бойынша жұмысқа орналасудың сәті түспеді, қазіргі кезде мен жұмыс істемеймін	2,2	2,0	2,4	1,7	2,7
Жауап беруге қиналамын	13,8	13,5	14,2	12,8	14,7

Аймақтар тұрғысынан ел жастары үнемі жұмысқа орналасу мәселесімен ұшырасады деген пікірді атағандардың мейлінше жоғары пайызы Абай (49,1%), Павлодар (48,6%) және Қарағанды (48,2%) облыстарында байқалды.

Жастар өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуда қиындық көреді, бірақ кәсіптік дағдыларсыз жұмыс табу қиын емес деп есептейтіндердің үлесі Ұлытау (45,5%), Ақтөбе (43,6%) және Жетісу облыстарында (45,8%) жиі кездеседі.

«Жас адамдарда жұмысқа орналасуда проблема жоқ» нұсқасы Батыс Қазақстан (9%), Маңғыстау (8,8%) және Павлодар (8,6%) облыстарында жиі аталды.

Жұмыспен қамтуда бейресми ақпарат арналары, жақындар, таныстар мен достар көмегі жоғары тиімділік көрсетуде. Сұралғандардың 23,1%-ы жұмыс іздеуде осы каналды пайдаланғанын айтты. 18,1% респонденттер бос орындар туралы хабарламаларды пайдаланған. Респонденттердің 16,7%-ы хабарландыру беруді жұмыс іздеу амалы ретінде көрсетті.

Консервативті әдістерге қарағанда Интернет тиімділігі артуда. Сұралғандардың 17,5%-ы Интернет желілері мүмкіндіктерін пайдалануды атап көрсетті.

Осы ресурстар қатарында алғанда жұмыс берушіге/әкімшілікке тікелей жүгіну, бос орын жәрмеңкелеріне қатысу, еңбекке орналастыру Орталығына, жұмыспен қамту агенттігіне жүгіну, оқу орнының көмегі сияқты амалдардың танымалдығы, пайдаланылу деңгейі төмен (№9 кесте).

**№9 кесте. «Сіз жұмыс іздеу барысында пайдаланған және Өзіңізге жұмыс табуға көмектескен амал-әдістерді көрсетіңіз» сауалы жауаптарының бөлінуі, %**


Жұмыс іздеу амал-тәсілдері	Жұмыс табуға көмектескен амал-тәсілдер
Бос орындар туралы ақпарат-хабарландыруларды қарау	18,1
Хабарландыру беру	16,7
Оқу орнының көмегі	9,2
Интернет желілерінің мүмкіндіктерін пайдалану	17,5
Еңбекке орналастыру Орталығына, жұмыспен қамту агенттігіне жүгіну	8,5
Жақындар мен таныстар, достар көмегі	23,1
Бос орын жәрмеңкелеріне қатысу	4,2
Жұмыс берушіге/әкімшілікке тікелей жүгіну	0,5
Жауап беруге қиналамын	2,4

Қаладағы жұмыс іздеудегі ең танымал да қолданылған амал бос орындар туралы ақпарат-хабарландыруларды қарау (18,1%), жақындар мен таныстар, достар көмегі (23,5%) болды. Интернет желілерінің мүмкіндіктерін пайдалану да маңызды болды (18%).

Ауыл тұрғындары да бос орындар туралы ақпарат-хабарландыруларды қарау (18%) мен жұмыс іздеу үшін хабарландыру беру (18,6%) амалдарын белсенді пайдаланды. Ауыл тұрғындары арасында жұмыс іздеуде ерекше белсенді пайдаланылған амал-жақындар мен таныстар, достар көмегі болды (22,5%).

Сауалға қатысушылардың үштен бірінен астамы (35,8%) жұмысқа орналасу үшін өздеріне қазақ тілін білу қажет болғанын атады. Орыс тілі қажет болды деп көрсеткендер үлесі осы шамада (29,7%). Ағылшын тілін білу туралы талаптар көрсеткіші төмендеу – 8,4%. Респонденттердің ширек бөлігінен көбіне тіл білу талаптары қойылмаған (№21 диаграмма).

**№21 диаграмма. «Жұмысқа тұруда Сізден қандай тілдерді білу талап етілді?» сауалы жауаптарының бөлінуі, %**



Жас ерлер мен әйелдер үшін тілдерді білу туралы талаптар (қазақ тілін де, орыс тілін де) тым жоғары болды. Жұмысқа орналасуда ағылшын тілін білу талаптарының маңыздылығы төмендеу болды.

Қазақ тілін білу туралы талап деңгейі жоғары болған аймақтар:


1. Батыс Қазақстан облысы: 45,3%;
2. Шығыс Қазақстан облысы: 42,6%;
3. Жетісу облысы: 41,9.

Ағылшын тілін білу талаптары кеңінен таралмаған және оның талаптарының үлесі қазақ және орыс тілі талаптарына қарағанда төмен болды. Алайда кейбір аймақтарда, Алматы облысы (12,6%), Солтүстік Қазақстан (11,9%) және Маңғыстау облыстарында (11,9%) ағылшын тілін білу талаптары өзге аймақтарға қарағанда жоғарылау болғаны байқалды.

### 2.3. Жастардың қабылдауындағы ашықтық пен меритократия қағидаттарының сақталуы

Сауалға қатысушылардың көпшілігі персоналды іріктеу жүйесін ашық деп санайды, осындай пікірді олардың 50,7%-ы білдірді. Дегенмен оған қарама – қарсы пікірді ұстанушылар үлесі де біршама жоғары. Сұралғандардың 38,4%-ы персоналды іріктеу жүйесінің ашықтығы туралы қойылған сұраққа теріс жауап берді (№22 диаграмма).

**№22 диаграмма. «Сіз персоналды іріктеу жүйесін ашық деп санайсыз ба?» сауалына берілген жауаптардың бөлінуі, %**




Бұл жерде персоналды іріктеу жүйесінің ашықтығымен қала жастары көбірек келісіп отырғаны байқалады. Олардың арасында бұл сауалға оң жауап бергендер үлесі – 51,6%, ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш – 49,1%. Персоналды іріктеу жүйесі ашық емес деп санайтындар қалада 37,3%, ауылда 40,1% болды.

Аймақтар тұрғысынан алсақ, персоналды іріктеу жүйесін ашық деп санайтындар үлесі Солтүстік Қазақстан облысындағы 38,1%-дан Маңғыстау облысындағы 64,2% аралығында. Сол сияқты ашықтық туралы жоғары деңгейді Батыс Қазақстан облысынан (59,4%), Астана қаласынан (57,4%) және Ақтөбе облысынан (55,1%) байқауға болады. Сонымен бірге Ұлытау (23,8%), Маңғыстау (26,9%) облыстарында ашықтық туралы төмен деңгей байқалады.

Персоналды іріктеу жүйесінің ашықтығы туралы 14-18 жас тобындағылар жиі айтады, олардың 58,9%-ы жүйені ашық деп санайды. Одан кейін 29-34 жас тобы (50,8%) мен 19-23 жас тобы (51,6%) келеді. Ал 24-28 жас тобында персоналды іріктеу жүйесін ашық деп санайтындар үлесі - 48,1%.

Жастар түсінігі бойынша меритократия қағидаттары негізінен мемлекеттік және жеке секторда жұмыс істейді, тиісінше 24,7% және 34,6%. Респонденттердің квазимемлекеттік пен мемлекеттік емес секторларды таңдау деңгейі төмендеу болды, тиісінше, 15,9% және 16,8% (№23 диаграмма).

**№23 диаграмма. «Сіздің ойыңызша қай ұйым-мекемелерде меритократия қағидаттары жұмыс істейді?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Гендерлік, жастық ерекшеліктер бойынша деректер №10 кестеде берілген. Ер адамдар да, әйелдер де меритократия қағидаттары негізінен жеке секторда сақталатынына көбірек сенеді, тиісінше, 34,4% және 34,8%. Мемлекеттік органдардағы меритократия туралы жігіттердің 26,6%-ы, қыздардың 22,6%-ы айтып отыр (№10 кесте).

**№10 кесте. «Сіздің ойыңызша қай ұйым-мекемелерде меритократия қағидаттары жұмыс істейді?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Ерлер	Әйелдер	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Мемлекеттік	26,6	22,6	27,7	25,1	25,2	21,6
Жеке	34,4	34,8	39,3	34,7	32,1	37,9
Квазимемлекеттік сектор	15,1	16,8	14,3	15,8	15,7	17,2
Мемлекеттік емес сектор	16,8	16,8	12,5	16,3	18,6	16,0
Жауап беруге қиналамын	7,0	8,9	6,3	8,2	8,4	7,2

14-18 жас пен 24-28 жас топтарында мемлекеттік ұйымдарда меритократия қағидаттары жұмыс істейді деп санайтындар пайызы өзге жас топтарынан жоғары.


19-23 және 29-34 жас топтарында квазимемлекеттік секторда меритократия қағидаттары жұмыс істейді деп санайтындар пайызы өзге жас топтарынан жоғары.

24-28 жас тобында мемлекеттік емес секторда меритократия қағидаттары жұмыс істейді деп санайтындар пайызы өзге жас топтарынан жоғары.

## 2.4. Жұмыс ауысуы: себептер мен күтістер

Сауалға қатысушылардың жартысы үшін (47,9%) ағымдағы жұмыс орны бірінші болып есептеледі. Сұралғандардың 27,4%-ы теріс жауап берді (№24 диаграмма). Ауыл жастары «икемділігін» байқатты, олардың 28,6%-ы бірінші жұмыс орнында істемейтіндіктерін айтты (қалада - 26,7%). Алғашқы жұмыс орнында істеп жатқандар: ауыл жастары - 45,4%, қалалықтар - 49,4%. Гендерлік тұрғыдан жігіттер икемділік» көрсетті - 28,5% (әйелдер арасында - 26,2%). Ал алғашқы жұмыс орнында істеп жатқандар ішінде ерлермен (45,7%) салыстырғанда әйелдер үлесі жоғарылау (50,1%).

**№24 диаграмма. «Қазіргі жұмысыңыз Сіздің бірінші жұмыс орныңыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Жұмыс орнын ауыстыру мен жұмыстан шығуда білім деңгейі белгілі рөл атқарады. ЖОО-да оқу процесіндегі жастар бірінші жұмыс орнында жиі қалады (49,6%). Бұл жоғары білім алып жатырған студенттердің өз мамандығына сәйкес жұмыс орнын табу мен алынған білім мен дағдыларды қолдануға ұмтылуымен байланысты болуы ықтимал.

Сол сияқты жоғары білімді және ғылыми дәрежесі бар респонденттер арасында да бірінші жұмыста қалу тенденциясы басым екенін атап кеткен жөн, көрсеткіш сауалға қатысушылардың 53,8%-ын құрайды. Бұны білім деңгейі жоғары адамдарда мамандандырылған дағдылар мен жоғары біліктілік болатындығымен және осы қасиеттер бірінші жұмыс орнында оларды жұмыс берушілер алдында тартымды ететіндігімен түсіндіруге болатын шығар.

Екінші жағынан, мектептік білімі бар респонденттер арасында жұмыс орнын ауыстырғандар үлесі жоғары, сұралғандардың - 32,9%-ы. Бұл білім деңгейі төмен жастардың жалақысы жоғары, тұрақты жұмыс орнын алу мүмкіндіктерінің шектеулігімен, демек, жақсы жағдайды іздеу мақсатында жұмыс орнын жиі ауыстыратындығымен негізделетін болуы мүмкін.

Кәсіби-техникалық білімі барлар арасында да жұмыс ауыстырудың жоғары деңгейі байқалды, сұралғандардың 30,6%-ы. Бұл осындай білімі бар адамдардың түрлі кәсіби мүмкіндіктерге дайын болуымен және жұмыс тәжірибесін жан-жақты етуге ұмтылысымен негізделетін шығар.

Осылайша, білім деңгейі жұмыс күшінің тұрақтылығы мен икемділігіне ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Жоғары білім мен ғылыми дәреженің алғашқы жұмыс орнында қалумен байланысты болу ықтималдығы жоғары болса, білімнің төмен деңгейінің (мектептік немесе кәсіби-техникалық) жұмыс орнын ауыстырумен байланысты болу ықтималдығы жоғары.

Жұмыс орнын ауыстырудың басты себебі жалақының төмен деңгейі болып қалуда, оны сұралғандардың 32,4%-ы атады. Бұл экономикалық факторлардың, әсіресе еңбекақының төмен болуы жұмысқа орналасудың жаңа мүмкіндіктерін іздеудегі маңызды мотив болып отырғандығын көрсетеді. Кейбір респонденттер (9,6%) жұмыс орнын ауыстырудың себебі ретінде мамандық бойынша жұмыс істеу мүмкіндігін іздеуді көрсетті. Мүмкін, бұл адамдардың өз кәсіби дағдыларын пайдалануға, өз мүддесі мен біліміне сай келетін жұмыспен айналысуға ұмтылысымен байланысты болар.

Респонденттердің 8,1%-ы жұмыс орнын ауыстырудың себебі ретінде әлеуметтік кепілдіктерді қоса алғанда жұмыс шарттары қанағаттандырмағандығын атады. Бұл жұмыс ортасы, өтемақылық пакеттер мен әлеуметтік жеңілдіктер сияқты жұмыс жағдайлары жұмыс ауыстыру туралы шешім қабылдауда шешуші фактор болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Респонденттердің 7,9%-ы жұмыс орнын ауыстырудың себебі ретінде отбасылық жағдайы мен денсаулық жағдайын атады. Бұл денсаулыққа байланысты жұмыс талаптарын орындай алмау себебі немесе жұмыс пен жеке өмірдің қолайлы балансы үшін жұмыс орнын өзгертуді қажет ететін отбасылық жағдай болуы мүмкін.

Біліктілік талаптарына сай болмау, штат қысқаруы және басқа да себептермен байланысты сыртқы факторларды көрсеткен респонденттер көп болған жоқ. Мысалы, респонденттердің 3,1%-ы ғана өздерінің келісім (шарт) мерзімі тоқтағанын, 2,1%-ы штат қысқаруына ұшырағанын жеткізді (№25 диаграмма).

Осылайша, жұмыс орнын ауыстыру себептеріне жасалған талдау жалақы төлемі, кәсіби талаптарға сәйкестік, жұмыс жағдайы мен жеке жағдайлар жұмыс ауыстыру туралы шешім қабылдауда шешуші маңызды рөл атқарады.

**№25 диаграмма. «Бірінші жұмыс орнын тастап кетуіңіздің негізгі себебін көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Жұмыспен қамтылу типтері туралы алынған деректерді, оның жас, жыныс, этникалық төкке қатысты байланыстарын талдай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады. Сұралғандардың жартысында (48,8%) толық жұмыс күні. Жұмыспен қамтылудың бұл типі барлық жас топтарында кеңінен таралған және жыныстық, ерекшелікке қарамайды, яғни толық жұмыс күні қазақстандық жастар арасындағы қызметкерлер үшін мейлінше стандартты, әдеттегі жұмыс кестесі болып табылады.

Сауалға қатысушылардың 20,5%-ында толық емес жұмыс күн кестесі бар. Кейбір адамдар түрлі себептерге, отбасыға қамқорлық жасау, оқу немесе басқа да жағдайлармен байланысты түрлі себептермен қысқартылған жұмыс кестесін таңдайды.

Жұмыс істейтін жастардың 13,6%-ына ауысымды жұмыс кестесі тән. Бұл ауысымды кесте тәулік бойына жұмысты қажет ететін салалардың, мысалы, қызмет көрсету немесе өндіріс, болуына байланысты болар.

Нормаланбаған жұмыс күнін 8,3%-ы көрсетті. Бұл кейбір адамдарға олардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген икемді жұмыс кестесінің қажеттілігіне немесе еңбек шартын жасамай, бейресми секторларда жұмыс істеумен байланысты болуы мүмкін.

Гендерлік тұрғыдан жұмыспен қамтылу типінде айтарлықтай өзгеріс жоқ. Ерлер мен әйелдер толық жұмыс күнінде, толық емес жұмыс күнінде немесе нормаланбаған жұмыс кестесінде жұмыс ісеуге бірдей мүмкіндіктерге ие (№11 кесте).

Этникалық төкке қатысты жұмыспен қамтылу типінде кейбір ерекшеліктер байқалады. Барлық этникалық топтар үшін басым кесте – толық жұмыс күні. Дегенмен қазақтар (50,6%) орыстарға (45,6%), басқа ұлт өкілдеріне (45%) қарағанда толық жұмыс күні кестесімен көбірек істейді. Толық емес жұмыс күні немесе нормаланбаған жұмыс кестесі өзге этникалық топ өкілдері арасында көбірек таралған. Орыс ұлты жастары ауысым жұмыс кестесінде жиі кездеседі.

**№11 кесте. «Сіздің жұмыс кестеңіз қандай?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Барлығы	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас	Ерлер	Әйелдер
Толық жұмыс күні	48,8	50,9	50,4	48,7	44,8	47,5	50,2
Толық емес жұмыс күні	20,5	21,4	18,8	21,6	21,9	21,0	20,1
Ауысым бойынша жұмыс	13,6	15,2	12,3	14,0	15,0	13,2	14,0
Нормаланбаған жұмыс күні	8,3	8,0	9,7	7,1	7,5	9,4	7,2
Жауап жоқ	8,8	4,5	8,7	8,6	10,7	9,0	8,5


Жұмыс істеп жүрген жастардың әрбір үшіншісі (28,1%) басқа жұмысқа ауысуға ниеті барын жеткізді. Яғни, жас қызметкерлердің едәуір бөлігі өздерінің қазіргі жұмыс орындарына қанағаттанбайды және жаңа мүмкіндіктер іздеуге ұмтылуда.

Дегенмен сұралғандардың 43,7%-ы жұмыс орнын ауыстыру туралы сұраққа «жоқ» деп жауап берді. Бұл жас қызметкерлердің кейбір топтарының өз жұмыс орындарын көңілдері толатынын және оларда жұмыс орнын ауыстыру қажеттілігі жоқтығын көрсетеді.

Сұралғандардың үштен бірі (28,3%) жауап беруге қиналды, жұмыс ауыстырғысы келе ме, жоқ па, ол жағын олар анықтай алмай отыр. Бұл олардың қазіргі жұмыстарына, кәсіби жолына қатысты белгісіздік барлығын білдіреді (№26 диаграмма).



№26 диаграмма. «Сіз басқа жұмысқа ауысқыңыз келе ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі



Жасына қарай жастарда жұмыс орнын ауыстыруға қатысты жауап беруге қиналатындар саны көбейе түсетініне назар аударған жөн. Мысалы, 14-18 жас тобында сұралғандардың 16,1%-ы басқа жұмысқа ауысу туралы ниеттің бар-жоғын білмейміз десе, 29-34 жас тобында осындай жауап бергендер үлесі 31%-ға жетіп отыр. Жас келген сайын жас қызметкерлер саналы бола түседі және жұмыс ауыстыру туралы шешімді ойланып барып қабылдайды.

Жұмыс ауыстыруға қатысты барынша қайшылықты жас тобы - 14-18 жас тобы. Оларда респонденттердің 32,1%-ы басқа жұмысқа ауысу ниеті бар екенін жеткізді. Бұл өз-өзін анықтау, ерте жаста, жас адамдар өз кәсіби траекториясын тек қалыптастыра бастаған кезде түрлі мансаптық, қызметтік мүмкіндіктерді қарап көру үрдісімен байланысты болуы мүмкін.

Сол 14-18 жас тобында респонденттердің жартысынан көбі (51,8%) басқа жұмысқа ауысу ниеттері жоқ екенін айтты. Бұл кейбір жас адамдардың өз қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келетін жұмыс тапқанын және оларда оны ауыстыру қажеттілігі жоқтығын көрсетеді.

Жастардың үлкен жас тобында (29-34 жас) жұмыс ауыстыруға қатысты сұраққа берілген жауаптар тең бөлінді. 29,2%-ы басқа жұмысқа ауысу ниеті бар екенін жеткізсе, 39,8%-ы ондай ниет жоқ екенін айтты, ал 31%-ы жауап бере алмады. Бұл осы жас тобындағы кейбір жас қызметкерлерде берік кәсіби байланыстар барлығын, олардың қызметтік-мансаптық жоспарындағы тұрақтылық барлығынан хабар беруі мүмкін.

Осылайша, деректер жұмыс істеп жүрген жастардың едәуір бөлігінде басқа жұмысқа ауысу ниеті бар екенін көрсетіп отыр. Сонымен бірге осы жұмысына қанағаттанатын және ауысу туралы сұраққа жауап бере алмай отырған жас қызметкерлер де бірталай. Жұмыс ауыстыруға қатысты жастық ерекшеліктер кәсіби өз-өзін тану процесін және мансаптық өсу үшін қолайлы жол іздеуді көрсетуі ықтимал. 14-18 жастағы жастар мансап таңдауда зерттеп-танушылыққа, толқуға көбірек ұшырауы мүмкін, ал аға жас (28-34 жас) тобындағылар өз кәсіби саласында нақты, тұрақты болуы ықтимал.

Білім деңгейіне қарай өзгерістерге жасалған талдау орта білімді немесе аяқталмаған орта білімді жастарға қарағанда білім деңгейі жоғары жастарда жұмыс орнын ауыстыруға ұмтылу жиі байқалатынын көрсетті (№12 кесте).

**№12 кесте. «Сіз басқа жұмысқа ауысқыңыз келе ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Аяқталмаған орта (мектептің 9 сыныбы)	Орта (мектептің 11 сыныбы)	Кәсіби-техникалық, орта арнаулы (колледж, училище)	Аяқталмаған жоғары (ЖОО-да оқып жүрмін)	Жоғары (ЖОО бітірдім)	Жоғары және ғылыми дәреже (магистр, кандидат, доктор, PhD)
Иә	22,6	22,9	28,4	26,9	28,3	30,4
Жоқ	48,4	54,3	42,7	43,1	43,5	40,9
Білмеймін	29	22,9	28,9	30	28,2	28,7

Астана қаласында (34,6%), Жамбыл (34,2%) және Алматы (33,9%) облыстарында басқа жұмысқа ауысу ниеті бары жастардың жоғары үлесі байқалды. Бұл аймақтардың әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктері жастарды тартатын мансаптық өсу үшін мүмкіндіктерді көбірек беріп, жоғары жалақы немесе жақсы жұмыс жағдайларын ұсынуда.

Екінші жағынан, Павлодар (59%), Абай (56,3%) және Жетісу (51,6%) облыстарында басқа жұмысқа ауысу ниеті бар жастар азырақ байқалды (№13 кесте). Бұл осы аймақтарда жұмыспен қамтудың тұрақты да тартымды мүмкіндіктері болуына немесе жастардың өз жұмыс орны мен жұмыс жағдайларына қанағаттануының болуына байланысты болуы ықтимал.

Басқа жұмысқа ауысу ниетіне ықпалын тигізетін себептер әр аймақта өзгеріп отыруы мүмкін екенін ескерген жөн. Бұл экономикалық жағдайға, жұмыс орындарының қолжетімді болуына, жалақы айырмашылықтарына, инфроқұрылымға және жастардың кәсіптік басымдығына ықпал ете алатын басқа да факторлармен байланысты болуы ықтимал.

**№13 кесте. «Сіз басқа жұмысқа ауысқыңыз келе ме?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**


Аймақ	Иә	Жоқ	Білмеймін
Абай облысы	18,8	56,3	25
Ақмола облысы	21,7	48,3	30
Ақтөбе облысы	24,4	48,7	26,9
Алматы облысы	33,9	39,4	26,8
Атырау облысы	27,4	46,8	25,8
Батыс Қазақстан облысы	26,6	46,9	26,6
Жамбыл облысы	34,2	34,2	31,5
Жетісу облысы	21	51,6	27,4
Қарағанды облысы	32,7	43,9	23,5
Қостанай облысы	31	42,3	26,8
Қызылорда облысы	28,4	36,5	35,1
Маңғыстау облысы	23,9	49,3	26,9
Павлодар облысы	16,4	59	24,6
Солтүстік Қазақстан облысы	21,4	47,6	31
Түркістан облысы	25,5	46,9	27,6
Ұлытау облысы	28,6	38,1	33,3
Шығыс Қазақстан облысы	25,9	42,6	31,5
Астана қ.	34,6	33,1	32,4
Алматы қ.	31,8	42,2	26,1
Шымкент қ.	26,7	42,5	30,8

## 2.5. Жастардың материалдық жағдай мен табыс деңгейін бағалауы

Жастардың көпшілігінде қаржылық табыс жоғары емес. 35,1% жас адамдар мен олардың отбасыларының жиынтық айлық табысы 100 000 - 200 000 теңге шамасында. Тағы 32,4%-ының жиынтық айлық табысы - 200 000 – 300 000 теңге көлемінде. Өзіне және отбасына 100 000 теңгеге дейін жиынтық айлық табыс алатын жастар пайызы - 10,2%. 300 000 - 500 000 теңге табыс алатындар бойынша да ұқсас көрсеткіш (10,1%). Жалпы алғанда айына жиынтығында 500 000 теңге және одан да жоғары табыс табатын жастар 5%-дан аз (№27 диаграмма).

Бұл деректер жастар арасындағы кейбір қаржылық шектеулер барын көрсетеді, бұл олардың өмірлік жағдайлары мен мүмкіндіктеріне ықпалын тигізуі мүмкін. Шектелген қаржылық ресурстар сапалы білім алуды, денсаулық сақтауға қолжетімділікті шектеп, даму мен жеке және кәсіби мақсаттарға қол жеткізуді қиындатуы ықтимал.

№27 диаграмма. «Сіздің және отбасы мүшелеріңіздің жиынтық табысы қанша (зейнетақы, стипендия және т.б. қосқанда)?» сауалына жауаптардың бөлінуі



Гендерлік және тұрғын мекен белгілеріне қатысты статистикалық айырмашылықтар байқалмайды. Сонымен бірге білім деңгейі мен респонденттердің жиынтық табысына қатысты корреляция бар. Негізінен, «табысы төмен» топтар ғылыми дәрежесі бар респонденттер арасында жиі кездеседі. Мысалы, ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 11,1%-ында 100 000 теңгеге дейінгі табыс болса, 42,7%-ында табыс – 100 000-200 000 теңге арасында.

Екінші жағынан, «жоғары табыстылар» тобында аяқталмаған орта мен аяқталмаған жоғары білімді жастар жиі кездеседі. Жалпы алғанда аяқталмаған орта білімді жастардың 5%-ында және аяқталмаған жоғары білімді жастардың 5,6%-ында 500 000 теңгеден жоғары табыс бар (№14 кесте).

**№14 кесте. «Сіздің және отбасы мүшелеріңіздің жиынтық табысы қанша (зейнетақы, стипендия және т.б. қосқанда)?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Аяқталмаған орта (мектептің 9 сыныбы)	Орта (мектептің 11 сыныбы)	Кәсіби-техникалық орта арнаулы (колледж, училище)	Аяқталмаған жоғары (ЖОО-да оқып жүрмін)	Жоғары (ЖОО бітірдім)	Жоғары және ғылыми дәреже (магистр, кандидат, доктор, PhD)
100 000 теңгеге дейін	8,4	9,9	8,7	10,6	10,7	11,1
100 000-200 000 теңге	35,1	28,4	36,6	34,8	33,3	42,7
200 000-300 000 теңге	32,2	37	32,1	31,4	32,9	28,1
300 000-500 000 теңге	7,9	9,9	10,5	9,4	11,3	9,4
500 000-700 000 теңге	3,5	2,5	2,4	4,6	3,2	2,3
700 000-1 000 000 теңге	1,5	1,2	1	0,5	1,3	0
1 000 000 теңгеден жоғары	0	0	0,7	0,5	0,4	0
Жауап беруге қиналамын	11,4	11,1	8	8,2	6,9	6,4

Жұмыспен қамту саласы бойынша корреляцияға талдауды жастар арасында жиынтық табыстардың бөліну картинасы толықтырып тұр. 100 000 теңгеге дейін табысы бар респонденттер тобында қаржы саласы қызметкерлері (14,6%) мен түрлі орындарда істейтін, тұрақты жұмыс орны жоқ жастардың (14,9%) жоғары пайызы байқалады.

200 000 – 300 000 теңге шеңберіндегі жиынтық табысы бар жастар арасында кәсіпкерлер (40,6%) мен техникалық персонал (41,2%) бөлініп тұр. Бұл осы салалар осы деңгейдегі жоғары табыс алуға жақсы мүмкіндіктер бере алатынын көрсетеді.

500 000 теңге және одан да жоғары жиынтық табысы бар топтан декрет демалысындағы (8%), сауда саласындағы (6,8%) және құрылыс саласындағы (6,7%) жастарды атап өтуге болады. Бұл да салалар осы деңгейдегі жоғары табыс алуға жақсы мүмкіндіктер бере алатынын көрсетеді.

Жұмыспен қамту саласы бойынша өзгерістерге жасалған талдау жастар арасындағы табыс деңгейін анықтау үшін кәсіби сала мен жұмыспен қамту типін таңдау маңыздылығын нақтылап тұр. Белгілі салалардағы, айталық, қаржы, кәсіпкерлік, техникалық персонал және басқа салалардағы жұмыс жас адамдардың қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етуі ықтимал.

Аймақтар тұрғысынан алынған деректер кестеде берілген. 100 000 теңгеге дейінгі көрсеткіш бойынша бірінші бестікке енген аймақтар:

1. Жетісу облысы - 16,4%;
2. Ақмола облысы - 16%;
3. Солтүстік Қазақстан облысы - 14,6%;
4. Павлодар облысы - 14,3%;
5. Жамбыл облысы - 13,8%.

100 000 - 200 000 теңге көлеміндегі табысты жиі көрсеткендер:

1. Жетісу облысы - 43,3%;
2. Ақмола облысы - 40%;
3. Қызылорда облысы - 38,8%;
4. Алматы облысы - 38,5%;
5. Солтүстік Қазақстан облысы - 37,5%.

200 000 – 300 000 теңге жиынтық айлық табысты келесі аймақтар респонденттер жиі көрсетті:

1. Атырау облысы - 40,3%;
2. Алматы - 36,8%;
3. Маңғыстау облысы - 36,3%;
4. Түркістан облысы - 35,8%;
5. Шымкент - 35,6%.

**№15 кесте. «Сіздің және отбасы мүшелеріңіздің жиынтық табысы қанша (зейнетақы, стипендия және т.б. қосқанда)?» сауалына аймақтар бойынша жауаптардың бөлінуі, %**

Аймақ	100 мың теңгеге дейін	100-200 мың теңге	200-300 мың теңге	300-500 мың теңге	500-700 мың теңге	700 мың-1 млн теңге	1 млн теңгеден жоғары	Жауап беруге қиналамын
Абай облысы	9,1	34,5	30,9	7,3	1,8	3,6	0	12,7
Ақмола облысы	16	40	25,3	9,3	2,7	0	0	6,7
Ақтөбе облысы	8,5	35,1	34	10,6	2,1	0	0	9,6
Алматы облысы	11,5	38,5	35,1	4,1	1,4	2	0	7,4
Атырау облысы	9,7	30,6	40,3	9,7	2,8	0	0	6,9
Батыс Қазақстан облысы	10,4	26,9	28,4	13,4	7,5	4,5	0	9
Жамбыл облысы	13,8	34,1	29,3	8,9	5,7	0	0	8,1
Жетісу облысы	16,4	43,3	22,4	10,4	4,5	0	0	3
Қарағанды облысы	9,1	37,3	30,9	9,1	1,8	0	0,9	10,9
Қостанай облысы	12,7	35,4	25,3	15,2	5,1	1,3	1,3	3,8
Қызылорда облысы	11,8	38,8	34,1	4,7	7,1	0	0	3,5
Маңғыстау облысы	2,5	31,3	36,3	15	2,5	2,5	0	10
Павлодар облысы	14,3	35,7	20	14,3	2,9	1,4	0	11,4
Солтүстік Қазақстан облысы	14,6	37,5	27,1	12,5	6,3	0	0	2,1
Түркістан облысы	9,7	35,8	35,8	9,3	1,8	0,4	0,4	6,6
Ұлытау облысы	13,6	36,4	27,3	4,5	0	0	0	18,2
Шығыс Қазақстан облысы	11,1	33,3	27	12,7	1,6	1,6	3,2	9,5
Астана қ.	8	30	35,3	14,7	2,7	0	0	9,3
Алматы қ.	6	36,8	36,8	8,5	3,4	0,9	0,4	7,3
Шымкент қ.	9,1	30,3	35,6	10,6	3,8	2,3	0,8	7,6

300 000 - 500 000 теңге көлеміндегі жиынтық табыс көрсеткіштер бестігі кездескен аймақтар:

1. Қостанай облысы - 15,2%;
2. Маңғыстау облысы - 15%;
3. Астана - 14,7%;
4. Павлодар облысы - 14,3%;
5. Батыс Қазақстан облысы - 13,4%.

500 000 теңге және одан жоғары жиынтық айлық табысты жиі көрсеткен аймақтар:

1. Батыс Қазақстан облысы - 12%;
2. Қостанай облысы - 7,7%;
3. Қызылорда облысы - 7,1%;
4. Шымкент - 6,9%;
5. Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары - 6,4% және 6,3% (№15 кесте).


Жайлы табыс сомасы туралы берілген деректер негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

Жастардың көпшілігі (31%) жайлы өмір сүру үшін айына 300 мыңнан 500 мың теңгеге дейін көлеміндегі табыс қажет деп есептейді. Бұл арада әрбір төртінші респондент (26,9%) бұл көлемнің төменгі шегін төмен деңгеймен, айына 200 мыңнан 300 мыңға дейін деп көрсеткен екен.

Әрбір бесінші адам (19,7%) жайлы өмір сүру үшін айына 500 мыңнан 700 мың теңгеге дейін көлеміндегі табыс қажет деп есептейді, бұл орта маңыздылықтан жоғары. 4%-дан аз жастар қажетті табыс 1 млн. теңгеден жоғары деп санайды. Ал 8,5%-ы жайлы соманы 150 мың мен 200 мың шамасында деп есептеген (№28 диаграмма).

Осылай, жайлы табысты қабылдау түсінігі жастарда әр түрлі деп айтуға болады, 300 мыңнан 500 мың теңгеге дейін көлеміндегі табыс қажет деп есептейтіндер басым.

**№28 диаграмма. «Жайлы өмір сүру үшін Сіздің айлық табысыңыз қанша болу керек?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер корреляциясы бойынша жасалған талдау статистикалық маңызы бар айырмашылықтарды көрсеткен жоқ. Солай болса да отбасының, балалардың болуы жайлы өмірге қажетті табыс көлеміне әсерін тигізетінін байқауға болады.

Зерттеу көрсеткендей, жалпы алғанда респонденттердің 72,6%-ы қосымша табыс табу қажеттілігін сезінуде, олардың 39,1%-ы қосымша жұмыс істеп те жүр (№29 диаграмма). Орта жас тобы, нақты айтқанда, 19-23 жас (40,8%) және 24-28 жас (39,1%) тобындағылар қосымша табыс қажеттілігін бәрінен айқын сезініп отырғандығы байқалып тұр.

Этникалық топтарға бөлінуіне қарай айтсақ, өзге ұлт өкілдері қосымша табыс табу қажеттілігін, қосымша жұмыспен айналысу керектігін жақсы сезінуде, оны көрсеткендер – 42,4%. Білім деңгейіне қарай алсақ, аяқталмаған орта білімі бар жастар (42,6%) қосымша жұмыс істеуге жиі мәжбүр болуда.

Екінші жағынан, сұралғандардың шамамен үштен бірі (27,5%) қосымша жалақы қажет емес және қосымша жұмыс істемеймін деп жауап берді. Бұл пікір 29-34 жас тобы (28,4%) жастары арасында, сонымен бірге қазақтар (27,7%) арасында кеңінен таралып отыр. Техникалық немесе орта-арнаулы білімі бар респонденттер (28,2%) мен ЖОО студенттері (28,5%) де қосымша жалақы қажет емес жауабын беруге бейім.

Бұл деректер жасына, этникалық тегіне біліміне қарай қосымша табыс пен қосымша жұмыс істеуге деген қажеттіліктегі айырмашылықтарды көрсетіп тұр.

№29 диаграмма. «Сізге қосымша жалақы қажет пе?» сауалына жауаптардың бөлінуі




Жұмыссыз қалған жағдайға деп қаржы жинақтау туралы сұраққа берілген респонденттер жауаптарына жасалған талдау жастардың әдетте қаржылық қауіпсіздік жастықтарын жинақтауға көп көңіл бөле бермейтіндігін көрсетті. Сұралғандардың тек 17,1%-ы ғана бұл сұраққа оң жауап берді (№30 диаграмма). 18 жастан жоғары жастардың қаржылық жинаққа ие болуға бейім келетінін атап өтуге болады.

Жұмыссыз қалған жағдайда жастардың 39%-ында қазіргі кезде қаржы жоқ, бірақ қаржы жинақтауды бастауды жоспарлап отыр. Бұл санатқа негізінен 14-18 жас тобы (44%) жастары кіреді. Басқа әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштермен байланыста айтарлықтай статистикалық корреляция байқалмайды.

Әрбір төртінші жас адамда (24,8%) қаржылық қауіпсіздік жастығы жоқ және олар бұны болашақта құруды жоспарлап отырған жоқ. Бұл 24-28 жас тобы респонденттеріне (27,2%) көбірек қатысты.

Респонденттердің 16,8%-ы жұмыссыздығына, қаржы жинақтау мүмкіндігінің болмауына байланысты ешқандай жинақтау қаржысына ие емес. Бұл жауапты 14-18 жас тобы респонденттері (17,7%) жиі көрсетті.

**№30 диаграмма. «Қазіргі кезде Сіз жұмыссыз қалған жағдайға деп қаржы қалдырып, жинақтап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі**





## 2.6. Жұмыссыздыққа көзқарас және өз перспективаларын бағалау

Жұмыссыздыққа қатысты ахуалды бағалағанда сауалға қатысқан жастардың көпшілігі өздері үшін жұмыссыз қалу мүмкіндігі жоққа шығаруға бейім. Жастардың 42%-ы бұған «мүмкін емес деп ойлаймын» деп жауап берді (№31 диаграмма). Бұл жерде жас өсуімен «мүмкін емес деп ойлаймын» жауабын берушілер үлесі де өсіп отыр. Егер 14-18 жас тобында бұл жауапты сұралғандардың 12,3%-ы таңдаса, 29-34 жас тобында олардың үлесі 50,9%-ға жетті.

Жұмыссыз мәртебесін алу ықтималдығын мүмкін деп санайтындар жиынтығында сұралғандардың 36,7%-ын құрап отыр. Бұл пікірді әсіресе орта жас тобы жиі көрсетуде. Мысалы, жас адамдардың 20,9%-ы жұмыссыз мәртебесінде қалу ықтималдығы аз деп есептейді. Орта жас топтарында бұл пікірдің жоғары пайыздық көрсеткіштері байқалады: 19-23 жас тобында - 23,4%, 24-28 жас тобында - 24,5%.

Сұралғандардың 15,8%-ы жұмыссыз қалу қаупі әбден ықтимал деп санайды. «Иә, бұл әбден мүмкін» деп 19-23 жас (18,1%) пен 24-28 жас (18,5%) тобындағылар жиі айтады.

Сауал кезінде 11,9% жас адамдар жұмыс істеген жоқ, олар оқып жатырды. Бұл топтың негізгі үлесін 14-18 жас (67,7%) тобының жастары құрады.

Жастардың аз ғана бөлігі, 7,6%-ы жұмыссыз қалу мүмкіндігін жоққа шығарып отыр. Бұл пікір негізінен 29-34 жас тобы респонденттері арасында кең таралған, көрсеткіш - 10%.

**№31 диаграмма. «Таяу уақытта жұмыссыз қалу жағдайының болуы Сіз үшін мүмкін бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Гендерлік белгісі тұрғысынан еңбек нарығындағы өз орындарына сенімділігі әйелдерде жоғары. Жиынтығында қыздардың 50,5%-ы жұмыссыз мәртебесін алу мүмкіндігін жоққа шығаруға бейім («мүмкін емес деп ойлаймын» және «жоқ, бұл мүлдем мүмкін емес» жауаптарының қосындысы), жігіттер арасында бұндай жауап көрсеткіші - 48,6%. Ал жұмыссыздар қатарында болу мүмкіндігін жігіттердің 38,2% ықтимал деп отырса («иә, бірақ бұл жағдайдың болу мүмкіндігі аз» және «иә, бұл әбден мүмкін» жауаптарының қосындысы), қыздарда бұндай жауап көрсеткіші - 35%.

Этникалық тегі тұрғысынан, жұмыссыз мәртебесін алу мүмкіндігін басқалардан гөрі өзге ұлт өкілдері жиі көрсетуде, жиынтығында - 39,9% (қазақтар арасында - 36%, орыстар арасында - 37,1%). Сонымен қатар, өз перспективаларын бағалауда орыс жастары арасында сенімділік жоғары, жиынтығында - 57,3% (қазақтар арасында - 47%, өзге ұлт өкілдері арасында - 50,3%) (№16 кесте).

**№16 кесте. «Таяу уақытта жұмыссыз қалу жағдайының болуы Сіз үшін мүмкін бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Ерлер	Әйелдер	Қазақтар	Орыстар	Басқалар
Иә, бұл әбден мүмкін	15,8	15,7	16,0	13,0	20,2
Иә, бірақ бұл жағдайдың болу мүмкіндігі аз	22,4	19,3	20,0	24,1	19,7
Мүмкін емес деп ойлаймын	41,5	42,5	40,6	46,0	42,9
Жоқ, бұл мүлдем мүмкін емес	7,1	8,0	6,4	11,3	7,4
Мен оқып жүрмін, жұмыс істемеймін, тәжірибем жоқ	10,9	12,8	15,0	4,0	6,9

Аймақтардағы ахуалды талдауда жұмыссыз қалу мүмкіндігі туралы Атырау, Батыс Қазақстан, Жетісу және Павлодар облысының респонденттері көбірек айтқаны байқалды. Бұл аймақтар бойынша жұмыссыз қалу мүмкін деп отырғандардың жоғары пайыздық көрсеткіші бар.

Екінші жағынан, Ақтөбе, Жамбыл, Павлодар және Ұлытау облыстары респонденттері бұл жағдай болуы мүмкін десе де, өздерін әлеуетті жұмыссыз деп санауға асығып отырған жоқ.

Алайда кейбір аймақтар, Қарағанды, Павлодар облыстары мен Шымкент қаласы өз жағдайларын оң бағалап, жұмыссыз мәртебесін алу мүмкін емес деп санайтын респонденттердің жоғары пайыздарына ие (№17 кесте).

**№17 кесте. «Таяу уақытта жұмыссыз қалу жағдайының болуы Сіз үшін мүмкін бе?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

Аймақ	Иә, бұл әбден мүмкін	Иә, бірақ бұл жағдайдың болу мүмкіндігі аз	Мүмкін емес деп ойлаймын	Жоқ, бұл мүлдем мүмкін емес	Мен оқып жүрмін, жұмыс істемеймін, тәжірибем жоқ	Жауап беруге қиналамын
Абай	12,7	20	50,9	1,8	12,7	1,8
Ақмола	5,3	20	42,7	9,3	20	2,7
Ақтөбе	14,9	26,6	36,2	4,3	17	1,1
Алматы	18,9	16,2	39,9	8,8	14,2	2
Атырау	19,4	19,4	38,9	4,2	13,9	4,2
Батыс Қазақстан	19,4	19,4	50,7	6	4,5	0
Жамбыл	17,1	27,6	35,8	7,3	9,8	2,4
Жетісу	19,4	19,4	44,8	6	7,5	3
Қарағанды	15,5	21,8	38,2	10,9	10,9	2,7
Қостанай	16,5	16,5	48,1	6,3	10,1	2,5
Қызылорда	15,3	17,6	44,7	8,2	12,9	1,2
Маңғыстау	18,8	17,5	37,5	8,8	16,3	1,3
Павлодар	20	28,6	27,1	11,4	12,9	0
Солтүстік Қазақстан	8,3	20,8	47,9	8,3	12,5	2,1
Түркістан	11,9	18,6	44,2	8	15	2,2
Ұлытау	4,5	27,3	50	9,1	4,5	4,5
Шығыс Қазақстан	17,5	15,9	49,2	1,6	14,3	1,6
Астана қ.	14,7	22	42,7	9,3	9,3	2
Алматы қ.	18,4	22,6	40,6	6,4	9,8	2,1
Шымкент қ.	15,9	21,2	45,5	9,8	6,1	1,5

Жастардың көпшілігі жұмыстан айырылған жағдайда өз мамандығын сақтап қалуды жоспарлауда. Сұралған жастардың 30,7%-ы сол мамандық бойынша жұмыс

іздеуге ниетті (№32 диаграмма). Осындай жауапты 19-23 жас аралығындағы респонденттер жиі берді - 38,1%. Сонымен бірге орыстар (33%) мен өзге ұлт өкілдері (33,5%) де осы пікірді жиі берді, ал қазақтар арасында бұл жауап көрсеткіші төмендеу (29,6%).

Жаңа мамандыққа көшуді әрбір оныншы жас қазақстандық қарастыруда, бұл сұралғандардың 10,3%-ын құрайды. Бұл арада 14-18 жас тобынан басқа жас топтары бойынша тең бөліну байқалады, ал 14-18 жас тобының көпшілігі оқып жүр және жұмыс істемейді (67,7%). Этникалық топтар арасында қазақтар мамандық ауыстыру туралы жиі ойланады, көрсеткіш - 10,7% (орыстарда - 9,4%, өзге ұлт өкілдерінде - 8,9%).

Шамамен әрбір оныншы жас адам жұмыс туралы кез келген ұсынысты қарауға әзір. Осындай көзқарасты өзге ұлт өкілдері жиі білдіруде, көрсеткіш - 11,8% (қазақтарда - 9,5%, орыстарда - 10,4%).

Сұралған жастардың 7,1%-ы біліктілік талабы жоғарылау жұмыс іздейтінін айтты. Сонымен бірге респонденттердің 2,4%-ы біліктілік талабы төмендеу жұмыс іздегісі келеді. Жас топтары тұрғысынан алғанда 24-28 жас тобындағылар біліктілігі жоғары немесе төмен жұмысқа ауысу туралы жиі айтуда. Мысалы, 24-28 жас тобы респонденттері арасында 8,4%-ы біліктілік талабы жоғарылау жұмысқа ауысуға дайын екенін білдірсе, 3,5%-ы біліктілік талабы төмендеу жұмысқа ауысу мүмкіндіктерін қарастыруда. Осы жас тобында (24-28 жас) сол сияқты кез келген жұмысқа келісуге дайын жастар саны да көп - 12,8%.

Этникалық тегіне қарай талдау барысында қазақ және орыс жастарының біліктілік талабы жоғарылау жұмыс іздеуге бейімділігі, ал өзге ұлт өкілдерінің біліктілік талабы төмендеу жұмысты немесе ұсынылған кез келген жұмысқа дайындығы анықталды.

Сауалға қатысқан респонденттердің 3,9%-ы уақытша жұмыс істемейтіндіктерін жеткізді. Осындай пікірді өзгелерден гөрі 29-34 жас тобы респонденттері жиі айтты, көрсеткіш - 6,9%, осындай ойлары барын қазақ және орыс жастары да жиі жеткізді (тиісінше, 4%-дан).

Қосымша, респонденттердің 2,1%-ы жұмыссыз қалған жағдайда елдің басқа аймағына немесе басқа елге көшуге әзір екендіктерін жеткізді. Осындай жауапты 19-23 жас тобы респонденттері (2,6%), сол сияқты орыстар (3,1%) мен өзге ұлт өкілдері (3%) де жиі көрсетті.

Алайда әрбір бесінші респондентте (21,8%) жұмыссыз қалған жағдайға қатысты нақты жоспар жоқ және олар «білмеймін, жауап беруге қиналамын» деп айтуда. Осындай респонденттер үлесі жастардың аға жас топтарында, 29-34 жас тобында (26,3%) және орыстар арасында (26,7%) көп.

**№32 диаграмма. «Жұмыстан айырылған жағдайда Сіз не істер едіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Елді мекен типіне қарай корреляцияға талдау жастардың ниет-тілектері мен басымдықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қала жастары сол өз мамандығы бойынша жұмыс іздеуге бейім, көрсеткіш - 32,1% (ауыл жастарында бұл үлес - 28,4%). Қала жастары сол сияқты жаңа мамандық бойынша жұмыс ауыстыруға дайын - 10,8% (ауылда - 9,3%) (№18 кесте).

Екінші жағынан, ауыл жастары кез келген жұмысты алуға дайын - 11,2% (қалада - 9,2%). Сол сияқты ауыл жастары көбінесе уақытша жұмыс істемеуге де дайын - 4,2% (қалада - 3,7%). Ауыл жастары сонымен қатар елдің басқа аймағына немесе басқа елге көшуге әзір - 12,1% (қалада - 11,7%).

Осылайша, елді мекен типі жұмысқа қатысты жастардың ниет-тілектері мен басымдықтарына ықпалын тигізеді. Қала жастары өз мамандықтарында мансаптық мақсаттарды ұстануға бейім болса, ауыл жастарында икемділік басым, олар жұмыстың түрлі нұсқаларын қарауға дайын.

**№18 кесте. «Жұмыстан айырылған жағдайда Сіз не істер едіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Қала	Ауыл
Сол мамандық бойынша жұмыс іздеймін	32,1	28,4
Жаңа мамандық бойынша жұмыс ауыстырамын	10,8	9,3
Біліктілік талабы төмендеу жұмыс іздеймін	2,3	2,6
Біліктілік талабы жоғарылау жұмыс іздеймін	6,5	8
Кез келген жұмысқа келісемін	9,2	11,2
Уақытша жұмыс істемеймін	3,7	4,2
Елдің басқа аймағына/басқа елге кетемін	1,8	2,5
Мен оқудамын, жұмыс істемеймін	11,7	12,1
Білмеймін, Жауап беруге қиналамын	21,9	21,6

Зерттеуден туындайтын жалпы түйін жастардың көпшілігі өздерінің қажет болған жағдайда жұмыс таба алатынына сенімді. Сауалға қатысқан жастардың 46%-ы аздап күш-жігер жұмсап, тең жағдайдағы осындай жұмысты табамын деп

есептейді (№33 диаграмма). Әсіресе осындай пікір 24-28 (53,8%) және 29-34 (52,8%) жас топтары респонденттеріне тән.

Қосымша, 18,3% респонденттер өз мүмкіндіктерін позитивті бағалап отыр және тең жағдайдағы жұмысты оңай таба алатындықтарына сенімді. Жас категориялары тұрғысынан тең бөліну байқалады, тек 14-18 жас тобы бойынша жағдай басқа, олардың көпшілігі оқуда және жұмыс іздеу туралы ойлана қойған жоқ.

Алайда респонденттердің сәл аз бөлігі, 15,6%-ы үлкен қиындықпен ғана тең жағдайдағы осындай жұмысты таба аламыз деп санайды. Тағы 4,9%-ы бұл мүлдем мүмкін емес деп жауап берді. Тең жағдайдағы жұмыс табу перспективасына берілетін осындай баға аға жас тобына қарағанда орта 19-23 жас тобы респонденттеріне көбірек тән.

**№33 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, жұмыстан айырылған жағдайда Сізге осындай жұмыс табу жеңіл бола ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Жастардың этникалық тегіне қарай деректерді талдау барысында жастар арасында тең жағдайдағы жұмысты табу мүмкіндігін бағалаудағы айырмашылықтар анықталады. Орыс ұлты жастары тең жағдайдағы жұмысты табуға қатысты өз мүмкіндігін позитивті бағаласа, өзге ұлт жастарының осы перспективаларды бағалауында позитив аздау.

Сонымен бірге, қала жастарының респонденттері өз күштеріне сенімді және тең жағдайдағы жұмысты оңай табамыз деп есептейді. Қалалықтардың 19,2%-ы, ауыл жастарының 16,7%-ы өздеріне тең жағдайдағы жұмысты оңай табатындықтарын жеткізді. Қалалықтардың 46,8%-ы, ауыл жастарының 44,6%-ы аздап күш-жігер жұмсап, тең жағдайдағы осындай жұмысты табамыз деп санайды. Ауыл жастарының тең жағдайдағы жұмыс табу мүмкіндіктерін позитивті бағалау көрсеткіштері төмендеу. Ауыл жастарының 18%-ы, қала жастарының 14,1%-ы тек үлкен қиындықпен ғана тең жағдайдағы осындай жұмысты табуға болады деп есептейді (№19 кесте).

**№19 кесте. «Қалай ойлайсыз, жұмыстан айырылған жағдайда Сізге осындай жұмыс табу жеңіл бола ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	<b>Қала</b>	<b>Ауыл</b>
Осындай, тең жағдайдағы жұмысты мен өзіме оңай таба аламын	19,2	16,7
Аздап күш-жігер жұмсап, тең жағдайдағы осындай жұмысты табамын деп ойлаймын	46,8	44,6
Тек үлкен қиындықпен ғана тең жағдайдағы осындай жұмысты таба аламын деп ойлаймын	14,1	18
Бұл мүлдем мүмкін емес деп ойлаймын	5	4,7
Мен оқып жүрмін, жұмыс істемеймін, тәжірибем жоқ	11,7	12,1
Білмеймін, Жауап беруге қиналамын	3,2	3,8

Жоғары білімді респонденттердің еңбек нарығында өз мүмкіндіктеріне сенімі жоғары екенін атап кеткен жөн. Елдегі орташа жағдаймен салыстырғанда жастардың дәл осы санатында жаңа жұмыс орнын іздеудің табыстылығына сенімді жастар үлесі жоғары (№20 кесте).

Ортадан жоғары білімі бар респонденттер де еңбек нарығындағы өз мүмкіндіктеріне сенімді. Олардың арасында да жаңа жұмыс орнын іздеудің табыстылығына сенімді жастар үлесі елдегі орташа үлес көрсеткішінен жоғары.

Бұл барынша жоғары білім алу жастардың еңбек нарығындағы мүмкіндіктері мен өз кәсіби дағдыларына сенімділіктерін арттыра түсетінін дәлелдейді. Білімнің барынша жоғары деңгейі оларға бәсекелестік артықшылықтар беріп, мансаптық өсудің перспективалы мүмкіндіктері жол ашуы ықтимал.

**№20 кесте. «Қалай ойлайсыз, жұмыстан айырылған жағдайда Сізге осындай жұмыс табу жеңіл бола ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**


	Аяқталмаған орта (мектептің 9 сыныбы)	Орта (мектептің 11 сыныбы)	Кәсіби-техникалық орта арнаулы	Аяқталмаған жоғары, ЖОО-да оқып жүрмін	Жоғары (ЖОО бітірдім)	Жоғары және ғылыми дәреже (магистр, кандидат, доктор, PhD)
Осындай, тең жағдайдағы жұмысты мен өзіме оңай таба аламын	3,0	17,3	18,1	21,7	19,4	21,6
Аздап күш-жігер жұмсап, тең жағдайдағы осындай жұмысты табамын деп ойлаймын	6,9	45,7	44,3	50,0	52,4	52,6
Тек үлкен қиындықпен ғана тең жағдайдағы осындай жұмысты таба аламын деп ойлаймын	2,0	18,5	11,8	18,6	17,7	17,0
Бұл мүлдем мүмкін емес деп ойлаймын	2,5	6,2	2,8	5,3	6,3	5,8
Мен оқып жүрмін, жұмыс істемеймін, тәжірибем жоқ	84,7	12,3	19,2	0,2	0,0	0,0
Білмеймін, жауап беруге қиналамын	1,0	0,0	3,8	4,1	4,2	2,9

Жұмыссыз қалу мәселесі қазақстандық жастар арасында масштабтық сипатқа ие бола қойған жоқ. Соңғы 2-3 ай ішінде өз таныстар арасында қанша адам жұмыссыз қалды деген сауалға респонденттердің көпшілігі жоқ деп жауап берді, көрсеткіш – 47,5% (№34 диаграмма). Тағы 35,1%-ы өз айналасында 1-3 адам жұмыстан айырылғанын жетізді. «Көп (4 адам және одан да көп)» жауабын респонденттердің 11%-ы берді.

Бұл деректер Қазақстанда жастар таныстары арасында жұмыстан айырылу кеңінен таралған мәселе еместігін көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі осындай

жағдаймен кездеспеген немесе олардың айналасында жұмыссыз қалу жағдайлары аз, шектеулі ғана болған.

**№34 диаграмма. «Соңғы 2-3 ай ішінде өз таныстарыңыз арасында қанша адам жұмыссыз қалды?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Қала және ауыл жастары тұрғысынан олардың таныстары арасында жұмыссыз қалуға қатысты келесі корреляцияны байқауға болады. Ауыл жастары 4 және одан көп адамдардың жұмыссыз қалуы туралы көбірек айтады (12,9%), бұл қаладағы көрсеткіштен 3,1%-ға жоғары. Қала жастары болса таныстары арасында жұмыстан айырылу жағдайлары болмағанын жиі айтады, көрсеткіш – 48,5% (ауылда - 45,7%) немесе жұмыссыз қалғандардың аз санын (1-3 адам) көрсетеді, көрсеткіш - 35,5% (ауылда – 34,5%).

Аймақтар тұрғысынан 4 және одан көп адамдардың жұмыссыз қалуы туралы Жамбыл, Қызылорда облысы жастары мен Шымкент қаласының жастары көбірек айтып отыр. 1-3 адамның жұмыссыз қалуын Абай, Ақмола, Жетісу және Шығыс Қазақстан облысы жастары жиі көрсетті (№21 кесте). Таныстар арасында жұмыссыз қалу жағдайларының болмағаны туралы Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Ұлытау облыстары мен Алматы қаласының респонденттері жиі көрсетті.

Бұл деректер елді мекендердің түрлі типтері мен аймақтарда таныстары арасындағы жұмыстан айырылу жағдайларын әр түрлі қабылдайтынын көрсетеді. Елді мекен типі мен тұру аймағы сияқты факторлардың ықпалы жұмысты жоғалту тәжірибесінде көрінуі және жастар ортасында бұл мәселені қабылдауда байқалуы мүмкін.

**№21 кесте. «Соңғы 2-3 ай ішінде өз таныстарыңыз арасында қанша адам жұмыссыз қалды?» сауалына жауаптардың аймақтар тұрғысынан бөлінуі, %**

Аймақ	Көп (4 адам және одан көп)	1-3 адам	Ондай адамдар жоқ	Жауап беруге қиналамын
Абай	9,1	47,3	34,5	9,1
Ақмола	9,3	42,7	44,0	4,0
Ақтөбе	14,9	34,0	43,6	7,4
Алматы	12,2	33,1	48,0	6,8
Атырау	8,3	33,3	48,6	9,7
Батыс Қазақстан	10,4	35,8	47,8	6,0
Жамбыл	15,4	35,0	44,7	4,9
Жетісу	3,0	40,3	47,8	9,0
Қарағанды	9,1	36,4	50,9	3,6
Қостанай	11,4	30,4	45,6	12,7
Қызылорда	20,0	32,9	41,2	5,9
Маңғыстау	6,3	37,5	50,0	6,3
Павлодар	12,9	28,6	52,9	5,7
Солтүстік Қазақстан	8,3	33,3	47,9	10,4
Түркістан	9,7	35,8	49,6	4,9
Ұлытау	13,6	22,7	59,1	4,5
Шығыс Қазақстан	7,9	41,3	46,0	4,8
Астана қ.	10,7	36,7	47,3	5,3
Алматы қ.	8,5	33,3	51,7	6,4
Шымкент қ.	15,9	31,8	43,9	8,3

Сауал нәтижелері бойынша жастардың 38,9%-ы жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне байланысты көшуді жоспарлап отырған жоқ. Әрбір бесінші респондент бұл туралы ойлаған жоқ (№35 диаграмма).

Респонденттердің 41,2%-ы арасында түрлі деңгейдегі көш-қондық әлеует байқалады. Олардың 14,4%-ы жақын арада көшуге дайындалып отыр немесе көшуді жоспарлауда. 16,7%-ы көшкісі келеді, бірақ мүмкіндіктері жоқ. Ал респонденттердің 10,1%-ы әзірге көшу туралы ойлап отырған жоқ, бірақ белгілі бір жағдаяттар туындаса көшеді.

Жас ерекшеліктері тұрғысынан корреляцияға жасалған талдау респонденттер жасымен бірге көш-қондық әлеуеттің де өсетінін көрсетеді, дегенмен барынша жоғары көрсеткіштер 24-28 жас тобы жастарында байқалды. Сөйтіп, 24-28 жас аралығындағы сұралғандардың 15,5%-ы жақын арада көшуге дайындалуда немесе көшуді жоспарлауда, ал, мысалы, 14-18 жастағылар арасында 13,1% ғана. Көшуді жоспарламаған респонденттер 14-18 жас тобында - 43,4%, 24-28 жас тобында - 36,6%.

**№35 диаграмма. «Жұмысқа орналасудың жақсы мүмкіндіктеріне байланысты тұру мекеніңізді ауыстыруға Сіз дайынсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі**





Қала жастарында ауыл жастарына қарағанда жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне байланысты көш-қондық әлеует төмендеу. Мысалы, ауыл жастарының 15,3%-ы жақын арада көшуге дайындалып отыр немесе көшуді жоспарлап отыр (қалалықтарда – 13,8%). Ауыл жастарының 18,7%-ы көшкісі келеді, бірақ мүмкіндіктері жоқ (қалада бұл көрсеткіш – 15,4%). Көшуді мүлдем жоспарламаған қала жастары 40,7% (ауыл жастары – 35,9%) (№22 кесте).

**№22 кесте. «Жұмысқа орналасудың жақсы мүмкіндіктеріне байланысты тұру мекеніңізді ауыстыруға Сіз дайынсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Қала	Ауыл
Мен жақын арада көшуге дайындалып отырмын немесе көшуді жоспарлап отырмын	13,8	15,3
Көшкім келеді, бірақ өзiрге ондай мүмкіндік болмай тұр	15,4	18,7
Әзірге көшу туралы ойлаған жоқпын, бірақ белгілі бір жағдаяттар туындаса көшемін	11,1	8,3
Көшу туралы жоспар жоқ	40,7	35,9
Бұл туралы ойлаған жоқпын	19,0	21,8

Этникалық тұрғыдан қарасақ, көш-қондық көңіл әсіресе орыс жастары арасында байқалады. Орыс жастарының 16,7%-ы жақын арада көшуге дайын немесе көшуді жоспарлап отыр (қазақтарда – 13,9%, өзгелерде – 12,3%). Орыс жастарының 17,7%-ы көшкісі келеді, бірақ мүмкіндіктері жоқ (қазақтар – 16,3%, өзгелер – 16,7%). Ал қазақ жастары арасында көш-қондық әлеует барынша аз байқалады. Мысалы, қазақтардың 39,5%-ында көшу жоспары жоқ (орыстар – 16%, өзгелер – 20,7%) (№23 кесте).

Өзге ұлт жастары арасында да көш-қондық әлеует көп байқалмайды, дегенмен олардың 16,3%-ы белгілі бір жағдаяттар туындаса көшуге дайын.

**№23 кесте. «Жұмысқа орналасудың жақсы мүмкіндіктеріне байланысты тұру мекеніңізді ауыстыруға Сіз дайынсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Қазақтар	Орыстар	Басқалар
Мен жақын арада көшуге дайындалып отырмын немесе көшуді жоспарлап отырмын	13,9	16,7	12,3
Көшкім келеді, бірақ өзiрге ондай мүмкіндік болмай тұр.	16,3	17,7	16,7
Әзірге көшу туралы ойлаған жоқпын, бірақ белгілі бір жағдаяттар туындаса көшемін	9,0	10,4	16,3
Көшу туралы жоспар жоқ	39,5	39,2	34,0
Бұл туралы ойлаған жоқпын	21,2	16,0	20,7

Аймақтар тұрғысынан алғанда жастардың көшуге қатысты ниеттері бойынша кейбір тенденцияларды атап өтуге болады.

Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Алматы облысының жастары арасында жақын арада көшуге дайын немесе көшуді жоспарлап отырғандар үлесі салыстырмалы түрде жоғары.

Абай, Маңғыстау және Қостанай облысының респонденттері көшкісі келеді, бірақ өзiрге мүмкіндіктері жоқ.

Маңғыстау, Ұлытау облыстары мен Алматы қаласының жастары өзiрге көшу туралы ойлап отырған жоқ, бірақ белгілі бір жағдаяттар туындаса көшуі ықтимал.

Павлодар, Батыс Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облысының жастарында көшу жоспары жоқ, көшу оларға мақсат емес. Сол сияқты Ұлытау, Жетісу, Қызылорда облысының жас тұрғындары да көшу туралы ойлап отырған жоқ.

Аймақтар арасындағы осындай айырмашылықтар тұру орны мен көшуге қатысты жастардың қажеттіліктері мен басымдықтарының жан-жақтылығын көрсетеді (№24 кесте)..

**№24 кесте. «Жұмысқа орналасудың жақсы мүмкіндіктеріне байланысты тұру мекеніңізді ауыстыруға Сіз дайынсыз ба?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

Аймақ	Мен жақын арада көшуге дайындалып отырмын немесе көшуді жоспарлап отырмын	Көшкім келеді, бірақ әзірге ондай мүмкіндік болмай тұр	Әзірге көшу туралы ойлаған жоқпын, бірақ белгілі бір жағдаяттар туындаса көшемін	Көшу туралы жоспар жоқ	Бұл туралы ойлаған жоқпын
Абай	1,8	49,1	12,7	16,4	20
Ақмола	18,7	20	5,3	28	28
Ақтөбе	13,8	25,5	9,6	21,3	29,8
Алматы	22,3	19,6	5,4	27	25,7
Атырау	13,9	12,5	9,7	48,6	15,3
Батыс Қазақстан	3	10,4	4,5	67,2	14,9
Жамбыл	10,6	12,2	8,9	46,3	22
Жетісу	13,4	22,4	10,4	22,4	31,3
Қарағанды	20,9	15,5	10,9	38,2	14,5
Қостанай	29,1	26,6	7,6	34,2	2,5
Қызылорда	11,8	5,9	9,4	42,4	30,6
Манғыстау	13,8	27,5	13,8	22,5	22,5
Павлодар	10	2,9	5,7	80	1,4
Солтүстік Қазақстан	29,2	8,3	10,4	50	2,1
Түркістан	9,3	9,7	11,5	42,5	27
Ұлытау	18,2	4,5	13,6	0	63,6
Шығыс Қазақстан	11,1	15,9	11,1	50,8	11,1
Астана қ.	18	20	12,7	35,3	14
Алматы қ.	14,1	17,9	13,2	37,6	17,1
Шымкент қ.	9,1	12,1	9,8	48,5	20,5


Жұмыссыздыққа қатысты пікір сан түрлі болғанымен, жастар жалпы алғанда жұмыссыздықпен байланысты өздерін алаңдатып жүрген бірнеше негізгі аспектілерді бөліп көрсетуде.

Жастар үшін басты бас ауру - ол қаржының болмауы, осыны респонденттердің 55,5%-ы көрсетті. Бұл әсіресе 19-23 жастағы жастарды көбірек алаңдатады, осындай жауапты олардың 56,6%-ы берді. Бұл жұмыс болмаған жағдайда қаржылық тұрақтылық пен өзін материалдық жағынан қамтамасыз ету қабілеті жастар үшін маңызды екенін көрсетеді.

Әлеуметтік мәртебенің төмендеуі (15,5%), ата-анаға/жұбайына материалдық тәуелді болып қалуға байланысты алаңдаушылық (14,8%) және өзін-өзі жүзеге асыра алмау (10,2%) жастар алаңдаушылығын тудырып отырған келесі аспектілер болып табылады. Бұл - жастар әлеуметтік мәртебенің сақталуы, еркіндік және өзін-өзі іске асыру сияқты жұмыссыздықтың әлеуметтік және жекелік аспектілеріне көңіл аударады деген сөз (Диаграмма №36).

Араласатын ортаның тарылуы жастарды онша алаңдатпайды (3,7%). Бұл жұмыссыздықтың әлеуметті байланыстар мен әлеуметтік қолдауға ықпалына жастар онша көңіл аудармайды дегенді білдіреді. Жалпы алғанда бұл нәтижелер жастар үшін жұмыссыздықтың қай аспектілері маңызды болып табылатынын жақсы түсінуге мүмкіндік береді және жұмыссыз жастарды қолдау шаралары мен бағдарламаларын дайындауда көмектесе алады.

**№36 диаграмма. «Жұмыссыздық жағдайында Сізге ең ауыр тиетін, басты уайым болатын не?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Әлеуметтік мәртебенің төмендеуі әсіресе 14-18 жас тобы үшін өзекті екенін талдау көрсетіп тұр, олардың 18,6%-ы осы аспектіні жұмыссыздық жағдайындағы негізгі уайым ретінде көрсетті (№25 кесте). Бұл осы жаста жас адамдар өздерінің әлеуметтік және кәсіби бірегейлігін тек жаңа құра бастайтындығымен және жұмыссыз қалу олардың өзін, қоғамдағы орнын қабылдауына әсер ететіндігімен байланысты болуы мүмкін.

Басқа жағынан алғанда ата-анаға/жұбайына материалдық тәуелді болу 29-34 жас тобындағы жастарға үлкен әсер етеді, респонденттердің 17,5%-ы осы аспектіні атады. Бұл осы жастағылардың қаржылық тәуелсіздік пен дербес болуды күтетіндігімен, ал жұмыссыздық өзгелерге тәуелді болу мен қаржылық қиындықтар әкелетіндігімен байланысты болар.

Бұл деректер жұмыспен қамту саласында бағдарламалар мен қолдау шараларын жоспарлауда, дайындауда жастардың ерекше қажеттіліктері мен жасына қарай айырмашылықтарын ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Саясаттар мен бастамаларды әзірлеу кезінде жастардың әртүрлі жас топтарындағы проблемалары мен жұмысқа орналасу қажеттіліктерін шешуде тиімді қолдау мен көмек көрсету үшін олардың алдында тұрған нақты міндеттерді ескеру қажет.

**№25 кесте. «Жұмыссыздық жағдайында Сізге ең ауыр тиетін, басты уайым болатын не?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас	Ерлер	Әйелдер
Әлеуметтік мәртебенің төмендеуі	18,6	13,6	16,1	15,0	16,8	14,1
Қаржының болмауы	54,0	56,6	55,2	55,0	55,0	55,9
Араласатын ортаның тарылуы	2,9	4,3	3,0	4,4	3,7	3,6
Өзін-өзі іске асырудың мүмкін болмауы	9,7	10,6	11,2	7,8	10,6	9,8
Ата-анаға/жұбайыма материалдық тәуелді болып қалу	14,6	14,8	13,6	17,5	13,4	16,3
Білмеймін, Жауап беруге қиналамын	0,3	0,1	0,8	0,3	0,5	0,3

Жұмыссыздықпен байланысты мәселелерге қатысты қызық корреляция гендерлік тұрғыдан алғанда байқалуы мүмкін. Жұмыссыздық жағдайындағы басты уайым ретінде ер адамдар әлеуметтік мәртебенің төмендеуін атап отыр, олардың 16,8%-ы осыны көрсетсе, әйелдер арасында бұл көрсеткіш – 14,1%.

Бұл әдетте ерлерге байланысты әлеуметтік орындармен, күтістермен байланысты болуы мүмкін. Жұмыссыз қалу ер адам үшін оның қоғамдағы кәсіби және экономикалық рөлімен байланысты әлеуметтік мәртебесінен айырылу деп қабылдануы ықтимал.

Екінші жағынан әйелдер ата-анаға/жұбайына материалдық тәуелді болып қалу мәселесін жиі көрсетеді. Бұл әйелдер қаржылық жағынан ерлерге немесе ата-анаға тәуелді болуы керек деген дәстүрлі гендерлік күтістермен, рөлдермен байланысты болар. Сондықтан жұмыссыз қалу қаржылық тәуелсіздікке, өзін және отбасын материалдық жағынан қамтамасыз етуге байланысты алаңдаушылық тудыруы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері жұмыспен қамту саласында бағдарламалар мен қолдау шараларын жоспарлауда, дайындауда гендерлік айырмашылықтар мен ерекше қажеттіліктерді, ерлер мен әйелдер кездесетін бөлек мәселелерді ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Саясат пен бастама гендерлік теңсіздікті жоюға және жұмыспен қамту мен экономикалық дербестік салаларында ерлер мен әйелдерге тең мүмкіндіктер құруға бағытталуы тиіс.

## 2.7. Жастардың кәсіпкерлік қызметпен айналысуы


Сауал нәтижелері көрсеткендей, кәсіпкерлік қызметке қызығушылық жастар арасында төмен күйінде қалып отыр. Сауалға қатысқан жастардың көпшілігі (74,4%) бизнесте тәжірибесі жоқтығын атады. Бұл өзіндік кәсіпкерлік қызметті іске асырудағы мотивация мен мүдделіліктің шектеулі болуын көрсетуі мүмкін (№37 диаграмма).

Солай болса да, кәсіпкерлік қызметте тәжірибелі жастардың азғантай бөлігі (21,8%) бар. Олардың 6,8%-ы өз тәжірибелерін сәтті деп санаса, 4,6%-ы тәжірибелерінің сәтсіз болғанын жеткізді. Бұл барлық жасалған қадамдар сәтті болмаса да кейбір жас кәсіпкерлердің бизнесте оң тәжірибелері бар екенін көрсетіп тұр.

Сұралғандардың әрбір оныншысы (10,4%) кәсіпкерлікпен айналысуды жалғастыруда, бұл кейбір жастарда өз бизнесін дамытуға деген тұрақты қызығушылығы мен шешімі барлығынан хабар берсе керек.

Кәсіпкерлік қаржылық ресурстарға, білім мен дағдыларға қол жеткізу, инфроқұрылымды қолдау сияқты бірнеше факторларға байланысты болатынын ескерген жөн. Жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған тиісті бағдарламалар мен бастамаларды дайындау бұл салаға деген мүмкіндіктер мен қызығушылықтың артуына септесуі ықтимал.

№37 диаграмма. «Сізде кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі болды ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі



Сауал нәтижелері бойынша жастардың кәсіпкерлікке қызығушылығы елді мекен типіне, гендерлік белгіге қарамастан төмен күйде қалуда. Қала жастары ішінде тек 21,1%-ында кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі бар және қазіргі кезде олардың 9,5%-ы ғана осы салада жұмыстарын жалғастырып жатыр. Өз кезегінде, ауыл жастары арасында кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі туралы тек 22,9%-ы айтты, олардың 11,8%-ы кәсіпкерлікпен айналысуды жалғастырып жатыр.

Бұл деректер жастар арасындағы кәсіпкерлік белсенділігі кеңінен таралмағандығын көрсетеді және ол жастардың тұру орындарына (қала, ауыл) байланысты емес. Бұл түрлі факторлармен байланысты болуы мүмкін, олардың ішінде қаржылық ресурстың жетіспеушілігі, кәсіпкерлік инфроқұрылымы мен ресурстарына қолжетімділіктің шектеулігі, сонымен бірге осы саладағы білім мен дағдылардың болмауы бар.

Кәсіпкерлік тәжірибеге қатысты ерлер мен әйелдер жауаптарында аздаған айырмашылықтар байқалады. Кәсіпкерлік тәжірибесі бар ерлер 21,6% болса, әйелдер арасында бұл үлес 22,1% болды. Алайда осы мерзімде кәсіпкерлікпен айналысып жүрген ерлер үлесі әйелдерден көбірек (№26 кесте).

Жас топтарына қатысты басқа динамика байқалуда. 14-18 жас тобындағы респонденттердің тек 8,6%-ында ғана кәсіпкерлік тәжірибе бар, бұл шектеулермен, осы саладағы тәжірибенің болмауымен байланысты болар. Сол сияқты осы жас тобында сәтсіз кәсіпкерлік тәжірибесі барлардың үлесі де жоғары - 6%. Сонымен бірге, аға жас тобында, 29-34 жас, қазір кәсіпкерлікпен айналысып жүргендер үлесі 13,4% болса, ал табысты кәсіпкерлік тәжірибеге ие болғандар 7,5%-ды құрады.

Бұл деректер жас шамасы өсуімен бірге жас адамдарда кәсіпкерлік қызмет мүмкіндігі мен кәсіпкерлікке деген қызығушылық та артатынын білдіреді. Бұл табысты кәсіпкерлік қызметке жол ашатын тәжірибенің жиналуымен, дағдылардың жақсаруымен, ресурстардың артуымен байланысты болуы мүмкін.

**№26 кесте. «Сізде кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі болды ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Ерлер	Әйелдер	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Иә, мен қазір де кәсіпкерлікпен айналысамын	11,4	9,4	8,6	8,9	11,6	13,4
Сәтті тәжірибе болды	6,1	7,5	6,9	6	7,3	7,5
Сәтсіз тәжірибе болды	4,1	5,2	6	5,7	3,8	2,2
Жоқ, тәжірибем болған емес	74,5	74,3	74	76,6	73,6	71,6
Жауап беруге қиналамын	4	3,6	4,6	2,7	3,8	5,3

Этникалық белгі тұрғысынан жасалған талдау Қазақстанның орыс ұлты тұрғындарының арасында кәсіпкерлік тәжірибеге ие жастар үлесі жоғары екенін көрсетті. Жиынтығында орыс респонденттердің 25,9%-ында кәсіпкерлік тәжірибе болса, ондай тәжірибеге ие қазақтар үлесі – 20,2%, өзге этникалық топ өкілдерінде - 23,6%.

Қазақтарда, сонымен қатар, кәсіпкерлік тәжірибесі жоқ респонденттер үлесі жоғары. Қазақтардың 75,6%-ында кәсіпкерлік тәжірибе жоқ, бұл көрсеткіш орыстарда - 70,8%, өзге этникалық топ өкілдерінде - 73,9%.

Бұл деректер Қазақстандағы жастардың түрлі этникалық топтары арасында кәсіпкерлік тәжірибеге қатысты айырмашылықтар барлығын көрсетеді. Бұл, мүмкін, кәсіпкерлік мүмкіндігі мен оған қызығушылыққа әсер ете алатын мәдени, әлеуметтік және экономикалық факторлардағы ерекшеліктерге байланысты болар.

Жастар арасында кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру үшін осы ерекшеліктер ескеріліп, әр этникалық топтың өзгешелігі ескерілген қолдау, оқыту және ресурстар ұсынылуы керек. Сол сияқты ақпараттық жұмысты жүргізіп, ел экономикасы дамуына қатысуларын арттыру мақсатында түрлі этникалық топ жастарын кәсіпкерлікке ынталандыру қажет.

Кәсіпкерлік жастарға қаржылық жайлылыққа қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздікке ие болу мүмкіндігімен тартымды. Жастармен жүргізілген сауал нәтижелері бойынша өзіндік бизнесті құру үшін келесі факторлар негізгі стимул болып табылады:

Үлкен тәуелсіздік: тәжірибесі бар респонденттердің 32,4%-ы бұл факторды бизнес құру үшін маңызды деп көрсетті. Кәсіпкерлікті жастар дербес шешім қабылдау мен өз бизнесін бақылау мүмкіндігін ала отырып, өз идеяларын, өз мақсаттарын жүзеге асырудың амалы ретінде көреді (№38 диаграмма).

Жеке табыстың артуы: сұралғандардың 29,5%-ы табыстың артуын маңызды фактор деп санайды. Жалданған қызметкермен салыстырғанда кәсіпкерлік жоғары табыс алу мен өз қаржылық жайлылығын өзі бақылауға мүмкіндік береді.

Тұрақты табыс: жастардың 11,9%-ы бизнес бастау үшін тұрақты табыс негіз болады деп атады. Кәсіпкерлік тұрақты да үнемі түсетін табыс көзін құруға мүмкіндік бере алады.

Инновациялық бизнес-шешімдер: бизнес бастау үшін инновациялық бизнес-шешімдерді табу мотивациясын көрсеткен респонденттер үлесі көп емес (4,9%). Алайда бұл кәсіпкерлік сектордың даму әлеуетін көрсетуі мүмкін, бұл жерде жаңашылдық идеялар мен шешімдердің маңызы бар.

№38 диаграмма. «Бизнес бастаудың негізгі себебі неде?» сауалына жауаптардың бөлінуі



Жас шамасы категориясы тұрғысынан кәсіпкерлік қызмет үшін негізгі мотивацияларға қатысты айырмашылықтарды байқауға болады.

24-28 жас тобындағылар бизнес бастау үшін себеп ретінде үлкен тәуелсіздікті жиі көрсетті. Бұл дербес шешім қабылдау мен өзінің кәсіби, жеке өмірін бақылауда ұстау ниетімен байланысты болар.

29-34 жастағылар арасында жеке табыстың артуы бизнес ашуда маңыздырақ фактор бола бастады. Бұл шамадағы жастарда жұмыстың үлкен тәжірибесі болуы мүмкін, олар қаржылық тұрақтылық пен өз материалдық жағдайын жақсартуға ұмтылады.

Аға жас тобы (29-34 жас) сонымен бірге кәсіпкерлік мотивациясы ретінде тұрақты табысты жиі көрсетті. Бұл бизнес бастау туралы шешім қабылдау кезінде маңызды аспект болып табылатын тұрақты да үнемі түсетін табыс көзін құруға ұмтылысты көрсетеді.

Мотивациялардағы айырмашылықтар өмірдің түрлі фазаларымен, жастардың кәсіби дамуымен байланысты болуы мүмкін. 24-28 шамасындағы жастар тәуелсіздікке жету мен жаңа мүмкіндіктерді игеруге бағытталса, 29-34 жас топ өкілдерінде қаржылық міндеттер көбірек болуы, соған сәйкес оларда тұрақтылыққа, қаржылық жағдайды жақсартуға ұмтылыс басым болуы ықтимал.

Бұл қорытындылар кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған тиісті бағдарламалар мен іс-шараларды дайындауда жастардың жеке қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын көрсетіп тұр.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізу жастардан айтарлықтай күш-жігерді қажет етеді. Респонденттер өздері кездескен бірнеше негізгі мәселелерді анықтап атады.

Кәсіпкерлер кездесіп отырған басты мәселенің бірі – жоғары салық төлемдері. Респонденттердің 32,6%-ы осы мәселені көрсетті (№39 диаграмма). Бұл мәселеге қатысты жоғары алаңдаушылық әсіресе 19-23 жас тобында байқалды, олардың 41,7%-ы жоғары салық төлемдеріне қатысты өз алаңдаушылықтарын білдірді.

Жас кәсіпкерлер кездесіп отырған келесі қиындық – жеңілдікпен несиеленудің шектеулі болуы. Респонденттердің 12,3%-ы осы мәселені көрсетті. Несиелендіруге қатысты мәселемен ұшырасқан респонденттердің жоғары пайызы 14-18 жас тобында байқалды, олардың 69,2%-ында несиеленуде негативті, теріс тәжірибе болған.

Сонымен бірге респонденттердің бір бөлігі (9,2%) өз аймағындағы ғимарат жалға алудың жоғары құнын өздері кездесіп отырған кедергі ретінде атады. Бұл мәселе әсіресе 19-23 пен 24-28 жас топтары үшін өзекті.

Жас кәсіпкерлердің азғана пайызы (3,7%) өз кәсіпкерлік қызметінде қандай болса да кедергі тудыратын мәселелермен кездеспегенін жеткізді.

Бұл нәтижелер жастар кәсіпкерлігі үшін қолайлы орта қалыптастыру үшін жоғары салық төлемдерімен, жеңілдетілген несиелендіру қолжетімділігімен, ғимараттар жалға алудың жоғары құнымен байланысты туындаған мәселелерді қарастырудың, шешудің қажеттілігін көрсетеді.

**№39 диаграмма. «Кәсіпкерлікпен айналысу барысында Сіз қандай мәселелерге тап болдыңыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі.**





Жастардың кәсіпкерлікпен айналысудан бас тартудың басты себебі – бастапқы капиталдың болмауы, сауалға қатысушылардың 37,5%-ы осы факторды көрсетті (№40 диаграмма). Кәсіпкерліктен бас тартудың себебі ретінде бастапқы капиталдың болмауын көрсеткендердің жоғары пайызы әсіресе 24-28 жас тобы бойынша байқалды, онда жастардың 41,9%-ы осы ойды білдірді.

Жастардың кәсіпкерліктен қашық болуының тағы бір маңызды себебі – сәтсіздікке ұшырап, банкрот болудан, тәуекелге барудан бас тарту. Респонденттердің 24,4%-ы осы жауапты таңдады. Осы себепті әсіресе 14-18 жас тобындағылар жиі көрсетті, 29,7% респонденттер тәуекелге, сәтсіздікке қатысты алаңдаушылығын білдірді.

Сонымен қатар, жастардың 19,1%-ы дербес бизнес құру үшін білім жеткіліксіздігін атады. Бұл пікір әсіресе 19-23 жас тобы үшін өзекті болды, топтағы осы факторды көрсеткен респонденттер – 25,2%.

Сауалға қатысушылардың бір бөлігі (9,8%) мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдауы әлсіз деп санайды. Бұл пікір әсіресе 19-23 жас тобы үшін өзекті болды, мемлекет қолдауна көңілі толмаған осы топтағы респонденттер – 15,3%.

**№40 диаграмма. «Кәсіпкерлікпен айналысудан бас тартуға не себеп болды немесе не себеп болуы мүмкін?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Топтар бойынша алынған деректерді талдау кәсіпкерлікке қатысты қала мен ауыл жастары арасындағы кейбір айырмашылықтарды көруге мүмкіндік берді.

Ауыл жастары кәсіпкерлікпен айналысудың басты кедергісі ретінде бастапқы капиталдың болмауын (40,8%) жиі көрсетті, қала жастары арасында бұл көрсеткіш – 35,4%. Бұл ауылдық жерлерде ресурстарға қолжетімділік пен қаржылық мүмкіндіктердің шектеулі болуымен байланысты болар.

Ауыл жастарының тағы бір ерекше сипаты - дербес бизнес құру үшін білім жеткіліксіздігін көрсеткен респонденттер үлесінің жоғары пайызы (21,9%). Қалалық ортада бұл фактордың маңыздылығы сәл төмен және 17,4% болды. Бұл ауылдық жерлерде білім алу ресурстары мен кәсіпкерлікке оқытудың шектеулі болуымен байланысты болуы мүмкін.

Екінші жағынан қала жастары тәуекелге бара бермейді. Олар сәтсіздікке ұшырап, банкрот болудан, тәуекелге барудан бас тартуды жиірек көрсетті (25,7%), ауыл жастарында осындай жауапты таңдаған респонденттер – 22,4%. Бұл, мүмкін,

бизнесті қолдау мен мүмкіндіктердің кең жүйесі құрылған қалалардағы кәсіпкерліктің дамыған ортасына байланысты болар (№27 кесте).

Жалпы алғанда, бұл айырмашылықтар кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған тиісті бағдарламалар мен іс-шараларды дайындауда қала мен ауыл жастарының ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын көрсетіп тұр. Бұған ауыл жастарын қаржылық қолдау, ауылдық аудандарда кәсіпкерлік дағдыларды дамыту мақсатындағы білім бағдарламалары мен ресурстарды, сонымен бірге қалада кәсіпкерлік ортаны дамыту жағдайлары мен стимулдарын қосуға болады.

**№27 кесте. «Кәсіпкерлікпен айналысудан бас тартуға не себеп болды немесе не себеп болуы мүмкін?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Қала	Ауыл
Бастапқы капиталдың болмауы	35,4	40,8
Сәтсіздікке ұшырап, банкрот болудан, тәуекелге барудан бас тарту	25,7	22,4
Дербес бизнес құру үшін білім жеткіліксіздігі	17,4	21,9
Мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдауы әлсіз	10,9	8,0
Жауап беруге қиналамын	10,6	7,0

Сауалға қатысқан жастардың басым көпшілігі (40,8%) жастар үшін 2,5 пайызбен берілетін жеңілдікті несиелеу туралы естігенін, бірақ шарттарын білмейтінін айтты (№41 диаграмма). Бұл жауап нұсқасы 24-28 жас тобы респонденттері арасында кеңінен таралған (43,2%).

Әрбір бесінші респондент (22,7%) бұл бағдарлама туралы білмейді. Бағдарлама туралы ақпараттың жоқтығы негізінен 19-23 жас тобындағыларға тән (24,2%).

Бағдарлама туралы білетін, бірақ несие рәсімдеуді жоспарламаған респонденттер үлесі 17,1%-ды құрады. Бұл пікір 14-18 жас тобы (20%) қатысушылары арасында жиі аталды.

Сауалға қатысушылардың 11%-ы ғана жеңілдетілген несие пайдалануды жоспарлауда. Бұл негізінен 14-18 жас тобы (13,4%) мен 29-34 жас тобы (13,1%) респонденттеріне тән болды.

Сұралғандардың тағы 8,5%-ы жеңілдетілген несие мүмкіндігін пайдаланған таныстары бар екенін жеткізді. Бұл жауап 14-18 жас тобы мен 19-23 жас тобында (10 пайыздан) жиі кездесті.

Бұл деректер жас адамдардың көпшілігі жеңілдікті несиелеу бағдарламасы естігенімен, барлығы бірдей нақты ақпаратқа ие емес немесе бұл мүмкіндікті пайдалануды жоспарлап отырған жоқ. Өздерінің кәсіби және кәсіпкерлік мақсаттарын іске асыру жолында жеңілдетілген несиелендіруді жастар көбірек пайдалануы үшін бағдарлама, оның артықшылықтары туралы жастарды ақпараттандыруды күшейту керек.

**№41 диаграмма. «Сіз жастар үшін 2,5 пайызбен берілетін жеңілдікті несиелеу туралы білесіз бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Аймақтар тұрғысынан талдау жеңілдетілген несие мүмкіндіктері туралы білетін және пайдалануды жоспарлаған жастар үлесінің жоғары көрсеткіштері Ақмола, Жетісу, Шығыс Қазақстан облыстары бойынша байқалғанын көрсетті. Бұл аймақтарда жастар бағдарлама туралы жақсы біледі және оны пайдалануға қызығушылық танытуда.

Екінші жағынан, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облысының жастары бұл мүмкіндіктер туралы аз біледі. Бұл бағдарламаны жастар кәсіби және кәсіпкерлік мақсаттарын іске асыру жолында пайдалану үшін ақпараттық науқанды жақсартып, жеңілдетілген несиелендіру туралы жастардың хабардар болуын күшейту қажет (№28 кесте).

**№28 кесте. «Сіз жастар үшін 2,5 пайызбен берілетін жеңілдікті несиелеу туралы білесіз бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

Аймақ	Иә, білемін, несие пайдалануды ойлап отырмын	Иә, білемін, бірақ несие рәсімдеуді ойлап отырған жоқпын	Иә, естідім, бірақ шарттарын білмеймін	Жоқ, білмеймін	Осы несиені алған таныстар бар
Абай	7,3	9,1	50,9	25,5	7,3
Ақмола	13,3	10,7	40	17,3	18,7
Ақтөбе	8,5	12,8	47,9	19,1	11,7
Алматы	7,4	14,2	48,6	20,3	9,5
Атырау	6,9	12,5	41,7	33,3	5,6
Батыс Қазақстан	9	19,4	40,3	20,9	10,4
Жамбыл	10,6	22,8	35,8	22	8,9
Жетісу	14,9	25,4	35,8	16,4	7,5
Қарағанды	12,7	19,1	31,8	29,1	7,3
Қостанай	11,4	16,5	38	25,3	8,9
Қызылорда	9,4	20	41,2	25,9	3,5
Маңғыстау	11,3	26,3	40	13,8	8,8
Павлодар	10	24,3	35,7	20	10
Солтүстік Қазақстан	10,4	10,4	37,5	33,3	8,3
Түркістан	11,9	15	43,8	23,5	5,8
Ұлытау	9,1	13,6	31,8	31,8	13,6
Шығыс Қазақстан	20,6	7,9	47,6	17,5	6,3
Астана қ.	12	15,3	40,7	23,3	8,7
Алматы қ.	10,3	20,5	36,8	21,4	11,1
Шымкент қ.	12,1	16,7	43,2	24,2	3,8

Қазақстандық жастардың құндылықтар жүйесінде отбасы ерекше орынға ие, зерттеу нәтижелері бойынша сауалға қатысушылардың 75,2%-ы отбасыны таңдады (№42 диаграмма). Бұл жас адамдар өміріндегі отбасылық қатынастар мен қолдаудың басымдығы мен маңыздылығын көрсетеді. Көптеген жастар үшін отбасы негіз, оларды қолдаудың махаббат пен қауіпсіздігінің бастауы болып табылады.

Достық та жастар үшін маңызды құндылық және 37,4% үлесімен құндылықтар жүйесінде екінші болып тұр. Достық қарым-қатынас, әлеуметтік қолдау мен араласу - жас адамдар өміріндегі құнды басымдықтардың бірі.

Денсаулық құндылықтар жүйесінде үшінші болып тұр, оны атағандар - 35%. Бұл жастар арасында салауатты өмір салтының, психикалық және физикалық жайлылықтың маңыздылығын түсінуді көрсетеді.

Төменгі орындарда тұрса да, материалдық жағынан қамтамасыз етілген өмір, оқу/білім де қазақстандық жастар үшін маңызды құндылық болып саналады. Жастар оқу арқылы қаржылық тұрақтылыққа жетуге, өз білімдері мен дағдыларын дамытуға ұмтылады.

**№42 диаграмма. «Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық не?» сауалына жауаптардың бөлінуі**



Жас шамалары тұрғысынан жасалған талдау құндылықтарға басымдық беруде кейбір өзгешеліктерді көрсетті. Мысалы, отбасы 14-18 бен 29-34 жас топтары үшін үлкен маңызға ие болса, 14-18 жас жасөспірімдері үшін достық маңыздылау. Өз кезегінде денсаулық 29-34 жас тобы респонденттерінде жиі аталды. Білім мен оқу 14-18, 19-23 жас топтары респонденттері үшін маңызды (№29 кесте).

Құндылықтар бағытындағы осындай айырмашылықтар жастар өмір сүріп отырған әлеуметтік-мәдени ортамен, өмір тәжірибесімен, жас шамасымен байланысты түрлі қажеттіліктер мен басымдықтардың көрсеткіші бола алады.

**№29 кесте. «Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық не?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Сенім, дін	17,1	15,6	15,7	14,7
Отбасы	76,9	72,8	75,8	77,5
Көңіл көтеру, рақаттана өмір сүру мүмкіндігі	6,3	5,4	7,9	5,0
Биліктің болуы	8,9	7,2	8,4	7,8
Достық	41,1	37	37,3	34,4
Жан тыныштығы	17,1	17,8	18,5	16,9
Денсаулық	31,3	36,2	33,9	38,8
Білім, оқу	19,1	20,3	17,6	14,7
Қызықты жұмыс, кәсіп	10	12,5	14,4	14,4
Махаббат	4,9	7,7	7	6,6
Материалдық жағынан қамтамасыз етілген өмір	21,4	19,3	16,0	18,4
Қоғамның мойындауы, абырой-бедел, танымал болу	4	4,3	2,7	3,1
Адамдарға көмек	8,0	7,7	9,3	7,5
Өз-өзін жүзеге асыру, өз-өзіне құрмет	3,4	3,4	3,8	3,8
Мансап, қоғамдағы жоғары орын	9,4	10,3	9,5	12,5
Шығармашылық	2,9	3,9	2,8	3,8
Жауап беруге қиналамын	2,3	3,6	3,5	4,4

Қазақстанда қала мен ауыл жастары арасында құндылық бағыттарға қатысты айырмашылықтар байқалады. Талдау көрсеткендей, ауыл жастары үшін ең маңыздысы – отбасы мен денсаулық. Қала жастарымен (74,0%) салыстырғанда отбасы ауыл жастары үшін маңыздырақ (77,2%). Бұл ауылдық ортадағы отбасылық қатынастардың бағалылығымен, жақын қарым-қатынастармен байланысты шығар.

Денсаулықтың маңыздылық көрсеткіші де қалалықтарға (33,0%) қарағанда ауыл жастарында жоғарылау (38,3%) Бұны ауылдағы белсенді өмір салтымен, табиғат аясындағы белсенді дене еңбегімен түсіндіруге болатын шығар.

Екінші жағынан материалдық қамтамасыз етілген өмір мен оқу/білім қала жастары үшін керектігі басым құндылық болып тұр. Қалада жастар қаржылық тұрақтылық пен жоғары табыс алу мүмкіндігін жоғары бағалайды (17,0%), сонымен қатар білім мен оқуға көбірек көңіл бөледі (18,8%). Бұл қалалық орта ұсынатын мансаптық мүмкіндіктердің көптігіне, білім алу ресурстарын пайдаланудың орасан мүмкіндіктеріне байланысты болуы мүмкін.

Осылайша, қала мен ауыл жастары өз өмірлерінің ерекшеліктерімен, контекстімен байланысты түрлі құндылық бағыттарына ие. Бұл өзгешеліктер олар өскен және өмір сүріп отырған түрлі әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайларға негізделуі ықтимал.

**№30 кесте. «Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық не?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

	Қала	Ауыл
Сенім, дін	15,6	16,1
Отбасы	74,0	77,2
Көңіл көтеру, рақаттана өмір сүру мүмкіндігі	6,9	5,4
Биліктің болуы	7,7	8,4
Достық	35,7	40,1
Жан тыныштығы	15,2	22,0
Денсаулық	33,0	38,3
Білім, оқу	18,8	17,6
Қызықты жұмыс, кәсіп	16,2	7,6
Махаббат	7,2	6,2
Материалдық жағынан қамтамасыз етілген өмір	17,0	20,9
Қоғамның мойындауы, абырой-бедел, танымал болу	4,4	2,2
Адамдарға көмек	7,4	9,6
Өз-өзін жүзеге асыру, өз-өзіне құрмет	3,0	4,6
Мансап, қоғамдағы жоғары орын	11,3	8,6
Шығармашылық	3,5	3,0
Жауап беруге қиналамын	3,5	3,3

## ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Зерттеу нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар:

1. Болашақ мамандықты таңдау – жастар үшін оңай шаруа емес, әсіресе, бір мамандықтар керексіз болып қалып, жаңа мамандықтар пайда болып жатырған қазіргі кезеңде мәселенің өзектілігі арта түсуде. Оқу орнына түсу кезінде мамандық таңдауға бірінші кезекте таңдалған мамандық бойынша еңбек нарығындағы еңбекақы деңгейі (56,7%), жұмысқа орналасу мүмкіндігі (44,9%) мен мамандықтың, кәсіптің беделі (37%) сияқты факторлар ықпал етеді. Жалпы алғанда, талапкерлер мамандық таңдауда сол сияқты тегін оқу (34,7%), төмен конкурс (16,2%) пен алатын мамандық бойынша жеңілдіктер мен артықшылықтардың болуы (13,2%) мүмкіндіктерін де қарастырады. Мамандыққа деген жеке қызығушылығы барын сұралғандардың 22%-ы ғана бөліп көрсетті.

Деректер талдауы оқуға мамандық таңдауда қала мен ауыл жастары басшылыққа алатын дәлелдемелердің бірдей екендігін көрсетті. 5-топ факторлар екі топ жастары үшін де ортақ. Айтсақ, «таңдалған мамандық бойынша еңбекақыны» қалалық жерлерде таңдағандар 56% болса, ауылдық жерлерде 57,8% болды. Тұрған орындары типі бойынша бұл фактор екі топ жастары үшін де негізі болып табылады.

Ерлер мен әйелдер бағдарының ұқсас болуы да атап өтерлік жайт, көрсеткіштер айырмашылығы болмаша ғана. Дегенмен, әйелдерге қарағанда ерлер жұмысқа орналасу мүмкіндігі факторына көбірек көңіл бөледі (47,1%-ға қарсы 42,5%). Ал әйелдер болса, мамандық таңдауда өз мүддесі мен ниетіне жиі көңіл бөледі (19,3%-ға қарсы 24,7%).

Болашақ мамандықтан анық емес күтістер мен өзін-өзі іске асыруға мүдделіліктің әлсіздігі бар мүмкіндіктер туралы жоғары сынып оқушыларының білімін кеңейту қажеттігін көрсетіп тұр. Сонымен бірге жоғары сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмысын күшейту де өзекті.

2. Жиынтығында сұралған жастардың 53,3%-ы таңдаған мамандық бойынша бүгінгі күні жұмысқа орналасу мүмкін деп санайды. «Байланыстар» мүмкіндігіне сенетіндер үлесі де едәуір жоғары. Әрбір бесінші жас мамандық бойынша жұмысқа орналасу «таныстар бойынша мүмкін» (15,7%) деп есептейді. Ал сұралғандардың 7,8%-ы мамандық бойынша жұмысқа орналасу қиындықтары себебі еңбек нарығындағы мамандыққа сұраныстың болмауы деп санайды.

Жас топтары бойынша деректер барлық топ бойынша көпшілігінің жеке өздері күш салу арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін салыстырмалы тұрғыдан жоғары бағалайтынын көрсетеді. Солай болса да 14-18 жас респонденттері арасында оптимизм төмендеу. Бұл арада таныстық арқылы жұмысқа орналасу мүмкін деп санайтындар жас жоғарылаған сайын өсе түсуде. Атап айтсақ, «таныс арқылы орналасу мүмкіндігі бар» жауабын 14-18 жас тобының 14,3%-ы, 19-23 жас тобының 15,6%-ы, 24-28 жас тобының 14,7%-ы, 29-34 жас тобының 19,1%-ы таңдады.

Аймақтар тұрғысынан «таныс арқылы орналасу мүмкіндігі бар» жауабын таңдағандар көрсеткіші - 9,1%-дан 20%-ға дейін. Мейлінше жоғары көрсеткіштер Астана қаласында (20%), Батыс Қазақстан (19,4%) мен Қостанай (19%) облыстарында байқалады.

3. Қазіргі қазақстандық жастар үшін ең алдымен, өндіріс, көлік, байланыс, ауыл шаруашылығы және қоғамдық тамақтану салалары барынша тартымды болып отыр. Келесі салалар керісінше барынша аз аталды: заңгерлік (1,6%), бизнес

(4,2%), үкіметтік емес ұйымдар (4,5%), құқық қорғау органдары (5%), мемлекеттік қызмет (5,3%), ғылыми қызмет (6,4%).

Деректер қала мен ауыл жастары басымдықтары арасында кейбір айырмашылықтар барын көрсетті. Қала жастары жұмыс істегісі келетін салалар бестігі төмендегідей құралды: өндіріс (24,2%), көлік саласы (16,7%) және қоғамдық тамақтану (16,4%). Кәсіпкерлік (4,1%) пен құқық, заңгерлік (1,6%) салаларына қызығушылық салыстырмалы тұрғыдан төмендеу.

Сауалға қатысқан ауыл жастары арасында келесі салалар бойынша қызығушылықтың жоғары деңгейі байқалды. Олар: өндіріс (23,1%), көлік саласы (18,6%) және байланыс (18,5%). Кәсіпкерлік пен бизнес (4,3%) пен құқық, заңгерлік (1,6%) салаларына қызығушылық ауыл жастарында да төмендеу.

4. Жастардың көпшілігі тұрақты жұмыс орны болуына басымдық береді, бұны 56,7%-ы атап көрсетті. Әрбір он бірінші сұралған жас фрилансты таңдады (10,2%). Респонденттердің одан азғана көп бөлігі (15%) қашықтан жұмыс істеуге басымдық берді. Одан басқа, сұралғандардың 4,1%-ы 4 күндік жұмыс аптасында, 2,5%-ы икемді жұмыс кестесінде жұмысты қалап отыр.

5. Қазақстандық жастар үшін еңбек өмір сүру үшін өзін материалдық қаражатпен қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады. Сұралғандардың 40,2%-ы жұмыс арқылы жеке қажеттіліктер үшін қаржының болуы мүмкіндігін атаса, 42,1%-ы жұмыс өмір сүру үшін қаражатпен қамтамасыз етілу қажеттілігі деп көрсетті. Сұралғандардың 28,6%-ы жұмысты өз отбасын қамтамасыз ету және жақындарға қаржылық қолдау көрсету үшін қажеттілік ретінде көреді, ал 27,9%-ы жұмысты өзін-өзі жүзеге асыру, өз мақсаттары мен жоспарына жету құралы деп санайды. Әрбір бесінші сұралған жұмыстан нетворкинг, яғни болашақта қажет болуы ықтимал байланыс, қатынастар орнату мүмкіндігін көреді. Сұралғандардың 18,2%-ы жұмысты әріптестермен, клиенттермен, серіктестермен араласу, пікір алмасу мүмкіндігі деп санайды.

6. Жастардың көпшілігі өз кәсіби қызметінің нәтижесі үшін жауапкершіліктің маңыздылығын сезінуде. Қажет құзыретті жастардың 48,9%-ы атады. Сауалға қатысушылардың 40,3%-ы үшін жұмыстың практикалық дағдыларын білу маңызды, бұл фактор маңыздылығы жағынан екінші орында. Үшінші орында - жұмысқа қабілеттілік пен жоғары еңбек тәртібі (33,4%). Сонымен қатар, сауалға қатысушылардың шамамен үштен біріне дербес шешім қабылдай білу қабілеті мен адамдармен араласа білуі, қарым-қатынас психологиясын білу сияқты қасиеттер маңызды. Ал теоретикалық білім болуы, шет тілдерді білу мен мансабының (карьера) бастапқы кезеңінде төмен жалақы алуға дайын болудың маңыздылық деңгейі төмендеу бағаланды.

7. Жастар түсінігінде жұмыс тәжірибесі мен өтілінің (стаж) болмауы (51,1%) жас маманның жұмысқа орналасуына басты кедергі болуы мүмкін. Өзге де маңызды себептер ретінде бос орынның болмауы (32,8%), білім жетіспеушілігі немесе профилді емес білім (25,7%) аталды.

8. Сұралғандардың 43%-ы жұмысқа орналасу мәселелерімен үнемі кездесетіндіктерін айтты, жастардың 36,2%-ы мамандық бойынша жұмысқа тұруда қиындықтар бар екенін, бірақ кәсіби дағдысыз жұмыс табуға болады десе, жастардың 6,1%-ы өздерінде жұмысқа орналасу бойынша мәселе жоқ деп отыр.



Сұралғандардың 12,4%-ы қазір оқып жүргенін және жұмысқа орналасу мәселесімен әлі кездеспегендіктерін жеткізді.

9. Жастар түсінігінде жұмысқа орналасуда қолдау көрсетудің келесі бағыттары тиімді бола алады: оқу кезінде кәсіпорындарға стажировкалар мен практикаларды ұйымдастыру (46,1%), нақты жұмыс берушілер үшін шарттық негізде студенттерді мақсатты даярлау (44,4%), сонымен бірге жұмыс берушілерді шақырып, институтта бос орын жәрмеңкелерін өткізу (31,1%).

Бұл үш негізгі фактор қала және ауыл жастары үшін де өзекті болып саналады. Бұл арада осы шаралардың іске асуына қатысты қала жастарында оптимизм жоғарылау. Нақты айтқанда, оқу кезінде кәсіпорындарға стажировкалар мен практикаларды ұйымдастыруды қолдайтындар сұралған қала жастарында 47,6% болса, ауыл жастарында 43,7%; жұмыс берушілерді шақырып, институтта бос орын жәрмеңкелерін өткізу бойынша тиісінше, 30,3% және 32,4%. Нақты жұмыс берушілер үшін шарттық негізде студенттерді мақсатты даярлау да қала жастары (43,1%) мен ауыл жастары (46,5%) арасында жақсы қолдауға ие. Жұмысқа орналасу бойынша тренинг, семинар, конференциялар ұйымдастыруды таңдау пайыздық көрсеткіші екі тұрғындар пункті бойынша да төмен, қала бойынша – 13,7%, ауыл бойынша – 11%.

10. Жиынтығында сұралғандардың әрбір екіншісін лайықты жұмыс орнын табу қиындығы ойландырады, мазалайды, олардың 22,9%-ы қатты ойландырады деп жауап берді, 30,8%-ы ойландырады, мазалайды деген дұрыс болар деп жауап берді. Бұл мәселе мазаламайды дегендер жиынтығында – 29,5%.

Мұндай тәжірибенің жас ерекшеліктеріне байланысты 19-23 жас және 24-28 жас аралығындағы жастарға тән-олардың ішінде тиісінше 55,2% және 53,3% мазасыздық туралы айтады. 14-18 жас тобындағы сұралғандардың 17,4%-ын бұл мәселе онша мазасыздандырмайды деуге болады. Қалған жас топтарында бұл көрсеткіш 13,6%-дан 18,4%-ға дейін.

11. Респонденттердің 26,8%-ы елдегі жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды толықтай қайта қарауды қолдады. Жаңа жұмыс орындарын ашуды респонденттердің басым бөлігі қолдауда – 40,2%. Минималды (төменгі) жалақыны көтеруді қолдағандар – 24,4%, ал 3,6%-ы жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы атаулы жеке ақпараттандыруды көрсетті. Тек 5,2%-ы ғана бұл мәселеде мемлекеттен ештеңе күтіп отырған жоқ.

12. Сұралғандардың 23,9%-ы билік өкілдері пікіріне сенім білдірді. Сұралғандар арасында сенім деңгейіне қарай ғалымдар екінші орын алады, көрсеткіш – 17,3%. Сұралғандардың 15%-ы белгілі қоғам қайраткерлеріне сенім білдірді. Саяси партиялар жетекшілері жастардың 12,5%-ы қолдауына ие болды.

Сауалға қатысушылардың едәуір бөлігі (24,4%) ұсынылған санаттардың ешқайсысына сенім білдірмегеніне, 12,6%-ы жауа бере алмағанына назар аударған жөн. Бұл қоғамдағы басымдық беру мен пікірдің алуан түрлі болуынан, сонымен бірге сыртқы пікірлерге сенім артпай, авторитеттерге сенімсіз болудан хабардар етуі мүмкін.

13. Жастардың көпшілігі (57,1%) мансаптық өсу сатысын құру үшін кәсіби оқуды жалғастыруға әзір. Әрбір үшіншісі табыс деңгейі артуына үміт артады. 2,7%-ы кәсіби құзыреттілікті артыруға ниетті, ал 7,4%-ы білім алуды басқа жұмыс орнына ауысу жағдайымен байланыстырады.

14. Сұралғандардың көпшілігі (28,8%) ағымдағы жұмысы өз мамандықтарына толық сәйкес келетінін көрсетсе, 16,1%-ы өз жұмыстарының мамандыққа мүлдем сәйкес келмейтінін атады. Қалада жас респонденттердің 28,2%-ы жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атады. 24,6% - кей жағдайда ғана сәйкес келетінін, 15,7%-ы сәйкес келеді деген дұрыс болар жауаптарын таңдаса, 17,4%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейтінін атады. Ауылда жас респонденттердің 29,8%-ы жұмыс профилі оқылған мамандықпен толық сәйкес келетінін атады. 24,3% - кей жағдайда ғана сәйкес келетінін, 18%-ы сәйкес келеді деген дұрыс болар жауаптарын таңдаса, 14,1%-ы өз жұмыс профилі оқылған мамандықпен мүлдем сәйкес келмейтінін атады.

15. Басты факторлар арасында объективті де, субъективті факторлар болды. Айтсақ, 21,5%-ы алған мамандықтары бойынша жұмыс орындары жеткіліксіз болғанын атады. Сұралғандардың 23,5%-ы жалақының төмен деңгейіне байланысты алған мамандықтары бойынша жұмысқа орналаспаған. Сол сияқты 9,2%-ына жұмыс тәжірибесі мен практикалық білім жетіспесе, 11,7%-ы мамандық көңілінен шықпағанын, 10,7%-ы жұмыс беруші ұсынған шарттарға көңілі толмағандығын көрсетті.

16. Респонденттердің әрбір оныншысы жұмыс іздемегенін, өйткені оқу орнын бітірген кезде жұмыс істеп жүргенін атады (8,7%). 13,7%-ы оқу орнын бітіргеннен кейін 1 ай ішінде жұмысқа бірден орналасқанын жеткізді. Сұралғандардың 17,6%-ы 2-6 ай аралығында жұмыс іздесе, 9,3%-ына жұмысты 7 мен 12 ай аралығында іздеуге тура келген.

Әрбір тоғызыншы респондент мамандық бойынша жұмыс таба алмағандықтан, мамандығына сәйкеспейтін жұмысқа орналасқан (8,1%). 2,2%-ы мамандық бойынша жұмысқа орналаса алмаған және қазіргі уақытта жұмыс істемейді. Мамандық бойынша жұмысты әуелден-ақ іздемеген жастардың да үлесі едәуір (26,7%).

Қала-ауыл тұрғысынан, сол сияқты гендерлік белгі тұрғысынан деректер айырмашылығы айтарлықтай емес, дегенмен келесі деректерге тоқтала кеткен жөн: мамандық бойынша жұмысты әуелден-ақ іздемеген жастар арасында ерлер үлесі басымдау (25,8% болған әйелдермен салыстырғанда ерлерде көрсеткіш - 27,6%). Сол сияқты кәсіп саласы бөлек жұмысқа орналасқандар арасында әйелдер саны көбірек (ерлерде 7,1%, әйелдерде - 9%).

17. Жұмыспен қамтуда бейресми ақпарат арналары, жақындар, таныстар мен достар көмегі жоғары тиімділік көрсетуде. Сұралғандардың 23,1%-ы жұмыс іздеуде осы каналды пайдаланғанын айтты. 18,1% респонденттер бос орындар туралы хабарламаларды пайдаланған. Респонденттердің 16,7%-ы хабарландыру беруді жұмыс іздеу амалы ретінде көрсетті.

Консервативті әдістерге қарағанда Интернет тиімділігі артуда. Сұралғандардың 17,5%-ы Интернет желілері мүмкіндіктерін пайдалануды атап көрсетті.

Осы ресурстар қатарында алғанда жұмыс берушіге/әкімшілікке тікелей жүгіну, бос орын жәрмеңкелеріне қатысу, еңбекке орналастыру Орталығына, жұмыспен қамту агенттігіне жүгіну, оқу орнының көмегі сияқты амалдардың танымалдығы, пайдаланылу деңгейі төмен.

18. Сауалға қатысушылардың көпшілігі персоналды іріктеу жүйесін ашық деп санайды, осындай пікірді олардың 50,7%-ы білдірді. Дегенмен оған қарама-қарсы

пікірді ұстанушылар үлесі де біршама жоғары. Сұралғандардың 38,4%-ы персоналды іріктеу жүйесінің ашықтығы туралы қойылған сұраққа теріс жауап берді.

19. Жастар түсінігі бойынша мертократия қағидаттары негізінен мемлекеттік және жеке секторда жұмыс істейді, тиісінше 24,7% және 34,6%. Респонденттердің квазимемлекеттік пен мемлекеттік емес секторларды таңдау деңгейі төмендеу болды, тиісінше, 15,9% және 16,8%.

20. Сауалға қатысушылардың жартысы үшін ағымдағы жұмысы бірінші жұмыс орны болып есептеледі. Алайда респонденттердің едәуір бөлігі түрлі себептерге байланысты жұмыс орнын ауыстырған. Ол себептер ішінде жалақының төмен болуы, күту мен жұмыс жағдайының сәйкеспейуі, әлеуметтік кепілдіктің болмауы бар. Жұмыс ауыстыру сонымен бірге мамандық бойынша жұмысқа ауысумен, денсаулық жағдайымен, отбасылық жағдайларға, лауазымға құзыреттіліктің сай келмеуімен байланысты.

21. Сауалға қатысушылардың көпшілігінде стандартты жұмыс кестесі - толық жұмыс күні. Алайда респонденттердің едәуір бөлігі толық емес жұмыс күнімен немесе ауысыммен істейді. Нормаланбаған жұмыс күні де кейбір респонденттерге тән. Бұл деректер Қазақстанда жастардың жұмыспен қамтылу формасының жан-жақтылығын көрсетеді.

22. Қазақстанда жастар мамандық таңдауда, жұмыс іздеуде, кәсіпкерлікті дамытуда бірінші кезекте материалдық мәселелердің шешілуін көздейді. Отбасылық жиынтық табыс деректері сауалға қатысқан жастардың едәуір бөлігінің табысы деңгейде екенін көрсетті. Жастардың күткен табыстары олардың ағымдағы табыстарынан едәуір артық екенін атау маңызды. Бұл қалайтын табыс деңгейі мен нақты мүмкіндіктердің сәйкеспейтіндігін көрсетеді.

23. Жайлы тұрмыс үшін табыс көлемі туралы сауалға жастардың көпшілігі жайлы өмір сүру үшін айына 300 мыңнан 500 мың теңгеге дейін көлеміндегі табыс қажет деп есептейді. Бұл жайлы тұруды қамтамасыз ететін табыс деңгейіне қатысты олардың күтістерін білдіреді.

24. Қаржылық қауіпсіздік пен жұмыссыз қалған жағдайға деп қаржы жинақтауға қатысты сұралғандардың тек 17,1%-ы ғана қауіпсіздік жастығына қаржы қалдырады екен. Респонденттердің көпшілігінде қазіргі кезде жинақталған қаржы жоқ, бірақ болашақта бастауды жоспарлап отыр. Бұл тұрақсыздық пен қаржылық тәуекелдерге жастардың қаржылық дайындығының жеткіліксіздігін көрсетеді.

25. Қазақстан жастары жұмыссыздық қаупін сезінуде, бірақ сұралғандардың көпшілігі оны болу ықтималдығына күмінданып отыр. Солай болса да жұмыссыз қалған жағдайда сұралған жастардың едәуір бөлігі (30,7%) сол мамандық бойынша жұмыс іздеуге ниетті, бұл олардың таңдалған өз мамандықтары бойынша жұмысты жалғастыру ниетін білдіреді. Алайда жаңа мамандыққа көшуге дайын болу немесе жұмыс туралы кез келген ұсынысты қарауға әзір болу да бар.

26. Жастардың көпшілік бөлігі қажет болған жағдайда өзіне жұмыс таба алатынына сенімді. Бұл жастардың өз перспективаларына қатысты оптимистік көзқарастарынан хабар береді. Сұралғандардың жартысынан астамы (64,3%) аздаған күш-жігермен немесе тіпті күш жұмсамай-ақ жұмыс таба аламын деп отыр.

Сонымен бірге тең жұмыс табу едәуір күш-жігерді қажет етеді деп санайтындар да (15,6%) бар.

27. Жастардың кәсіпкерлік қызметке қатысуы төмен күйінде қалып отыр. Сауалға қатысқан жастардың көпшілігі (74,4%) бизнесте тәжірибесі жоқтығын атады. Тәжірибесі бар жастардың сұралғандардың әрбір оныншысы (10,4%) кәсіпкерлікпен айналысуды жалғастыруда. Деректер жас шамасы өсуімен бірге жас адамдарда кәсіпкерлік қызмет мүмкіндігі мен кәсіпкерлікке деген қызығушылық та артатынын білдіреді. Бұл табысты кәсіпкерлік қызметке жол ашатын тәжірибенің жиналуымен, дағдылардың жақсаруымен, ресурстардың артуымен байланысты болуы мүмкін

28. Сауалға қатысқан жастардың көпшілігінде кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі жоқ және респонденттердің аз ғана бөлігі өз бизнесін ашу әрекетін жасап көрді. Кәсіпкерлік қызметтен бас тартудың басты себептер - бастапқы капиталдың болмауы, тәуекелге бармау ниеті мен бизнес құру үшін білімнің жеткіліксіздігі.

29. Қаржылық тәуелсіздік, жеке табыс және өзіндік дербес шешім қабылдау мүмкіндігі жастар үшін кәсіпкерлік мүмкіндіктері туралы шешім қабылдауда маңызды мотивациялық фактор болатынын зерттеу нәтижелері көрсетті. Бұл жайлы экономикалық және кәсіпкерлік орта құрудың, сонымен бірге жастар арасында кәсіпкерлік идеялар мен дағдыларды дамыту үшін қолдау мен ресурстар берудің маңыздылығын көрсетеді.

30. Кәсіпкерлікке қатысудың төмен деңгейіне қарамастан, жастар арасында шағын және орта бизнесті дамыту үшін әлеует бар. Қәсіпкерлік қызметке қызығушылық ерлер мен әйелдер арасында, барлық жас топтарында байқалады. Жастар кәсіпкерлікті жеке табысты арттыру, экономикалық тәуелсіздік алу және тұрақты табыспен байланыстырады.

31. Қазақстандық жастардың құндылық бағдарларына отбасы, достық, денсаулық, материалдық қамтамасыз ету, оқу/білім кіреді. Қала мен ауыл жастары арасында құндылық бағыттарға қатысты айырмашылықтар бар, ауыл жастары үшін отбасы мен денсаулық маңыздырақ болса, ал қала жастары үшін материалдық қамтамасыз етілген өмір мен оқу/білім маңыздылығы жоғары құндылық болып саналады.

Жоғарыда берілген қорытындыларды негізге ала отырып, Қазақстанда **жастарды қолдау мен дамыту үшін келесі іс-шараларды қолға алу** ұсынылады:

- Жастар арасында кәсіпкерлікті ынталандыру үшін қолайлы жайлы орта құру. Бұған жастарға табысты кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қажет білім мен дағдылар алуға көмектесетін түрлі оқыту бағдарламалары, тренингтер мен менторлық арқылы қол жеткізуге болады.

- Кәсіпкерлікті қолдайтын, несиелерді қосып жеңілдіктер беретін қолжетімді мемлекеттік бағдарламалар туралы жастардың ақпараттануын арттыру. Бұған ақпараттық науқандар, кеңестер, түрлі әлеуметтік желілерде, платформаларды ақпарат тарату арқылы қол жеткізуге болады. Ақпараттық науқандар мен шараларды жастардың табысты кәсіпкерлік тәжірибе мүмкіндігіне сенімді болуы мен қызығушылықтарына қолдау мақсатында ұйымдастыру керек.

- Салықтық және әкімшілік кедергілерді азайту, ресурстар мен қаржыландыру қолжетімділігін жеңілдету, сол сияқты инновациялар мен жаңа

**Жастар еңбек нарығында:  
қажеттілік, мүмкіндіктер мен перспективалар** \_\_\_\_\_

бизнес-шешімдер дамуына қолдау көрсетуден тұратын жастар үшін жайлы экономикалық бизнес-орта қалыптастыру.

- Жұмыспен қамту саласында жастарды қолдау шараларын жалғастыру, дамыту, оқыту мен қайта біліктіліктен өткізу бағдарламалары, жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлікке ынталандыру тетіктерін жасау. Сол сияқты жастарды жұмыс түрлеріне кеңінен таңдау жасаумен қамтамасыз етіп, оларға экономикадағы өзгерістерге бейімделу мүмкіндіктерін беру үшін еңбек нарығының дамуына қолдау көрсету, оның икемділігін арттыру да маңызды.

### 3 бөлім. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ

#### 1. Еңбек нарығындағы қазіргі тенденциялар

Еңбек нарығындағы қазіргі тенденциялар жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы өзара қатынастың сипаты мен құрылымындағы, жұмыспен қамтылу формасындағы, жұмысқа орналасу ерекшеліктеріндегі түрлі өзгерістерді және қазақстандық қоғамда болып жатырған көптеген басқа аспектілерді білдіреді. Жүріп жатырған жаһандық әлеуметтік, технологиялық, экономикалық, экологиялық және саяси процестер бұған айтарлықтай ықпал етеді. Нақты айтқанда, бұл сыртқы көш-қондық лектің күшеюі, өндірістік процестерді автоматтандыру мен роботтандыру және басқа да факторлар. Өз кезегінде, бұл жұмыс күшінің сандық және сапалық құрамына, еңбек нарығындағы сұраным мен ұсыныстарға, жұмыссыздыққа және басқаларға ықпал етеді.

2020 жылдың басынан COVID-19 пандемиясы тудырған тенденциялар еңбек нарығында күні бүгінге дейін өзектілігін сақтап отырғандығын атап өту маңызды. Карантин мен локдаун жағдайында пандемия әсерімен көптеген кәсіпорындар қызметкерлер штатын мәжбүрлі түрде қысқарту, оларды жалақы сақталмайтын демалысқа жіберу, жұмыс уақытын қысқарту немесе қашықтан жұмыс істеуге көшірумен кездескені белгілі. Бұл еңбек нарығының барлық қатысушылары, жұмыс берушілер мен қызметкерлер үшін, сонымен бірге тұрғындарды еңбекпен қамту саласындағы мемлекеттік органдар үшін де өте елеулі ахуал мен күйзелісті бастан кешіру болды және тұтастай алғанда ел экономикасы үшін де ізсіз болған жоқ. Сарапшылар пандемия тудырған тенденциялар қысқа мерзімді және орта мерзімді болашақта жалғасуы мен еңбек саласына айтарлықтай ықпал ету мүмкіндігі туралы айтуда.

МОТ деректері бойынша 1970 жылдан бері бірінші рет көптеген факторлар, оның ішінде пандемия салдары, Украинадағы әскери жанжалмен байланысты геосаяси турбуленттік стагфляция үшін, яғни инфляцияның бір мезгілде өсуі мен экономиканың баяулауы үшін қолайлы жағдайлар туғызды. Нәтижесінде жас адамдарға жұмыс табу қиындай түсті, қазір әрбір бесінші жас адам жұмыс істемейді және оқып жүрген жоқ.

*«2020 жылы әлем әр адам өміріне, әр кәсіпорын мен әр экономикаға тікелей ықпалын тигізген теңдесі жоқ дағдарысқа тап болды. COVID-19 пандемиясы кездейсоқ басталды және күні бүгінге дейін болжаусыз күйде қалуда, экономикалық белсенділік бірінші кезекте елдегі эпидемиологиялық ахуалға тәуелді. Осындай «соққыға» еңбек нарығы да дайын болған жоқ, ол болып жатырған өзгерістерге тез бейімделуге мәжбүр болды. Көптеген кәсіпорындарда штат қысқарту немесе қызметкерлерді мерзімсіз демалысқа жіберу, жұмыс уақытын қысқарту немесе қызметкерлерді қашықтан жұмыс істеуге көшіру қажеттілігі пайда болды» (Г.Галиакбарова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

*«... Қазіргі кезде әлемде әлеуметтік, технологиялық, экономикалық, экологиялық және саяси сипаттағы жаһандық трендтер ықпалымен өзгерістер, соның ішінде әлемдік еңбек нарығына ықпал ететін өзгерістер жүріп жатыр. COVID-19 пандемиясы тудырған теңдесі жоқ дағдарыс өзгерістерді тек күшейте түсті. Бұл өзгерістердің маңыздылығы ол өзгерістің өзінде емес, жұмыс орындарын құру, қамтамасыз ету мен жұмыс күшінің кәсіби құрылымы жағынан алғанда еңбек нарығының барлық қатысушылары, үкімет, жұмыс берушілер мен азаматтар үшін өзгерістер әкелетін салдарында болып тұр» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Сарапшылар жаһандық трендтер ықпалымен жұмыстың дәстүрлі қалыптары өзгеріп, еңбек нарығында жұмыстың жаңа формалары мен кәсіптердің қалыптасып жатқанын, сол сияқты цифрлық технологияның маңызы артқанын және қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерінің артқанын атап өтті. Сонымен бірге дәстүрлі секторлардан қызмет көрсетудің жаңа салаларына көшу арқылы жұмыспен қамтылу құрылымы да өзгеруде. Жалпы алғанда еңбек нарығы кәсіпкерлер мен қызметкерлерге жаңа мүмкіндіктер мен шақырулар туғызу арқылы жаңару бағытын жалғастыруда.

*«Жұмыстың жаңа форматтары пайда болуда, төрткүндік жұмыс форматы, онлайн-жұмыс, штаттан тыс жұмыс» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ).*

*«Бұл диплом қажет емес жаңа кәсіптер мен бағыттардың пайда болуы. Бағдарламашылар мен блогерлерде, фрилансерлерде жоғары табыс» (А.Надирова, Халық шаруашылығы (Нархоз) университетінің профессоры).*

*«Егер жалпы статистикаға қарасақ, соңғы 10 жыл тенденциясы – адамдардың дәстүрлі еңбек нарығынан, соның ішінде ауыл шаруашылығынан жаңа қызмет көрсету саласының жұмыс орындарына кетуі. Соңғы он жыл ішінде 8 миллионнан астам экономикалық жұмыс күші болса, 2010 жылы олардың 2 миллионға жуығы ауыл шаруашылығында істеді, қазір олардың саны миллионға қысқарды және осынша адам білім беруге, денсаулық пен қызмет көрсету саласына ауысты» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

Сарапшылар сонымен бірге экономика мен еңбек нарығына процестерді цифрландыру үлкен ықпалын тигізіп отырғанын атады. Ол жұмыс процесінің, жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы қатынастардың өзгеруіне әкеледі, сонымен бірге жұмыспен қамтылу мен кәсіби дағдыларды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

*«Коронадағдарыс цифрлық экономикаға көшуді жеделдетті. Жуық арада және осындай көлемде көшу жоспарланбаған салалардың өзінде өзгерістер болды, мектептер, ауруханалар мен басқа да көптеген орындарды бүгінде тек физикалық әлемде елестету мүмкін емес. Бұрын цифрлық технологияны бірде бір рет пайдаланбағандардың өздері оған жүгінуге мәжбүр. Пандемия кәсіпорындарды digital ортаға енуге мәжбүрледі және бизнес-процесс бейнесін өзгертті. Қазір интернет-технологиясыз табысты бизнес жүргізу мүмкін емес, ол онлайн мен офлайн салалары ұштасуы шегінде киберфизикалық шындықтың пайда болу негізін қалады. Пандемиясыз да, сонымен бірге Big Data, жасанды ақыл-ой дамуымен байланысты экономиканың цифрлануы трендінің өсуі көз алдымызда анық, Кванттық компьютерлердің, 5G мен нанотехнологияның енгізілуін ерекше атап өтеміз. Цифрландыру қарқыны, оның құралдарының жаңару жылдамдығы, адам өмірі мен жалпы алғанда қоғамның барлық салаларында қолданылатын ИКТ саласында жаңа инновациялық өнімдердің пайда болуы өте жоғары болады» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

*«Мен еске салатын тенденциялар цифрлық платформалардың пайда болуымен байланысты. Бұл курьерлік және таксоматорлық қызмет, дербес сервис, мысалы, «Naimi.kz», «Olx» сайттары бар, осы сайттарға тіркелу, олармен жұмыс істеу соңғы бес жылда үлкен қарқынмен жүруде. Министрлік дерегі бойынша бұл салада 500 мың адам жұмыс істейді. Дегенмен мен әр жыл сайын бұл көрсеткіш өсе түседі деп ойлаймын. Осы цифрландыру нәтижесінде қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы қатынастар өзгереді» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

*«Қазіргі кезде еңбек нарығында көптеген жаңа процестер жүріп жатыр. Ең алдымен, мен ақпараттық технологияның дамуын атап өтер едім. Бүгінгі күні Қазақстанда жасанды ақыл-ой мен ІТ салаларында жақсы даму бар» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).*

Еңбек нарығы трендтерінің бірі жайлы да қанағаттанарлықтай жұмыс ортасымен, сонымен бірге икемді де игі ниетті жұмыс шарттарымен байланысты қызметкерлер күтісінің артуы болып табылады. Жұмыс берушілер, өз кезегінде, дарынды қызметкерлерді тарту мен ұстау үшін жұмыс жағдайын жақсарту және өз ұсыныстарын бейімдеу қажеттілігін сезінуде.

*«...Бұл жұмыс сапасына талаптың артуы. Бұл сол сияқты жаһандану және урбанизациямен байланысты. Қазір қала тұрғыны үшін жалақы мәселесі ғана емес, сонымен бірге жұмыс беруші оған қосымша қандай жағдайлар жасайтыны да өте маңызды. Жұмыс орнының қолайлы жерде болуы, жұмыста кофемашина болуы сияқты шағын шарттар бүгінде бұрынғыға қарағанда маңызды бола түсті» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

Сарапшылар еңбек нарығы бірқатар түйінді қауіп-қатерлермен кездесіп отырғанын да атап өтті. Ең алдымен, қазақстандық экономика қарқынды дамып отырған еңбек нарығы үшін жеткілікті жаңа жұмыс орындарын құрып, таратып отырған жоқ. Тұрғындардың кейбір бөлігі үшін жұмыс қызметі мерзімінің ұзаратынын білдірген зейнеткерлік жүйе реформасының енгізілуі, сонымен бірге көш-қондық ахуалға байланысты қосымша жұмыс күшінің пайда болуы мен ЖОО және колледж түлектерінің экономикалық белсенді тұрғындар қатарына қосылуы тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесін қиындата түсті. Тиісінше, қызметкердің құзыреті мен дайындық деңгейіне сай жоғары ақылы жұмыс орнын табу да қиындады. Жұмыс тәжірибесінің жетіспеушілігінен жастар ерекше қиын жағдайда қалды, жұмыс орны жетіспегендіктен олар көбінесе экономиканың бейресми секторына кетуге мәжбүр болуда.

*«... Бейресми формада жұмыс істейтін, салық төлемейтін адамдар бар. Өз-өзін жұмыспен қамтушы мәртебесін алған. Қазір жастар осы бағытта белсене жұмыс істеуде. Оқудағы жастар, студенттер жазғы каникул кезінде жалданушы жұмыскер ретінде жұмыс істейді. Өз кәсібі бойынша жұмыс істеп жүрген адамдар аз. Бұл да өз деңгейінде белгілі бір қиындықтар тудырады» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ).*

*«Сарапшылардың көпшілігі қазіргі кездегі қазақстандық еңбек нарығындағы ахуалды қиын, сыни жағдайда деп санайды. Әлемдік энергетикалық дағдарыс, коронавирус пандемиясы, экономикалық кеңістіктің тарылуы елдегі экономикалық әрекет масштабтарының қысқаруына едәуір әсер етті. Плюс – қазақстандық еңбек нарығы жағдайы. Біздің экономика жұмыс орындарын таратпайды, құрмайды, біз 20 жылдан астам уақыт бойы құрылған және қысқартылған жұмыс орындары арасындағы теріс сальдоны көріп отырмыз. Тағы бір маңызды сәт - зейнеткерлік жүйе реформасының енгізілуі мен қосымша жұмыс күшінің пайда болуы, бұл да тұрғындарды жұмыспен қамту, қызметкердің құзыреті мен дайындық деңгейіне сай жоғары ақылы жұмыс орнын табу мәселесін ушықтырып тұр» (М.Есиркепова, Астана Халықаралық университеті).*



## 2. Қазақстанда жастарды еңбекпен қамту ахуалы

Қазақстанда жұмыссыздық мәселесі жастар үшін өте өзекті күйінде қалуда. Тұрақты жұмыспен қамтылу мен тиімді жұмысқа орналасу жолындағы кедергілердің бірі ретінде сарапшылар тұрақты жұмыс орындарының жетіспеушілігін атап көрсетті. Ел экономикасының даму қарқыны да жастарға жеткілікті жұмыс орындарын ұсынатындай жоғары деңгейде емес. Демографиялық өзгерістер де еңбек нарығындағы ахуалға өз әсерін тигізуде. Әр жыл сайын еңбек нарығына шығатын жастар көбейе түсуде және болашақта түлектер саны тағы да арта түседі.

*«... Бізде еңбек нарығына статистикаға сәйкес 300 мың, ал биыл 400 мың жас адам еңбек нарығына шығады. Ал біздегі еңбек экономикасының өсу қарқыны жылдамдығының баяулығын ескерсек, белгілі бір қиындықтар туралы айтуға болады. Әсіресе, ауыл жастары үшін» (М.Кудабеков, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің аға оқытушысы).*

*«...Жұмыссыздық әр уақытта да өзекті мәселе. Егер статистикаға қарасақ, жастар үшін тұрақты жұмыс орындары жетіспеушілігі байқалады» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ).*

*« Еңбек нарығына шығатын жас адамдар саны жыл сайын артып келеді. Бұл демографиялық өзгерістермен байланысты. Бізде жастар саны жыл сайын өсіп келеді. Бірнеше жылдан кейін еңбек нарығына 2000 жылы дүниеге келгендер шыға бастайды. Олар үшін жұмыс орындары жетіспейді» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

Сонымен бірге, автоматтандырумен, жаңа кәсіп-мамандықтардың дамуымен және қызметкер дағдысына талаптардың өзгеруімен байланысты жүріп жатқан өзгерістер аясында жастарға әсіресе қиын. Сарапшылар пікірінше, болашақта еңбек нарығы күрделі де жан-жақты құзыреттерді талап ететін болады, сондықтан да жастардың икемді болуы және өзгеріп отырған жағдайға бейімделу үшін оқуға дайын болуы маңызды.

*«Елімізде жұмыс орындарының жартысынан астамында (52%) автоматтандырудың жоғары немесе едәуір жоғары қаупі бар. Дегенмен технологияның жедел прогресі экономикаға даму перспективасын берумен қатар еңбек саласында жаңа мәселелердің пайда болуына әкелді. Осылайша, жақын болашақта 85 млн. жұмыс орны еңбек нарығынан шығарылуы мүмкін, сонымен бірге адамдар мен машиналар және алгоритмдер арасында еңбек бөлінісіне жақынырақ бейімделген жаңа 97 млн. жаңа жұмыс орындары құрылатын болады. Осыған қосымша, соңғы зерттеулерге сәйкес, әлемдегі 8 ең ірі экономикаларға, 2030 жылға қарай 100 млн. қызметкерге немесе әрбір он алтыншы қызметкерге қызмет түрін ауыстыруға тура келеді. Бұл кәсіпорындар шығыстарын қысқартуға, өндірістің кеңеюіне және тиісінше, жаңа жұмыс орындарының құрылуына әкеледі. Мысалға, бүгінгі күннің өзінде әсіресе барлық салалар бойынша экономикасы жоғары елдерде онлайн сауданы кеңінен пайдалану байқалады (Г.Галиакбарова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

*«Бұрынғылардың орнына жаңа жұмыс орындарының пайда болуымен еңбек ресурстарының дайындық деңгейіне талаптар да өзгереді. Бүгінде көптеген жаңа мамандықтар бойынша қажетті дағдылар жинағына техникалықтан басқа бизнес пен басқару, өнімді және цифрлық маркетинг, жарнама, сауда т.б. салалар бойынша мамандандырылған арнайы (тікелей) дағдылар кіреді. Сонымен бірге, «12 білім экономикасын» қалыптастыру жағдайында шығармашылық қабілеттер мен «жұмсақ» дағдылардың («soft skills») құндылық-қажеттіліктері де артуда. Жұмыс берушілер қазірдің өзінде қызметкерлерден сыни ойлау мен талдау жасау,*

*мәселені тез де тиімді шешу қабілеті, жетекшілік қасиеттер мен эмоционалды интеллект сияқты күрделі білім мен құзыреттің болуын, сонымен бірге белсенді оқу, стресске төзімділік пен икемділік сияқты өз-өзін басқару дағдыларын талап ете бастады. Және бүгінде «жұмсақ» дағдылар кешені өзекті» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Сарапшылар Қазақстанда жастар жұмыс іздеу барысында кездесетін қиындықтарды да атап өтті. Олардың бағалауынша, түлектердің тек жартысы ғана өз мамандығы бойынша жұмыс істейді, бұл түлектерді мамандандыру мен еңбек нарығындағы сұраныс арасындағы сәйкестіктің жеткіліксіздігі мәселесін көрсетеді. Жұмыс тәжірибесі мен тілдік дағдыларға қойылатын талаптар да оқуды жаңа аяқтаған студенттер үшін қиындықтар тудыруы мүмкін.

Сарапшылар жастардың тұрақсыз және жалақысы төмен мамандықтарды таңдайтынын атады, бұл да білім беру саласындағы мәселені көрсетеді және жастарды ауылдан қалаға көшуге итермелейді, ал ол өз кезегінде жұмыссыз жастар санын көбейтеді.

*«Соңғы кезде, менің ойымша, жастарда жұмысқа орналасуда қиындықтар мен кедергілер көбейген сияқты. Соның ішінде біздің түлектерді алсақ (соңғы үш жылды байқап қарадық), біздің мамандық бойынша барлық түлектердің 50%-ы ғана жұмыс істейді, қалған 50%-ы түрлі себептермен мамандықтары бойынша жұмыс істемейді» (М.Кудабеков, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің аға оқытушысы).*

*«Жұмыс тәжірибе минимумы үш жылдан кем болмау керек. Осындай үлкен талаптарға байланысты оқуды жаңа аяқтаған студенттерде мәселелер туындайды. Немесе бірден тілдерді білу талап етіледі» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ доценті).*

*«Жастар өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрмайды, олар гранттары көп мамандықтарды таңдайды, төмен жалақыға, білім беру жүйесінің тұрақсыздығы мен әлсіздігіне қатысты мәселелер бар. Біздің орта және жоғары білім беру жүйеміз әлсіз дамыған, үйлестірілмеген. Жыл сайын болатын өзгерістер жастарды, оқытушылар мен мұғалімдерді ауыр жағдайда қалдырып отыр. Жұмыссыздықты болдырмау бағытында белгілі бір жұмыстар жүргізілуде, бірақ біз әзірге жақсы нәтижелерді көріп отырған жоқпыз. Ауыл жастарының тез қалаға қоныс аударуы, қаладағы олардың баспана мәселесі, жалақының төмен болуы қорытындысында жұмыссыз жастар санының көбеюіне әкеледі» (С.Бейсекеев, кәсіпкер, ментор, «Arman Holding» компаниясының президенті).*

Сонымен бірге, сарапшылар пікірі бойынша жастардың жұмысқа орналасуына кедергі келтіретін маңызды фактор – еңбек биржасы сияқты жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасында делдалдықтың тиімді механизмінің болмауы. Бұл жалпы алғанда жұмыс іздеу процесі мен жұмыс беруші талаптары мен қызметкер дағдыларын салыстыруды қиындатуы мүмкін. Бос орындар туралы, кәсіби оқу мен мансаптық даму туралы ақпарат жастар үшін шектеулі болуы ықтимал.

*«... Еңбекке орналасудың бүгінгі көптеген мәселелері Қазақстанда толық мәнде жұмыс істейтін еңбек биржасының жоқтығымен, еңбек нарығы инфроқұрылымының әлсіздігімен, сонымен бірге еңбекпен қамту саласында құрылымдық және жүйелік реформалардың үнемі кейінге қалдырылуымен негізделген. Осыған орай елде еңбек нарығының қызмет істеуі үшін қолайсыз ахуал қалыптасты, бұл адами ресурстарды тиімсіз пайдалануға әкеледі» (М.Есиркепова, Астана Халықаралық университеті).*

Сарапшылар жұмыссыздықты ресми статистика негізінде бағалауға көңіл аударды. Жұмыспен қамтылмау деңгейі ресми түрде 4,8-4,9% -дан аспайды және

соңғы 20 жыл ішінде өзгерген жоқ деген тұжырым ресми деректер Қазақстандағы нақты жұмыссыздықтың шынайы бейнесін көрсетіп тұрмағандығын білдіреді.

*«Шынына келгенде, біздің үлкен мәселеміз – бұл жұмыссыздықты бағалаудағы статистика мәселесі. Бұл ресми тұрғыдан жұмыссыздық деңгейі 4,8-4,9%-дан аспайды деген бағамен байланысты. Ол соңғы 20 жыл ішінде өзгерген жоқ. Сондықтан да біз ресми статистиканы нақты көрсеткіш деп қарай алмаймыз» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

### 3. Білім бағдарламаларының экономика сұраныстары мен жастардың ұмтылыстарына сәйкестігі

Білім беру бағдарламаларының экономика сұраныстары мен жастардың ұмтылыстарына сәйкестігі бүгінгі күннің өткір мәселелерінің бірі болып отыр.

Біріншіден, қазақстандық ЖОО-лар мамандар даярлауды көбіне экономиканың қазіргі талаптарымен үйлестірмей жүзеге асырады, ал жоғары білім алған жас адамдарда еңбек нарығына бәсекеге қабілетті маман ретінде шығу мүмкіндігі әр уақыт бола бермейді. Бұл білім беру бағдарламаларын жаңарту мен жаңғырту қажеттігін көрсетеді.

Екіншіден, сарапшылар ғылым, бизнес және білім беру арасындағы интеграциясының маңыздылығын атап көрсетті. Білім беру бағдарламалары қазіргі еңбек нарығы талаптарына сай болуы үшін университеттер мен кәсіпорындар арасындағы өзара тиімді әріптестікті күшейту керек. Бұған курстар, практикалық тренингтер, сынау-сынақтар және ынтымақтасудың басқа да формаларын дайындау арқылы қол жеткізуге болады. Сол сияқты университеттер еңбек нарығының өзгеріп отыратын талаптарына сәйкес өз бағдарламаларының икемділігі мен тез бейімделуін қамтамасыз етуі маңызды.

Үшіншіден, өзіндік білім алу және оқу бағдарламаларын өзіндік меңгеруге акцент берумен білім берудің рөлі өзгере бастады. Бұл оқу процесін ұйымдастыру мен оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізуді қажет етеді.

*«Менің ойымша, білім беру бағдарламаларының барлығы бірдей еңбек нарығы талаптарына сай келе бермейді. Бұл арада негізгі мәселе – білім, ғылым және бизнес интеграциясы, өйткені ірі компаниялардың өз корпоративті университеттері бар, яғни, олар жас маманды еңбек биржасынан алады да қажет дағдыларға өздері оқытады. Университет, әрине, жұмыс берушілермен жұмыс істейді, өзара тиімді әріптестік қатынас орнатады, бірақ, меніңше бұл жеткіліксіз. Бұл өндірістің өзге аймақтарда орналасуымен байланысты. Жұмыс берушілердің кейбір топтары жұмыс істеп жатыр, ал кейбіреуі жоқ» (М.Кудабеков, Л.Н. Гумилев ат.ЕҰУ-нің аға оқытушысы).*

*«Қазіргі талаптар бойынша мамандар даярлайтын барлығы 2-3 ЖОО ғана бар. Дегенмен оқу бітірген жастардың басым бөлігі еңбек нарығына дайын маман ретінде шыға алмайды» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

*«Білім берудің рөлі өзгеруде, ол конструктивизм теориясына негізделген оқу жүйелеріне тән дәстүрлі оқу материалдарын меңгеруден бас тартып, білім алушыларда өз-өзін оқыту дағдыларын дамытуға, қызықтырған сұрақтар мен мәселелер бойынша өзіндік білім алуға бағыттауға ұмтылуда. Өкінішке орай, ҚР білім бағдарламалары ескірген және қазіргі еңбек нарығы сұраныстарына жауап бермейді» (М.Есиркепова, Астана Халықаралық университеті).*

Сонымен бірге, кейбір сарапшылар керісінше білім бағдарламалары қалай болғанда да қазіргі экономиканың өзекті сұраныстары мен жастар ұмтылыстарына жауап береді деген пікірде. Солай болса да, олар да білім беру мекемелері еңбек нарығы қажеттіліктерін үнемі зерттеп отыруы қажеттілігі мен технологиялық прогресс пен өзгеріп отыратын талаптарға сай болу үшін жаңа курстарды енгізіп отыруы туралы сенімділік білдірді.

*«Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында тұтастай алғанда білім беру бағдарламалары қазіргі экономиканың өзекті сұраныстары мен жастар ұмтылыстарына жауап береді. Әрине, білім беру мекемелері еңбек нарығы қажеттіліктерін үнемі зерттеп, жаңа курстар енгізуі қажет. Олардың ішінде:*

**«Өмірді цифривизациялау», Киберқауіпсіздік», «Медиацзия», «Мамандыққа кіріспе» (А.Надиоров, Халық шаруашылығы университетінің профессоры).**

Сол сияқты, сарапшылар пікірі бойынша жастарға өз кәсіби жолдарын анықтауға көмектесу де маңызды аспект болып табылады. Емтиханға дайындық кезінде жоғары сынып оқушыларына өздері таңдаған нақты кәсіби салаға бағытталған қолдау көрсету осы жолдардың бірі болар еді. Кәсіби бағыттық жұмыстың кеңеюі жастар үшін өз дағдылары мен қабілеттерін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін саланы анықтауға көмектесер еді. Түрлі мамандықтар мен білім бағдарламалары туралы дәл де нақты ақпарат ұсыну шараларын ұйымдастыру жастарға саналы таңдау жасауға көмектеседі.

Елдің ЖОО-ларындағы оқу бағдарламаларын актуалдандыру маңызды, сонымен бірге түрлі мамандықтарға сұранысты бағалауды, еңбек нарығы мен жұмыс берушілер талаптарына талдауды тұрақты түрде жүргізіп отыру қажет.

**«Мысалы, 11 сынып оқушысы қандай мамандықты таңдайтыны туралы мектеп бітіргенше ойламауы керек. 11 сыныпта ол емтиханға дайындалуы керек және өзі таңдаған бағыт бойынша белгіленген дайындық деңгейін ұстануы тиіс. Қай бағытта ол жақсы екенін, қай салада жақсы табыстарға жете алатынын анықтау үшін көмек көрсету қажет. Біз дәл ақпарат ұсына алатын деңгейде болуымыз керек» (С.Бейсекеев, кәсіпкер, ментор, «Arman Holding» компаниясының президенті).**

**«Бұл арада басты сұрақ, менің ойымша, жас адамдар өздеріне қажет білімді алуда ма, мамандықтарды дұрыс таңдап отыр ма деген мәселеге негізделгені дұрыс. Оның себебі өз мамандықтары бойынша жұмыс істейтін жастар көп емес. Мысалы, студент энергетика саласында жоғары білім алады, ал білім саласында немесе жеке секторда ол мобилограф, таргетолог, SMM-маман сияқты заманауи маман ретінде осы мамандықтарға жиі ауысады. Сондықтан мамандық таңдау бойынша кәсіби бағыт беру жұмыстарын күшейту қажет. Біздің еліміздегі білім бағдарламаларының қажеттілігі мен өзектілігін көрсету керек» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).**

Мемлекеттік білім гранттары жастар легін ел экономикасына қажет секторларға бағыттап отыратын механизм болып табылады, ол сонымен бірге жастарға білімді өз отбасылары мен студенттерге айтарлықтай қаржылық жүктеме түсірмей-ақ білім алуға мүмкіндік береді. Кейбір жастардың өз қабілеттері мен мүдделеріне қарап емес, гранттың қол жетімділігіне қарай мамандық таңдауына қатысты сарапшылар алаңдаушылық білдірді. Көбіне бұл жастардың өз мамандықтарына қызығушылықтарының болмауына, ал оқу бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша жұмысқа бармауына әкелуі мүмкін.

**«Жастар оқуға тек гранттардың көптігіне қарай барады деп ойлаймын. Біреу құқықтану саласында жақсы, бірақ грант аздығынан техникалық мамандықтарға тап болады. Нәтижесінде ол адам өз дағдыларынан айрылады. Осыдан кейін ол өз саласында енді озық маман бола алмайтынын түсінеді де, басқа салаға кетеді. Гранттардың көп бөлінуі бір жағынан пайдалы болса, екінші жағынан зиянды» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).**

**«...Жоғары оқу орындарындағы оқу сапасына байланысты. Мемлекет жоғары білім жүйесіне тым қатты араласып отыр ғой. Үкімет гранттарды тым көп бөліп отыр. Жастар саясатының басты бағыты – жастарды гранттармен барынша мол қамту» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).**

Сол сияқты гранттарды бөлуде теңдікті, бірдейлікті ұстану мен мамандандырудың түрлі саласы үшін қаржыландыруды арттыру қажеттілігі туындауда. IT-мамандарға соңғы кезде гранттардың көп бөлінгеніне қарамастан, кешенді дамуды қамтамасыз ету мен еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес болу үшін басқа салаларды да ескерген жөн. Мысалы, гуманитарлық мамандықтарға көңіл бөлген дұрыс, себебі қоғам мен еңбек нарығы талаптары үнемі өзгеріп отырады.

*«Соңғы кезде IT-мамандарға көп грант бөлініп жүр, бірақ мен белгілі бір баланс болуы керек деп ойлаймын. Осындай сұрақтар мұқият саралануы керек. Кезінде гуманитарлық мамандықтарды қысқартып, техникалық мамандықтарды көбейтеміз деп айтылды. Уақыт қойып отырған талаптар өзгергенімен, олар мұқият зерттеліп барып шешілуі керек» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ-нің қызметкері).*

*«Жастар қазір нені қалайды? Жастар арасында қазір мына блогерлік өте кең тараған, үйде отырып, ештеңе істемей, ештеңе оқымай, ешқайда ештеңе салмай, ештеңе оқымай да бірден ақша табу, бірақ бұлай болмайды. Ал білім бағдарламасы – жастар мақсатты түрде заңгер, халықаралық маман болуға барады. Бірақ неге екені белгісіз, жастар қазір негізінен IT-технологияға және солай басқаларға барады. Яғни, қазір ауытқу жүріп жатыр деуге бола ма. Жастар бұны әрдайым түсіне бермейді» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің доценті).*

Сарапшылық сауал білім гранттары ең көп бөлінген мамандықтарға қатысты зерттеу жүргізу қажеттігін көрсетті. Осындай зерттеу осы мамандық түлектеріне сұраныстың барлығын анықтауға, олардың жұмысқа орналасу деңгейі мен жалақы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жас мамандар кездесіп отырған мәселелерді шығаруға жол ашар еді. Сол сияқты жоғары білімді жас мамандар үшін міндетті үш жыл еңбекпен өтеу де әр уақыт өз тиімділігін көрсетіп отырған жоқ.

*«Гранттар кең бөлінген мамандықтарды зерттеу қажет. Сондай сұраныс бар ма, түлектер жұмысқа орналасып жатыр ма және жалақы мәселесінің деңгейі қандай? Зерттеу көптеген мәселелерді ашар еді. Бізде қазір жоғары білім алған жас маманға үш жыл жұмыс өтеуі болуы керек деген талап бар. Бұл мәселені қалай шешеді? Жалған куәлік алған, басқа салаларда жұмыс істеп жүрген жастар да бар ғой» (С.Бейсекеев, кәсіпкер, ментор, «Arman Holding» компаниясының президенті).*

Оқу бітірген жастар алдында еңбекке орналасу жолында кейбір қиындықтар мен формалды емес кедергілер туындайды. Жастарды еңбекпен қамтуды қолдау бағытында мемлекет қолға алған шараларға, мысалы, «Жастар практикасы», «Дипломмен ауылға!», «Серпін-2050» бағдарламаларын жүзеге асыруға қарамастан, бұл бағдарламалар одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Мәселелердің бірі - ауылдық жерлерде бағдарламалар қол жетімділігінің шектеулі болуы. Мысалы, «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы аясында жастар ауылға ұзақ емес мерзімге ғана барады.

*«Қазіргі кезде еңбекпен қамтуға бағытталған жақсы бағдарламалар бар, мысалы, «Жастар практикасы», «Дипломмен ауылға!», «Серпін-2050», бірақ олар шикі деуге келеді. Олардың механизмдері тиісті деңгейде қарастырылмаған, олардың механизмдері зерттелуі, қаралуы тиіс. Мысалы, «Дипломмен ауылға!» бағдарламасын алсақ, жастар көп ауылдарға бармайды, барса да ұзаққа емес» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ-нің қызметкері).*

Сонымен бірге қызметкерлердің көпшілігінде қаржының немесе уақыттың шектеулігіне байланысты қайта оқу мүмкіндігі жоқ. Осындай жағдай қызметкерлер үшін де, сондай-ақ экономика үшін де кедергілер тудыруы мүмкін. Қайта оқуға қол

**Жастар еңбек нарығында:  
қажеттілік, мүмкіндіктер мен перспективалар** \_\_\_\_\_

жетімділіктің болмауы дағдылар мен білімнің ескіруіне әкеліп, бұл еңбек нарығының жаңа талаптарына бейімделуді қиындатады. Бұл қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен кәсіби өсуін, сондай-ақ олардың елдің экономикалық дамуына қосар үлесін шектеуі мүмкін.

*«Көп қызметкерлерде қаржының немесе уақыттың шектеулігіне байланысты қайта оқу мүмкіндігі жоқ. Нәтижесінде жылына Қазақстанның еңбекпен қамтылған тұрғындарының тек 4-5%-ы ғана кәсіби оқудан немесе жалпы даму курстарынан өтеді» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

#### 4. Жастарды еңбекпен қамту тұрғысынан білім беру саясатын жетілдіру

Қазіргі жағдайда өмір бойына оқу дағдыларын дамыту маңызды. Тұрақты түрде өз-өзін дамыту мен жаңа құзыреттіліктерге оқу өзгеріп отыратын ортаға бейімделу мен табысты мансап үшін қажеттілікке айналды.

Бар ілімді беруге бағытталған дәстүрлі білім беру қалыптары студенттің икемді де бейімді маман болу мүмкіндігін шектеуі мүмкін. Оның орнына дербестік пен белсенділік, сыни және аналитикалық ойлау, тез оқи білу сияқты суперкәсіби дағдылардың кең спектрін дамыту маңызды бола түсуде.

Сондықтан да білім бағдарламалары өзін-өзі оқыту, сыни ойлау мен бейімделушілік дағдыларын дамытуға ынталандыруы, сонымен бірге жаңа құзыреттіліктерге оқуға және қосымша сертификаттар мен маманданулар алуға мүмкіндіктер бере білуі маңызды. Бұл мамандарға бәсекеге қабілеттілігін сақтауға және өз кәсіби саласындағы өзгерістерге тез әрі икемді жауап беруге көмектеседі.

*«...Өмір бойына оқу тұжырымдамасы бүгінде кеңінен танымал бола бастады. Бұл тіпті тенденция да емес, қазіргі жағдайда қажеттілік. Бір рет диплом алып тоқтаған, өз-өзін дамытумен айналыспаған маман жұмыс берушілер алдында өз қажеттілігінен тез айрылады. Осымен байланысты, тиімді мансап құру үшін, менің ойымша, тез оқи білу, сыни және аналитикалық ойлау, бейімделушілік, дербестік пен белсенділік сияқты дағдылар өте маңызды» (Г.Галиакбарова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

*«Әлемдік еңбек нарығының қайта құрылуы өз қызметінің бүкіл барысында жаңа дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге қабілетті, сонымен бірге суперкәсіби дағдылардың кең спектрін меңгеру арқылы үнемі өзгеріп отыратын ортаға табысты бейімделе алатын мамандар даярлау қажеттілігін тудырды. Осыған орай, тек бар ілімді беруге ғана бағытталған дәстүрлі білім беру қалыптары өз өзектілігінен айрылуда, өйткені олар «көпфункционалды» мамандар даярлай алмайды» (М.Есиркепова, Астана Халықаралық университеті).*

Жастардың еңбекпен қамтылуы мен мансаптық өсуін қамтамасыз ету үшін білім беру мүмкіндіктерін кеңейту және қосымша дағдылар алу қажет. Білім беру шеңберін түлектер құзыретін көбейтетін сертификаттар немесе қосымша мамандандырулар алу арқылы кеңейтуге болады.

*«Бәрінен бұрын, олар алда жұмысқа тұру мүмкіндігін алу үшін, менің ойымша, мүмкіндіктерді кеңейту керек. Мысалы, бірден екі мамандық алу мүмкіндігі. Егер ол заңгер болса, қосымша аудармашы дипломын қатар ала алады» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің доценті).*

Сонымен бірге мамандарды тиімді дайындау үшін білім беру мекемелері мен еңбек нарығы және бизнес арасында нәтижелі өзара әрекет қажет. Негізгі аспектілердің бірі - еңбек нарығының қажет мамандарға дәлме-дәл тапсырыс беруі. Бұл түлектер ЖОО бітірген соң бірден жұмыс табуы үшін жұмыс берушілердің талаптары мен қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сарапшылар университеттердегі дәстүрлі оқу бағдарламалары көбіне жұмысқа табысты орналасу үшін қажет практикалық дағдылар мен тәжірибелердің тиісті деңгейін қамтамасыз ете алмайтынын атап өтті. Сонымен бірге жұмыс беруші-компаниялар ұсынып отырған мамандандырылған кәсіби курстар ізденушілерге нақты бизнес-тапсырмаларды шешуге бағытталған нақты практикалық дағдылар бере алады. Бұл практикалық тәжірибесі жоқ дипломды түлектерге қарағанда оларға еңбек нарығында басымдық беруі мүмкін.

Университеттер мен жұмыс беруші-компаниялар оқу бағдарламаларын жаңарту, практикалық құзыреттерді енгізу және білімді еңбек нарығы



қажеттіліктеріне сәйкестендіру бағытында ынтымақтаса жұмыс істеуі маңызды. Бұл түлектерге өзекті де қажетті дағдыларды алуға, жұмысқа табысты орналасу мен қызметтік дамуға мүмкіндік береді.

*«Еңбек нарығының қажет мамандықтарға дәл тапсырысы. Біз де болжам жасағанмен, Еңбек министрлігі көкейкесті кадрларға 5 жылға бұрын болжам жасайды. Бірақ бұл жалпы сандар. Ал бизнес тарапынан, белгілі компаниялар тарапынан жастар бірден компанияларға жұмысқа орналаса алуы үшін максималды дәл тапсырыс болуы қажет. Барлығын бірдей алмайтын компаниялар бар. Мысалы, ұлттық компанияларда тұтастай бағдарламалар бар, кезек бар, бәсекелестік жоғары. Және аймақтық ерекшеліктерді де ескеру қажет, яғни, көш-қон мәселесін. Астана қаласын алсақ, былтыр зерттеулер жүргіздік, жастар, әсіресе NEET санатының 70 пайызы басқа аймақ мигранттары. Мысалы, Астана қаласының еңбек нарығы қалай болса да толық, ал аймақтарда мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер және т.б. жетіспейді» (М.Кудабеков, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің аға оқытушысы).*

*«... Осылайша стандартталған оқу жоспары бойынша оқыған «Лиги Плюща» университетінің дипломды түлегі еңбекке орналасу бәсекесінде беделді оқу орны түлегі емес, бірақ жұмыс беруші-компаниялар ұсынған мамандандырылған кәсіби курстар сериясын бітіріп, оқу барысында нақты бизнес-тапсырмаларды шешуге бағытталған нақты практикалық дағдылар алған ізденушіден ұтылуы мүмкін» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Сарапшылар жастардың еңбек қызметіне дайындығы тек ЖОО-лардың ғана емес, сол сияқты отбасының, балабақша мен мектептің де жұмысы екенін атады. Психологтер, педагог-психологтер, әлеуметтік қызметкерлер сияқты кәсіби педагогикалық кадрлар бұл процесте негізгі рөл атқарады, олар өз қызметі барысында жастарға қолдау көрсетіп, олардың дамуына көмектеседі.

Бұдан басқа, ерте кәсіби бағдар, өз мүддесі мен қабілетін түсіну жас адамдарға өздерінің болашақ мамандықтарына байланысты саналы шешім қабылдауына көмектеседі. Ерте кәсіби бағдардың бір формасына компанияларға жасалатын экскурсиялар мен мектеп жасында түрлі мамандықтар мен салалар туралы ақпаратпен танысу мүмкіндігі жатады.

*«Идеалды тұрғыдан бұл процесс отбасынан, балабақшадан, бала болатын үй – әлеуметтік мекемеден, мектептен басталады. Бірінші кезекте, сауатты ұстаздар болуы тиіс, соның ішінде қоғамның жастарға деген эмпатиясы маңызды» (А.Надирова, Халық шаруашылығы университетінің профессоры).*

*«Жақсы жұмысқа қол жеткізу үшін жастар өз жолын табуы керек... Мысалы, кәсіпорындарға экскурсия жасау қажет, ол жерде оқушылардың қызығушылықтары артады. Біреуіне энергетика ұнаса, екіншісіне журналистика және осы салаға қызығушылықты арттыру үшін жастарға осындай орындарға бару мүмкіндіктерін жасау керек. Осылайша, жастар мектеп жасынан-ақ өздерінің ішкі дағдыларымен оқудың артықшылықтарын түсіне бастайды. Сол жағдайда, менің ойымша, бұл ахуал түзетілетін болады» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).*

Жалпы алғанда, сарапшылық сауал көрсеткендей, жастарды еңбекпен қамту мәселелерін шешу контекстінде ЖОО-лардың орнына назар аудару, кәсіби кадрларды даярлау, сол сияқты оларды еңбек нарығына бейімдеуге қолдау көрсету мәселелерінде жұмыс сапасын арттыру қажет.

*«Жоғарғы оқу орындарында білім беру сапасын арттыру бойынша мемлекеттің қимыл-әрекетін қайта қарау қажет. Мен байқаған жақсы*

тенденция – бұл жас ректорларды тағайындау. Кейбір университеттерде бұл оң шешім ретінде қабылдануда. Өйткені қайта келген білімді жастар осы оқу орнындағы ішкі өзгерістерге өз үлестерін қоса алады. Жоғарғы оқу орындары тек диплом басып таратушы емес, шын мәніндегі оқу орнына айналуы керек» **(С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).**

«Егер біз білім беру сасатына айқын, дәл бағыт берсек, мәселелер өзінен-өзі шешіле бастайды» **(С.Бейсекеев, кәсіпкер, ментор, «Arman Holding» компаниясының президенті).**

Сонымен бірге жастарды қолдау бағдарламаларының тиімділігі өзекті күйінде қалуда. Мысалға алсақ, «Жастар практикасы» бағдарламасы жастарға еңбек практикасы тәжірибесін алуға мүмкіндік беріп, жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады. Алайда, бұл бағдарламаның тиімділігі мұқият талдауды қажет етеді. Бұл бағдарламадан қоғам мен экономика қандай пайда көріп отырғанын және жастардың осы жұмыста қалуы қаншалықты тұрақты екендігін білу үшін нәтижелерін бағалау мен мониторинг жүргізу маңызды.

«Жоғары білім алған жастар 3-6 айға жұмыспен қамтамасыз етіледі және бұл үшін мемлекет төлейді. Осы тәжірибеге қатысты менде үлкен сұрақ туындайды: қаншалықты бұл тиімді? Мемлекет бөлген қаржы өзін ақтай ма? Мысалы, осы жұмыстардағы жастардың тұрақтылық деңгейі қандай? Мен бұлай ойламаймын. Жастардың көпшілігі 6 айдан кейін басқа жұмыс іздеуге мәжбүр болады. Сондықтан бұл арнайы реттеуді қажет етеді» **(С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).**

## 5. Жастардың күтістері және еңбек нарығының шынайы қалпы

Жастардың еңбекпен қамтылуына қолдау көрсетуде жастардың жаңа толқынының, Z деп аталып жүрген ұрпақтың ерекшеліктерін ескерген жөн. Персоналды жалға алу мен оның одан әрі қозғалысын іске асырудың тиімді саясатын жүргізу үшін жұмыс берушілер цифрлық сауаттылық, жастардың қажеттіліктері мен басымдықтары сияқты факторларды ескеруі қажет. Жұмыс күші құрамының өзгеруіне экономикалық, әлеуметтік факторлар ғана емес, әр ұрпақтың менталдық, мінез-құлықтық ерекшеліктері де ықпал етеді.

*«Қазіргі және болашақтағы жұмыс күші әр ұрпақтың менталдық, мінез-құлықтық ерекшеліктері ықпалымен де өзгеріп отырады. Осылайша, еңбекпен қамтылу эволюциясы уақыт өте келе еңбек етуші жас ұрпақ миллениалдар мен Z ұрпағына қатысты барынша айқын көрінсе, олардың алдындағы «үнсіздер ұрпағы», «бэбibuмерлер» мен X ұрпақтарында азырақ байқалады. Мысалы, 2025 жылы бар әлемдегі жұмыс күшінің басым бөлігін миллениалдар мен Z ұрпағы (61%) құрайтын болады. Олардың ерекшеліктері: цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейі мен digital ортаға тартылуы (оларды сол сияқты digital natives «желісінде туғандар» деп те атайды), сол сияқты еңбектің икемді формаларына басымдық беруі мен қазіргі құбылыстарға көзқарастарының бейім болуы» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Сарапшылардың көпшілігі жастардың үміттері еңбек нарығының бүгінгі шынайы қалпымен сәйкеспейтіндігімен келісіп отыр. Қазіргі жастардың үміттері жоғары және қаржылық тәуелсіздікке, белгіленген әлеуметтік мәртебеге қол жеткізгісі келеді. Өз мансабын төменнен бастауға жастар әр уақыт дайын емес, оның орнына олар жоғары жалақы алуға, беделді лауазымға ие болуға ұмтылады.

*«Құндылықтар жүйесінде жас адамдар жоғары үмітке ие. Барлығы бірдей төменнен бастағысы келмейді. Қазіргі жастар ақша тапқысы, қаржы жинағысы келеді және белгілі бір дәреже мен шенге ие болуға ұмтылады» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ-нің қызметкері).*

*«Осындай жағдай еңбек нарығында бар және жастардың өз жұмыс орны мен, ең алдымен, еңбекақыға жоғары талаптар қоюы бұл қалыпты. Егер жастарды жалақы қанағаттандырмаса, олар еш қиналмастан жаңа жұмыс орнын іздеуге кетеді» (А.Надирова, Халық шаруашылығы университетінің профессоры).*

Бұл жерде сұралып отырған жалақы көлемі мен еңбек жағдайы еңбек нарығындағы нақты жағдайға сәйкес келе бермейді. Сарапшылар көрсеткендей бұл әсіресе «Болашақ» бағдарламасы түлектерінде байқалады. Олар Қазақстан Республикасы аумағына келгеннен кейін жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Жұмыс орындары шектеулі болған жағдайда жас мамандар формалды емес еңбекті қолайлы көреді, оның табыс беру мүмкіндігі мемлекеттік бағдарламалар шеңберіндегі жұмыс орнына немесе еңбекпен қамту орталықтары ұсынған бос орындармен салыстырғанда жоғары болуы мүмкін.

*«Мәселе жастардың күту үміттерінің жоғары болуында, олар көп нәрсені күтеді. «Болашақ» бағдарламасы түлектерінде Қазақстан Республикасы аумағына келгеннен кейін қандай үміт бар? Оларды ешқайда алмайды. Оларды жұмысқа мамандығы бойынша емес, басқа кәсіпке алады, тағы да осындайлар» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің доценті).*

*«Жастардың үміттері, әрине, сәйкеспейді. Күтіліп отырған жалақы бойынша Астана қаласында да зерттеулер жүргіздік. Жастарды қандай жалақы жастарды қанағаттандырады дегенде, есептеп көрдік, күтілетіні 505 мың. Яғни, бұл орташа жалақы мөлшерінен 30%-ға көп. «Жастар практикасы», «Алғашқы*

жұмыс орны» және басқа да бірнеше мемлекеттік бағдарламалар, олар да бар аймақтарда сұранысқа ие емес. 70 000 теңге минималды жалақы жастарды қанағаттандырмайтындығымен байланысты бұл. Егер ол мамандығы бойынша жұмыс істегісі келеді, бірақ мейрамханада даяшы болып, базарда жүкші болып істегенде көбірек табыс алатын болса. Яғни, формалды емес жұмысқа кетсе, ол жоғары табыс алады» (М.Кудабеков, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің аға оқытушысы).

Жастар кездесетін төмен жалақы мәселесі тұрақты және мемлекет пен жұмыс берушілер тарапынан назар аударуды қажет етеді. Жұмыс берушілерде жұмыс сапасына қатысты тиісті талаптар қою мүмкіндіктері болуы және жақсы жалақы ұсыну үшін жастар сұраныстарын қанағаттандыра алатын болуы қажет. Сарапшылар пікірінше, компаниялар жалпы алғанда жастарды жалақысы жоғары қызметтерге алуға дайын. Алайда, тұрақсыз экономикалық орта жағдайында жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндігі азаюда. Екінші жағынан, еңбектің икемді жүйесі мен жұмыс берушілер тарапынан ыналандырулар жас мамандарды қызметке тартуға және жұмыста ұстауға мүмкіндік береді.

«Алайда төменгі жалақыға үйренген, көнген жастар да бар. Жалақының төмен болуы – үнемі туындайтын мәселе. Жұмыс берушілер жастар сұраныстарын қанағаттандыруы керек және жұмыс сапасына қатысты тиісті талаптар қою мүмкіндіктеріне ие болуы керек. Мемлекетте өзінде жастар сұраныстарын қанағаттандыру мүмкіндігі жоқ. Ал ірі компаниялар үшін бұл онша қиын іс емес. Жаңа еңбек нарығына дайын немесе сол жаңа жаңа жағдайда жұмыс істеп отырған компаниялар бұл талаптардан проблема көріп тұрған жоқ. Бұл талаптарды орындау арқылы олар жастарды жақсы жалақысы бар орындарға жалдай алады. Бұл мүмкіндіктерді іске асыру үшін мемлекетке экономиканы дамыту керек» (С.Бейсекеев, кәсіпкер, ментор, «Arman Holding» компаниясының президенті).

«... Осындай бағытталған, бірінші кезекте өзінің не істейтінін түсінетін студент, түлек жалақысы төмен жұмысқа перспектива үшін барады. Яғни, беделге жұмыс істейді, ал перспективаға бағытталмаған жас адам бірден жоғары жалақы алғысы келеді. Жұмыс берушіге, тиісінше бірден жоғары жалақы тиімсіз. Білмеймін, бұл жерде қандай болса да икемді жүйе, ынталандыру, көтермелеу, тағы бірдемелер қажет болар. Мемлекеттік қызметте бұл қаншалықты мүмкін, мүмкін емес қой, ол жерде сетка ғой» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің доценті).

Сарапшылардың бір бөлігі жастар жұмыс орнын таңдауда тек материалдық сыйақыны ғана емес, даму мүмкіндігін, тәжірибе алуды, білім жинақтауды да ескереді және еңбек қызметін жоғары емес жалақыдан бастауға дайын деген пікір білдірді.

«Жалақысы 150 мың болатын жақсы жұмыс орным бар деп мақтанышпен айтатын кейбір жастар бар, сонымен бірге осындай жалақыны төмен деп есептейтіндер де бар. Жастардың жұмыс істеу ынтасы күшті және олар сіз ұсынған кез келген жұмысқа келіседі. Бүгінде жастарда сұраныстар өте көп. Мысалы, үлкен жалақы, жеке кабинет т.б.» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).

Сарапшылардың бір бөлігі бұл жерде жастардың үміт-сұраныстары жоғары емес және сұраныстардың негізі бар деп есептейді.

«Мен олар жоғары талаптар қояды деп айта алмас едім. Иә, қазіргі жастар бұрынғыдай төменнен бастағысы келмейді, олар бірден жақсы сервис алғысы келеді. Бұл біздің патриархалдық-авторитарлық жүйенің көрінісі ғана. Бұл иерархиялық жүйеде осындай жүйелер табиғатының негізі иерархияның төменгі

сатысындағы әлеуметтік топтар мен санаттарды кінәлауда екенімен байланысты. Мысалы, көп балалы ата-аналар кінәлі, жұмысқа тұра алмаса, жастардың өздері кінәлі деген нарратив бар. Мен бұнымен келісе алмаймын. Егер еңбек нарығына енген біреуде сұраныс болса, онда бұл сұраныстың негізі бар, құндылық пен ақпараттық негізі бар. Бұл заңды. Егер осындай сұраныс болса, оның белгілі алғышарттары бар. Мен мәселеге осылай қарауға кеңес берер едім» **(С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры)**.

Осылайша, жастарға жеке тұлғалық және кәсіби даму үшін әлеуметтік лифт беру мақсатында еңбек нарығының жастардың сұраныс-талаптары мен қажеттіліктеріне бейімделуі мемлекеттің назарында болуы қажет. Еңбек нарығы талаптары мен жас ізденушілер үміт-күтістері арасында баланс табу маңызды. Білім беру мекемелері, жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдар талаптар мен дағдылар сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ынтымақтаса жұмыс істеуі, сонымен бірге еңбек нарығына жастарды тарту, мотивациялау мен дамытуға қажет іс-шараларды әзірлеуі қажет.

«Керісінше, біздің еңбек нарығымыз жастар қажеттіліктерін қанағаттандыратын жағдайда емес. Жастар өз мүмкіндіктерін өте жақсы бағалай біледі, біз бұған қуануымыз керек. Егер олар жоғары талаптар қойса, тиісінше жұмысты да сол деңгейді атқарады деген сөз. Керісінше, біз білімді де еңбексүйгіш жастарға жағдай жасай білуіміз керек» **(С.Бейсекеев, кәсіпкер, ментор, «Arman Holding» компаниясының президенті)**.

## 6. Жұмысқа орналасуда жастарды мотивациялау (Ынталандыру)

Қазіргі жастар арасында жұмысқа орналасу мотивтері олардың құндылық бағыттарының өзгергенін білдіреді. Жастар өздерінің жеке қажеттіліктеріне, құндылықтары мен мүдделеріне сай келетін жұмыстарға барғысы келеді. Олар еңбекақысы жоғары жұмысты іздеп қана қоймайды, жұмыс пен жеке өмір балансына көңіл аударады, икемді жұмыс кестесіне, өзіндік анықтау мен қашықтан істеу мүмкіндігіне ұмтылады.

Алдыңғы ұрпақпен салыстырғанда бүгінгі жастар жұмысты жалақы алу құралы деп қана емес, өз-өзін жүзеге асыру мен қаржылық дербестікке жету амалы деп қарастырады. Олар жұмыс пен жеке өмір арасындағы балансқа бағытталған, әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты дамуға үлкен көңіл бөледі және өз әрекетінің мағыналылығы мен мәнділігіне ұмтылады. Жастар құндылығы мен қажеттіліктеріндегі бұл өзгерістерді есепке алу еңбекпен қамту саясатын әзірлеуде және жаңа экономикаға табысты бейімделу мен дамуға ықпал ететін жағдай жасауда маңызды аспект болып табылады.

*«... Жастар қазір жаңа қызмет көрсету экономикасына жақсы бейімделген. Олар үшін фабрикада жұмыс істеу деген сияқты дәстүрлі экономика өзекті емес. 9-дан 6-ға дейінгі жұмыс та маңызды емес. Олар өте үлкен иерархияға жұмыс істегісі келеді. Горизанталды (көлденең) жұмыс істегісі келеді.*

*... Мысалы, қазір Z ұрпағына қатысты көптеген зерттеулер жүргізілуде. Олар үшін айлық емес психикалық, психологиялық ахуал бірінші орында. Мысалы, сізге жақсы жалақы төлейді, ал бастығыңыз сізбен менсінбей астам сөйлесетін болса, ол жұмыстан кеткенді көбірек қалайтын болар. Біздің ата-анамыз: «Балам, алаңдама, жұмысыңнан айрылма» - деп айтқан. «Тіпті сіздің босс нашар болса да, сіз өз наныңызды тауып жүрсіз, осы маңызды» деді ол. Ал келесі ұрпақ не айтады, жоқ, бастысы – мен, менің құндылықтарым мен қажеттіліктерім. Бұл жерге мүлдем басқа құндылық орта, мәдени орта келеді. Мен оны тоқтатуды талап ету немесе онымен мәселе ретінде күресуді емес, еш мәселе жоқтай, оны табиғат заңы сияқты қабылдауды ұсынар едім» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

Жастар өздерінің жеке мүдделері мен құндылықтарына жауап беретін және өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін жұмысты көбірек іздей бастады. Олар өз дарындарын ашатын және қоғамға айтарлықтай үлес қосатын салаларды іздейді. Жұмысқа тұру туралы шешім қабылдау мен қызмет таңдауда өз-өзін жүзеге асыру мүмкіндігі шешуші бола бастады. Сондықтан мемлекеттік басқару жастардың сұраныстары мен мотивацияларындағы осы өзгерістерді ескеруі және экономикалық саясат пен елдің даму стратегиясына кірістіруі керек. Бұған жастардың мүддесі мен қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыс орындарын ашу, экономиканың инновациялық және перспективалық салаларын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау және жастар кәсіпкерлігін ынталандыруды жатқызуға болады.

Жастарды еңбекпен қамту саясатын жоспарлауда жастар белсенділігін ескеру мен олардың шешім қабылдау үрдістеріне қатысуына жағдай жасау маңызды. Жастар еңбекпен қамту стратегиясына тартылуы және өз пікірі мен ұсыныстарын жеткізу мүмкіндіктеріне ие болуы тиіс. Жастардың қазіргі қажеттіліктері елдің болашақ дамуымен тығыз байланысты және тұтастай алғанда елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін үлкен маңызға ие.

*«...Яғни, егер жас адамдар блогер болғысы келсе, әңгіме оларды блогер болуға үйретуде емес, жұмысқа деген қатынастың өзгере бастағанын ескерген жөн. Яғни, егер сіз жуық 10-15 жылға еңбек саясатын қалыптастырсаңыз, егер сіз жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз еткіңіз келсе, осыны*

факторлардың бірі ретінде ескеріңіз және өз бағдарламаңызға қосыңыз. Мен сізге айтайын, инновация мен елімізде болып жатырған өзгерістерді мемлекеттік органдар қауіп ретінде қабылдауда, проблематизация басым. Бұл заңды. Жастардың бүгінгі талаптары – ертең біздің экономиканы қалыптастыратын алғышарттар. Яғни, ертеңгі көзқараспен қарасақ, 50 жастан асқан шенеуніктер мен мемлекеттің көзқарасынан гәрі жастардың қажеттіліктері әлдеқайда маңыздырақ, өйткені олар жас» **(С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).**

Қаржылық тәуелсіздік те қазіргі жастар үшін маңызды мотив болып қалуда. Жас адамдар өздерінің кәсіби қызметі арқылы өздерін тұрақтылықпен, материалдық игілікпен қамтамасыз еткісі келеді. Олар жұмысты өздері мен болашақ отбасыларын қамтамасыз ету құралы деп санайды да тұрақтылық пен қаржылық тәуелсіздікке ұмтылады. Сарапшылар пікірі бойынша, қазіргі жастар ауыр дене еңбегіне, қайта өңдеу жұмыстарына ұмтылып отырған жоқ. Кәсіби өсу перспективасы мен мамандықтың мәртебелілігі жастар мотивациясына ықпал етуші факторлар болып қалуда.

Алайда еңбекке орналасу мотиві жеке болуы және әр жас адамдарда әр түрлі болу мүмкіндігін атап өткен жөн. Кейбіреулер әлеуметтік жауапкершілікті, қоғамдық игілікке үлесті немесе жұмыс пен жеке өмір балансын маңызды деп санауы мүмкін.

*«Кеңестік кезеңнен кейін өскен қазіргі жастарда жаңа құндылықтар мен тұғырнамалар қалыптасқан, оның ішінде еңбек саласында да. Студенттер жұмысты өмірде табысқа жету құралы, ортаның тануы мен құрметіне, қоғамдағы белгілі бір мәртебеге жету амалы деп қабылдайды. Сондықтан да жасөспірімдер мен қыздар болашақ еңбек арқылы жоғары жалақыға қол жеткізіп, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі көрсеткісі келеді»* **(М.Есиркепова, Астана Халықаралық университеті).**

Мамандық таңдау туралы шешімді жастар көбіне ұқсас мотивтерді басшылыққа ала отырып қабылдайды. Нақты мамандық таңдау кезіндегі сондай мотивтердің бірі - гранттардың немесе қаржылық көмектің басқа да формаларының болуы. Бұл белгілі бір мамандықтар немесе білім бағдарламалары болашақта қаржылық игілікке қол жеткізу үшін жақсы мүмкіндіктер беретінін түсінумен, сонымен бірге оқуға төлеу мүмкіндігі жоқтығын түсінумен байланысты. Алайда, қызмет пен мамандықты таңдаудадағы жастар мотивациясының сан қырлы процесс екендігін және экономикалық факторлар шешім қабылдауға ықпалын тигізетін аспектілердің бірі екендігін атап кеткен жөн.

*«...Жастар жұмысты аз істеп, көп алуға ұмтылады. Бүгінгі жастарда төзімділік, шыдамдылық аздау. Болашақ мамандықты таңдауда, мамандықтың беделді әрі танымал екенін басшылыққа алады»* **(Г.Галиакбарова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).**

Сарапшылар мамандық таңдау кезінде жастар түрлі ықпалдарға ұшырайтынын атады, ол сыртқы орта ықпалы және өз жақындары мен туыстарының ықпалы. Көп жағдайда бұндай ықпалдар олардың кәсіби өзіндік анықтауы мен мотивациясына теріс әсер етеді. Мамандық таңдауға ықпал ететін факторлардың бірі медиялық тұлғалардың, блогерлер, инфлюенсерлер және басқа да цифрлық кеңістіктегі танымал тұлғалардың өмірлік тәжірибелерін көшіру (трансляциялау) болып отыр. Олардың үлгісінде жастар жеңіл табысқа, цифрлық орта шеңберінде дамуға, танылуға ұмтылады. Алайда осындай амал таңдау аумағын шектеуі және түрлі мамандықтардың ерекшелігі мен кездесетін қиындықтар туралы шынайы көзқарасты бұрмалауы мүмкін.

Сонымен бірге, жастар мамандық таңдауда өзінің жақын ортасының, оның ішінде ата-аналары да бар, туыстарының қысымына да ұшырауы мүмкін. Кейбіреуі

туыстар үмітін ақтау, отбасылық дәстүрді сақтау туралы ойлануы мүмкін, нәтижесінде өзінің мүддесіне сай емес мамандықты таңдауға тура келеді. Ұзақ мерзімді перспективада бұл наразылық пен мотивацияның төмендеуіне әкелуі ықтимал.

*«Интернетте және тик-токтарда отырған блогерлер жеңіл табыс тауып отырғандары туралы айтады және ЖОО қабырғасынан енді ғана шыққан жасөспірім-студент те табыс тапқысы келеді, бірақ қолына 200 мың алады, міне олардың арасында алшақтық бар. Оның, студенттің сөзі: «Әдеттегідей, мысалы, сол бөлімде маман болып 200 мың теңгеге ел игілігіне жұмыс істегенше, мен интернетте отырып, сол арада бірдеңелерді айналдырғаным артық қой». Міне, сондықтан да мотивация жоқ» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің доценті).*

Жастар арасындағы төмен мотивация мәселесін атап көрсеткен сарапшылар бұл едәуір деңгейде түлектер арасында ғана емес, орта мектеп оқушылары арасында да ерте кәсіби бағдар беру жұмысының болмауымен байланысты екенін айтты. Заманауи талаптарға сай кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілуі оқушылардың қабілеттері мен назар аударған салаларын анықтауға жол ашса, ол өз кезегінде оқушы жастарға болашақ қызмет пен мамандықты таңдауға көмектесер еді.

*«... Менің ойымша, бізде, әсіресе, мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстары өте әлсіз. Бұған аз көңіл бөлінеді. Әрине, іс-шаралар өткізіледі, бірақ олар жеткіліксіз» (М.Кудабеков, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің аға оқытушысы)*

Сарапшылар болашақ қызметін таңдау алдында тұрған жастарға жан-жақты талдау жүргізуді ұсынады. Бұл талдау жастардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығының қажеттіліктерін де ескеруі керек. Мұндай талдауды жүргізген кезде жастардың мамандықты немесе кәсіпті дұрыс таңдауы үшін олардың жеке қызығушылықтарын, қабілеттерін жүзеге асыруға көмектесу қажет. Сондай-ақ жастарға жақсы жұмыс перспективалары мен жұмысқа қанағаттануды қамтамасыз ету үшін еңбек нарығының талаптары мен тенденцияларын ескеру маңызды.

*«Бала өз бағытын қаншалықты ерте таңдаса, оған өз мамандығын таңдау да соншалықты жеңіл болады. Ол өз бағытын ерте таңдайды, осы бағытта көп жұмыстанады, үлкен табыстарға қол жеткізеді. Бірақ біздің білім беру жүйеміз бұл жүйеге кірікпейді. Біз орта мектепте бар пәнді оқу керек, химияны, биологияны, математиканы білу керек деп айтатын бұрынғы кеңестік жүйемен өмір сүрудеміз. Бұл балаға өз қабілетіне қарай жолын таңдап алуына көмектесе алмайды» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ-нің қызметкері).*

Өндірістік практика кәсіби қызметтің бастапқы кезеңіндегі мотивацияны бағалау құралдарының бірі бола алады. Өндірістік практика кезіндегі еңбек әрекетіндегі мотивация бағасы жас мамандар мен олардың жетекшілеріне жұмыстағы басымдықтарды, құндылықтар мен қызығушылықтарды жақсырақ түсінуге, сонымен бірге болашақ мансап траекториясын құруға, тиімді жұмыс орны немесе лауазымды таңдауға көмектеседі. Практика барысында жас мамандар түрлі мотивациялар мен басымдықтарды көрсетуі мүмкін. Кейбіреуіне жоғары жалақы маңызды болуы мүмкін, қаржылық тұрақтылық пен базалық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бұл да түсінікті фактор болып табылады. Басқалары ұзақ мерзімді перспективада қажет болатын өз дағдылары мен білімдерін кеңейтуге ұмтылу арқылы жұмыс тәжірибесін алу мен жан-жақты дамуға бағытталады.

*«Жастардың жұмыс істеуге дайындығын ЖОО қабырғасынан-ақ анықтауға болады. Бізде өндірістік практика бар және біз жастардың осы практикаларға қатысуын бақылауымыз керек. Кейбіреулер тек жазба үшін ғана шартты түрде*



*«практикадан өтті» деген мөрдi қоя салуы мүмкін. Ал жастардың келесі қызыққан тобы стажировканы арнайы кәсіпорындар мен мекемелерде өтеді. Осыдан жас адамның жұмыстағы мотивациясын білуге болады» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).*

Кешенді талдауға негізделген осындай стратегия жастарды еңбекпен қамтудағы мәселелердің төмендеуіне және олардың таңдаған мамандығына қанағаттануы деңгейінің артуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, осындай амал еңбек нарығы талаптары мен алынатын білім арасындағы алшақтықты қысқартып, жастарды қолдау мен дамытудың тиімді механизмдерін құруға мүмкіндік береді.

*«...Өмір жолын таңдау алдында тұрған жас адамдар өз қабілеттері мен мүдде-қызығушылықтарына талдау жасауы, мүмкіндіктерді бағалауы, еңбек нарығындағы ахуалды талдай отырып, өзінің алдағы жұмысқа орналасуын болжауы керек. Әрине, әр түлек болашақ жұмысының беделді болғанын, яғни перспективті және ақысы жоғары болғанын қалайды. Сондықтан болашақ мамандықтың беделділігінің бағасы қандай болса да білім алуға шешім қабылдауға басты ықпалын тигізеді» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Сарапшылар мотивация тек мамандық таңдаумен шектелмейтінін айтады. Көп жағдайда жұмысқа орналасқаннан кейін, әсіресе еңбек нарығына шығудың бастапқы кезеңінде кәсіби және эмоционалды қажу, шаршау көрініс беру жағдайлары да болады. Жас мамандар стресс пен апатияға әкелетін жұмыс орны сапасының төмендігімен, қауіпсіз емес жұмыс жағдайымен, жұмыс жағдайына қатысты наразылықпен кездесуі мүмкін.

Оның мүмкін себептерінің бірі бұл сұрақтарға көбіне тиісті көңіл бөлінбейді, БАҚ-та көтерілмейді. Жұмыс орнындағы кепілдіктер мен құқық туралы, сол сияқты көмек пен қолдаудың қолжетімді механизмдері туралы ақпараттың жеткіліксіздігінен жас мамандар қанағаттанбаушылық пен наразы болу жағдайында қалады, бірақ жағдайды қалай өзгерту керектігін біле бермейді.

Бұл мәселені шешу үшін жұмыс істеу орнындағы жағдайға көп көңіл бөлу керек және жас мамандарды өздерінің құқықтары мен қорғалу мүмкіндіктері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету керек. Қауіпсіз де таза жұмыс жағдайларын құру жолында жұмыс істеу, сонымен бірге стресс пен қанағаттанушылықты бастан кешірген жас мамандарды қолдаумен, ресурстармен қамтамасыз ету керек.

Сонымен бірге, жас мамандарға қолдау мен қамқорлық жасау мәдениетін құру кәсіби және эмоционалды қажу, шаршаудың алдын алуда маңызды рөл атқара алады.

*«...Бұрын айтқанымдай, өте үлкен психэмоционалды жүктеме, әсіресе жас мамандар үшін, бұл – еңбек жүктемесі. Бұл олардың жұмыс жағдайымен қанағаттанбайтындықтарын білдіреді. Екіншіден, олар жұмыс сапасына, жұмыс қауіпсіздігіне және тағы да басқа ахуалдарға көңілдері толмайды, тиісінше, еңбек жалақысы да оларды қанағаттандырмайды. Бұл да үлкен мәселе, сондықтан, менің ойымша, бұл арада мәселе тек жалақыға байланысты емес, жұмыс жағдайы мен гигиенасы да бар, ол туралы айтатындар аз. Өйткені «психологиялық-эмоционалды күйіп кету» деген ұғым бар. Алғашқы 3 жылда жас адамдар эмоционалды күйіп – жануды бастан кешіреді, тиісінше, оларда стресс, апатия мен депрессия болады» (М.Кудабеков, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің аға оқытушысы).*

NEET санаты жастары мәселесі өзекті күйінде. Жастар бағдарламаларына қатысу үшін институционалды мекемелердегі ақпаратқа қол жеткізе алатындар жиі

іріктеліп алынады. Нәтижесінде бұл санатқа жатпайтын жастар тыс қалып қояды да өздерінің дамуы үшін қажетті қолдау мен ресурстары алу мүмкіндігінен айырылады.

## 7. «Ақыл-ой қорының азаюы»

«Ақыл-ой қорының азаюы» немесе жоғары білікті мамандардың Қазақстаннан қоныс аударуы көкейкесті мәселе болып отыр және сарапшылар пікірінше соңғы жылдары кадрлардың кетуі көбейе түскен. Бұл әсіресе, педагогикалық пен техникалық мамандықтар өкілдеріне және экономистерге қатысты. Жас мамандардың көбі шет елдерде, әсіресе еңбекақысы жоғары және кәсіби өсуге жағдайлар жасалған дамыған елдерде үлкен перспективалар бар деп есептейді. Олар жұмыстың жақсы жағдайларын, өз дағдыларын дамыту мен тәжірибе алу мүмкіндіктерін іздейді. Сонымен бірге, Қазақстанда жоғары білікті мамандар үшін, әсіресе белгілі бір салаларда жұмыс орындарының тапшылығы байқалуда. Бұл бәсекелестіктің артуына, келешектегі белгісіздікке әкелуде. Жастардың көбі өздері үшін мүмкіндіктер көп жерлерге баруды қалайды.

*«Қазақстаннан тұрғындардың кетуі күшейе түсуде, елден кетушілер арасында әсіресе техникалық мамандық өкілдері, педагогтер мен экономистер көп. Қазақстандықтардың шет елдерге кетуінің артуы соңғы 4 жыл бойына тіркеліп отыр» (М.Есиркепова, Астана халықаралық университетінің кафедра доценті).*

«Ақыл-ой қорының азаюы» мәселесі сарапшылар көрсеткен бірнеше себептерге, әлеуетті қатерлерге байланысты кешенді көзқарасты қажет етеді.

*Экономикалық тәуекелдер:* жоғары білікті мамандардан айрылу ел экономикасы дамуына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Мемлекет бұл мамандарды даярлауға едәуір ресурстар жұмсады және олардың кетуі ақталмаған инвестиция деп қаралады. Сонымен бірге мамандардың кетуі инновациялық прогресс пен экономиканың басты салалары дамуын қиындатуы ықтимал.

*Адами капитал әлеуетінің әлсіреуі:* талантты жастардың елден кетуі адами капиталдың дисбалансына әкелуі мүмкін. Жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі түрлі салаларға теріс ықпал ететіні аян, оның ішінде ғылым, білім, денсаулық сақтау мен технология бар. Бұл өз кезегінде ел дамуы мен жаңғыруын қиындатады.

*Жаһанданудың жастар құндылығына әсері:* жастардың өзге елдерге қоныс аударуы олардың құндылық бағдарын өзгертуі мүмкін. Жастар жаңа ортада аккультурацияны бастан өткізгенде олардың көзқарастары, идеалдары мен туған елмен байланыстары өзгерістерге ұшырауы ықтимал. Ең алдымен, бұл деструктивті идеялардың таралу қаупі.

*Демографиялық дисбаланс:* білім алу мен еңбек көші-қонының ел демографиясында дисбаланс тудыру қаупі бар. Егер жастар, әсіресе техникалық, экономикалық білімі бар жастар кететін болса, бұл түрлі кәсіптегі және жас топтары әр түрлі адамдардың бөлінуінің теңсіздігіне әкелуі мүмкін.

*«... Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржы өзге елдер ресурстарына кетуде. Біз олардың біздің экономикаға ықпалын көріп отырған жоқпыз» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ-нің қызметкері).*

Білікті мамандарды білімі мен құзыреті төмен, біліктілігі жеткіліксіз мамандармен ауыстыру – сарапшылар пікірі бойынша, теріс тенденцияға әкелмек. Бұған жұмыс орнының жетіспеушілігі сияқты себептер ықпал ете алады: егер елде жоғары білікті мамандардың жұмыс істеуі мен дамуына жеткілікті мүмкіндіктер жасалмаса, олар шет елдерден басқа мүмкіндіктер іздей бастайды. Ал компаниялар осы кезде жалақы шығынын қысқарту мақсатында біліктілігі төмен қызметкерлерді жалға алуға көше бастауы мүмкін.

Жұмыс процесінде тамырын жайған қиындықтар, әбден қалыптасқан жұмыс процесі мен ұйымдастыру құрылымы шет елде алынған білім мен жаңа идеяларды

енгізуді шектеуі мүмкін. Егер жас мамандар аға ұрпақ тарапынан қолдау болмағандықтан немесе өзгерістерге қарсылық салдарынан алған білімдерін нақты практикада пайдалана алмаса, олар мүмкіндіктерді өзге елдерден іздейді.

*Инфрокұрылым мен ресурстардың жетіспеушілігі:* дамыған инфрокұрылымның, заманауи технология мен ресурстарға қол жетімділіктің болмауы да шет елдерде алынған жаңа идеялар мен білімді енгізуді шектейтіні анық. Егер жастарға өз әлеуетін іске асыру үшін адекватты жағдайлар жасалмаса, олар осындай жағдайлар жасалған өзге елдерден мүмкіндіктер қарастыруы ықтимал.

*Кәсіби өсуге мүмкіндіктердің болмауы:* егер елде кәсіби өсу мен қызметтік дамуға перспективалар болмаса, жас мамандар өздерінің кәсіби өсуі мен табыстарға жетуі үшін үлкен мүмкіндіктер бар басқа елдерге көшу туралы шешімге келуі мүмкін.

*«... Мен сізге маған «болашақ» түлегі айтқан нақты оқиғаны жеткізейін. Ол белгілі бір мекемеге заңгер болып жұмысқа орналасады және ол өзінің шетелдік идеяларын іске қоса бастағанда оған төмендегіні айтады: «Тоқта, сен өзіңнің шетелдік ойларыңды сонда қалдыр, бізде өзіміздің қалыптасқан жүйе бар!». Яғни, ол бұл жүйені өзгерте алмады, ол не істейді? Оның айтқаны: «Менің жұмыстан босап, кеткенім дұрыс» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ-нің доценті).*

Сонымен бірге, сарапшылар пікірі бойынша, «ақыл-ой қорының азаюы» бірнеше кезеңнен тұрады, ол алдымен аймақтардан Астана, Алматы сияқты ірі мегаполистер бағытындағы ішкі көші-қон, сосын ойдағыдай бейімделуден және қажет құзыреттерге ие болғаннан кейін дамыған елдерге бағытталған сыртқы көші-қон. Бұл жерде ішкі көші-қон аймақтар дамуына диспропорция туғызады. Бұл жағдайға сарапшылар алаңдаушылығын білдірді, «тізбекті реакция» жастар арасында қылмыстың өршуіне әкелуі ықтимал.

*«... Аймақтар дамуында диспаритет тудыратын күшті ішкі көші-қон байқалуда. Бұдан басқа, жастар арасындағы жұмыссыздық елдегі кримогенді жағдайға ықпал етуде. Соңғысы экономикалық мәселелерді тудырады. Табыстардың төмендеуі өз кезегінде қылмысты көбейтеді» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Алайда, қандай болса да шектеу енгізу адам еркіндігі мен шекарасы қағидатын бұзады. Көші-қон – әр жас адам үшін таңдау құқығы. Оған қарама-қарсы жастардың өздері тұрып жатқан орындарында дамуы үшін жағдай жасау стратегиясын ұстанған дұрыс.

*«... Әлем ашық. Қазір ешкімді ұстап тұру мүмкін емес. Кедергілер емес, елде қалуға қызығушылық тудыру керек» (А.Надирова, Халық шаруашылығы университетінің профессоры).*

Сарапшылар жастардың кетуі өзекті тенденция екенін және елдегі саяси-экономикалық ахуал бұл процестің қарқындылығына ықпал етеді деген пікірде. Сонымен бірге ел дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде талантты да білікті жастар маңызды рөл атқарады және оларды елде ұстау үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды міндет болып табылады.

Өзге елдерден, соның ішінде Орталық Азия елдерінен талантты жастарды тарту елдің кадрлық әлеуетін арттыру мәселесін шешу жолындағы тиімді амал болар еді. Ол үшін оларды ел дамуына қатысу мен интеграцияға ықпал ететін тартымды бағдарламалар мен іс-шаралар даярлау қажет. Көші-қондық шектеулерді қайта қарау мен тиісті талаптарға сай азаматтардың белгілі бір санаттарына белгілі жеңілдіктер беру талантты жастарды тартудың бір құралы бола алады. Алайда шет елдік жұмыс күшін тарту мен қазақстандық жастар тәжірибесін пайдалануда еңбек

нарығында дисбаланс немесе қажетсіз бәсекелестік тудырмау үшін жергілікті қызметкерлердің мүддесін ескеру, құқықтарын қорғау маңызды.

*«Қазақстан орналасуының артықшылықтарының бірі бізбен салыстырғанда нашар жағдайда отырған Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан сияқты елдер бар. Жалақы кішкентай, жұмыс істеу мүмкіндігі де аз. Алматы мен Астана сияқты үлкен қалалар жоқ. Ал жаңа ұрпақ үшін бұл өте маңызды. Яғни, жайлы да инклюзивті ортаның болуы. Осындай орта Алматы мен Астанада бар. Қазақстанда да өзге елдерден талантты жастарды тарту мүмкіндігі бар. Бұл да өзекті мәселе. Сондықтан мемлекет шектеу емес, тартуды қарау керек. Қарапайым шаралардан басталады. Мысалы, түрлі көші-қондық шектеулерді алу. Қырғызстаннан Қазақстанға келетін адамдар үшін көптеген көші-қондық шектеулер әлі бар. Әр 30 күн сайын сіз не істеп жүргеніңіз туралы есеп беріп отыруыңыз керек. Сол сияқты әкімшілік кедергілер де керісінше азаюы керек. Енді барлық адамдар үшін емес, нақты тәжірибе мен мамандық бойынша қойылатын талаптарға сай келетін адамдарға осындай ерекше жағдай жасау қажет» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

Жалпы алғанда көші-қон саясатын жетілдіру, елде талантты жастарды ұстау үшін тартымды жағдайлар жасау мен халықаралық мамандарды тартудан тұратын кешенді тұжырым дайындау Қазақстан экономикасының дамуына ықпал етуі ықтимал және «ақыл-ой қорының азаюы» мәселесін жеңілдетеді алады.

Жастар көші-қонына әкімшілік және басқа да шектеулер қою кері әсер етуі және жастар жұмыссыздығының өсуіне әкелуі мүмкін. Жастар көші-қонын ел дамуына өз үлестерін қоса алатын шетелдік жұмыс күшті тарту мүмкіндігі деп қарастыруға болады. Сол сияқты алған дағдылары мен білімдерін елде пайдалана алуы үшін шет елге шығатын қазақстандық жастарға да қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Бұл жастар елдің экономикалық дамуына өз үлестерін қосу үшін оларға елге оралуы үшін жайлы жағдайлар туғызу, біліктіліктеріне сай жұмыс орындарын құру және инновация мен кәсіпкерлікті қолдаудан тұрады.

## 8. Жұмыс берушілердің жас мамандарға қатынасы

Еңбек нарығы талаптары мен білімнің сәйкеспеуі сарапшылар пікірінше өткір күйде қалып отыр, бұл әсіресе аймақтарда анық байқалады. Жұмыс берушілер әсіресе түлектер дағдылары мен нақты лауазым талаптарының сәйкеспеуі жағдайымен кездескенде, жас мамандардың біліктілігін арттыру курстары үшін төлем жасау әдетте жұмыс берушілерге жүктеледі.

Бұл мәселені шешу үшін сарапшылар пікірі бойынша мемлекет пен жұмыс берушілер арасындағы өзара ынтымақтастықты күшейту керек. Салық жеңілдігі сияқты қосымша ынталандырулар жұмыс берушілерді жас мамандарды қажетті оқу курстарымен, біліктілікті арттырумен қамтамасыз етуге бастайтын көтермелелеу құралы бола алады. Осындай жеңілдіктер мекемелердің, әсіресе орта мен шағын кәсіпорындардың экономикалық жүгін жеңілдетіп, оларды жастар дамуына белсене қатысуға ынталандырады.

Алайда салық жеңілдіктері жастар дамуы мен біліктілігін арттыруға ықпал ететін нақты шараларды ынталандыратындай болып дайындалуы керек. Сол сияқты мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктері ескеріліп, осындай жеңілдіктерді пайдалану тиімділігіне бақылау жасауды қамтамасыз ету керек.

*«Мемлекет пен жұмыс берушілер арасындағы байланыс болуы тиіс. Мысалы, егер жұмыс беруші жас адамдарды жұмысқа алса, мемлекеттен салық жеңілдіктері немесе осындай шаралар» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ-нің қызметкері).*

*«...Бірақ, жалпы айтқанда, жас мамандарды қолдайтын жұмыс берушілер бар. Қандай қолдау десеңіз, жастарға не жетпейді, бұл сол тұрғын үй мәселесі, өз құзыретін көтеру мәселесі және басқалар. Яғни, жұмыс берушілердің барлығы бірдей жас мамандарға әлеуметтік пакет беру мен әлеуметтік қолдау көрсету мүмкіндіктеріне ие емес. Мен білмеймін, Қазақстанда олар бірен-саран ғана болар» (М.Кудабеков, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы).*

Сарапшылар сонымен бірге жұмыс берушілер тарапынан іріктеу талаптары мен ЖОО түлектерінің үміт-күтулері арасындағы сәйкеспеушіліктерді де атап отыр. Жас түлектер әдетте өздерінің алғашқы жұмыс орындарына белгілі бір үмітпен, жұмыс істеу жағдайына талаптармен барады. Олар жоғары жалақы болуын, қызметтік өсуді немесе тартымды бенефиттерді күтуі мүмкін. Дегенмен нақты критерилер мен жұмыс беруші талаптары бұл күтулерден басқаша болатын жағдайлар да бар. Жас мамандардың тәжірибесіздігі, нақты тапсырмаларды орындауға дайындықтарының жетіспеуі олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне ықпалын тигізуі мүмкін.

Жастардың қосымша оқу бағдарламалынан өтуге немесе стажировкадан өтуге құлықсыздық танытуы да маңызды аспект. Жас мамандар өнімсіз немесе уақытты бос өткізу деп санап, стажировкадан өтуге мүдделі болмауы ықтимал. Дегенмен, жас мамандарды нақты тапсырмалар мен жұмыс процесі талаптарына дайындау мен бейімдеу үшін жұмыс берушілерге стажировка мен оқу бағдарламалары маңызды болып табылады.

Сонымен бірге, жұмыс берушілер жұмыс процесінің үзіліссіз өтуі мен өндірістік кідірістерді барынша азайтуға мүдделі. Жас мамандарды оқытуға қосымша уақыт пен шаралардың қажеттігі мекеме үшін белгілі бір қиындықтар, шығындар әкелуі ықтимал. Бұл жұмыс берушілер күтістері мен жас мамандар мүмкіндіктері арасында сәйкеспеушіліктерге, олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

*«...Мен жұмыс берушімен кездесуде болдым, ол өзінің студенттерге, түлектерге теріс көзқараста екенін жеткізді, өйткені олар дайындықсыз келеді. Оларды оқытуға, қайта оқытуға жұмыс берушіде уақыт жоқ, оларда процесс тұр. Олар, түлектер, жұмысты тежейді, бөгет жасайды» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедра доценті).*

Сарапшылар пікірінше, жастарды еңбекпен қамту бойынша мемлекет қолға алған бағдарламаларға қармастан, оң өзгеріс аз. Көбіне олар уақытша мақсаттарға жетуге, қысқа мерзімде көрсеткіштерді жақсартуға бағытталған. Бұл білікті мамандардың жетіспеушілігімен және білім беру мен еңбек нарығы талаптары арасындағы сәйкестікпен байланысты байырғы сұрақтар мен мәселелердің сол шешілмеген күйде қалуына әкелуі мүмкін.

Жастарды жұмыспен қамту бағдарламалары көп жағдайда уақытша жұмыс орындарын құруға немесе жас мамандарды алу үшін уақытша субсидиялар беруге назар аударады. Бұл жұмысқа орналастыру көрсеткіштерінің қысқа мерзімге жақсаруын бергенмен, білікті мамандардың жетіспеушілігімен немесе білім беру мен еңбек нарығы талаптары арасындағы сәйкестікпен байланысты негізгі мәселелерді шешпейді.

*«... Соңғы 20 жылда Қазақстан жастар жұмыссыздығы мәселесін біліктілікті арттыру бағдарламаларының жеңілдігі бар несиелендірудің және жастарды маусымдық және инфроқұрылымдық жұмыстарға уақытша орналастырудың көмегімен шешу әрекетін жасады. Алайда бұл бағдарламалар жұмыссыздықты азайту мен жастар үшін жұмыс жағдайларын жақсартуға мүмкіндік бермейді, ол мақсатты көрсеткіштерді тұрақсыз жақсартуға бағытталған» (М.Есиркепова, Астана халықаралық университетінің кафедра доценті).*

ЖОО мен жұмыс берушілер арасындағы өзара ынтымақтастықтың жеткіліксіздігі жұмыс берушілердің түлектерді кейін жұмысқа орналастыру міндеттерінен қауіптенуінен туындауы мүмкін. Бұл қауіптену университеттер мен бизнес-сектор арасында тығыз байланысқа кедергі болып, еңбек нарығы талаптары мен түлектер дағдыларының сәйкеспеуіне әкеледі.

Жұмыс берушілердің қауіптенуінің басты себептерінің бірі түлектерді жұмысқа алумен байланысты тәуекелдер мен белгісіздіктерден туындап отыр. Жұмыс берушілер талаптары мен күтістерін қанағаттандыруға байланысты түлектер қабілеттеріне сенімсіз болуы, сонымен бірге оларды оқытумен, жұмыс процесіне бейімдеумен байланысты қосымша шығындарды есептеуі ықтимал. Бұл әсіресе мемлекеттік мекемелер үшін өзекті, олар өздеріне қосымша шығындарды ала алмайды.

*«... Мысалы, біздің кафедра, ЖОО жұмыс берушілермен қатынас жасауға талпынады. Бірақ жұмыс беруші, әсіресе мемлекеттік қызмет байланысқа мүлдем бармайды. Олар ЖОО студентті жұмысқа алуды сұрайды деп санайды, содан қауіп етеді. Тек жеке фирмалар, олар да байланысқа өте шашар шығады» (Ж.Искакова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедра доценті).*

Еңбек нарығында дербес шығу барысында жастар қиындықтар мен шектеулер тудыратын бірнеше факторлармен кездеседі. Еңбек нарығының болжамсыздығы жас мамандардың жұмысқа орналасу процесін қиындататын осындай факторлардың бірі бола алады.

Еңбек нарығы үнемі өзгерістерге ұшырап отырады, ол белгілі мамандықтарға қатысты болжам жасауды қиындатады. Жас адамдар өз мамандықтары бойынша еңбекке орналасу мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінің оқу процесінде қалыптасқан жоспармен күтістерге сәйкес келмеуімен ұшырасып жатады. Еңбек нарығының

нақтыланбауы мен болжамсыздығы қызмет жоспарлауды қиындатып, ұзаққа созылатын жұмыс іздеуге мәжбүр қылуы мүмкін.

Жұмыс берушілер талаптары мен бос орындар туралы толық, дәл ақпараттың болмауы да дербес жұмыс іздеген жастарға қиындық тудыруда. Бос орындар мен іріктеу процесі туралы ақпарат алудың шектеулі болуынан жас мамандар барлық мүмкіндіктерді толық пайдалана алмайды немесе сай емес ұсыныстарды қабылдайды. Еңбек нарығы талаптары мен жұмыс берушілердің ұстаным-қолдаулары туралы ақпараттың жеткіліксіздігі түйіндеме (резюме) дайындауда немесе әңгімелесуден өтуде мәселелер тудыруы мүмкін.

Сол сияқты жекелеген мамандықтар бойынша түлектердің тым көп, артық болуы да еңбек нарығына дербес шығуды қиындататын тағы бір фактор. Егер белгілі бір салада түлектер саны еңбек нарығы сұранысынан артық болса, бұл бәсекелестікке, жұмыс іздеудегі қиындықтарға әкелмек.

*«ЖОО түлектері әдетте оқу бітіргеннен соң жұмысқа тұру мәселесін өздері дербес шешкісі келеді. Бірақ еңбек нарығының болжамсыздығы, бос орындар туралы толық ақпараттың болмауы, жекелеген мамандықтар бойынша түлектердің артық болуы олардың еңбек нарығына шығуын тежейтін көптеген қиындықтарға әкеледі» (И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Кейбір компаниялар, әсіресе ірі өндірістік кәсіпорындар жас мамандарды оқытуға, оларға жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін беруге күш салуда. Олар мақсатты гранттар бөле алады немесе барынша сұранысты салаларда жастарды дайындауға бағытталған бағдарламалық бастамаларға қатыса алады.

Компаниялар іске асыратын осындай оқыту және жұмысқа орналастыру бағдарламаларының бірнеше артықшылықтары бар. Біріншіден, еңбек нарығына түсетін қысымды азайтады, өйткені компания өзінің нақты талаптары үшін қажетті білімі мен дағдысы бар мамандарды дербес, өзі дайындайды. Бұл еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздікті азайтуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, осындай оқыту және жұмысқа орналастыру бағдарламалары жас мамандарға жұмыстың практикалық тәжірибесін алуға, нақты өндіріс жағдайында қажет дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, болашақта жұмысқа орналасуын жеңілдетеді.

Сонымен бірге жас мамандарды оқытуға инвестиция салған компаниялар еңбек нарығы талаптарын қалыптастыруға да ықпал ете алады. Олар білім бағдарламаларын әзірлеу процесіне белсене қатыса алады, білім беру мекемелерімен ынтымақтасып, сала талаптары мен заманауи технологияны ескере отырып, оқу жоспарын актуалдандыру бойынша ұсынымдар енгізе алады. Бұл еңбек нарығы мен білім беру арасындағы тиімді де нәтижелі сәйкестік орнауына ықпал етеді.

Алайда компаниялар ұсынатын оқыту және жұмысқа орналастыру бағдарламалары жас мамандардың шектеулі бөлігіне ғана қол жетімді және көбіне тек белгілі салармен, мамандықтармен тығыз байланысты болады. Сондықтан білікті мамандар жетіспеушілігі мәселесін тиімді шешу үшін компаниялар мен мемлекеттік органдар және оқу орындары арасында ынтымақтастықты дамыту керек, ол осындай бағдарламалардың қолжетімді болуын кеңейтіп, түрлі мамандықтар бойынша оқуды қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді.

*«... Мен білетін көптеген компаниялар, мысалы, «Қазақмыс» компаниясы болашақ геологтерді стажировка үшін өз кооперативтеріне әкеледі. Бұл жұмыс беруші жастардан жұмысты талап етуіне факт. Егер жастар бұны түсінсе, бұл тамаша мүмкіндік. Жұмыс беруші жастарды жұмысқа орналастыруға мүдделі*



*болуы үшін ол өзінде жұмыс істейтін жастарға мүмкіндік беруі қажет. Мысалы, «ҚазТрансОйлда» жастар саясаты жақсы дамыған. Осының арқасында жастардың бұл компанияда жұмыс істеуге қызығушылығы өте жоғары» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).*

Экономиканың жаңа секторларында, әсіресе StartUp, IT секторларында, сервистік компанияларда және басқа да инновациялық салаларда жас мамандар үлкен сұраныс пен кәсіби өсу мүмкіндіктеріне ие. Инновацияның бұл салаларында технология мен икемділік маңызды рөл атқарады және жастар белгілі бір басымдықтарға ие.

Жаңа білім мен өз-өзін дамытуға ұмтылыс жас мамандардың басымдықтарының бірі болып табылады. Сарапшылар пікірі бойынша, жастар жаңа технологияларды белсенді меңгеруде, курстар мен тренингтерге қатысады және өз салаларындағы заманауи тенденцияларды өздері дербес қарастырып, меңгеруде. Олардың оқу, үйрену қабілеттіліктері жоғары, оларда өз дағдыларын тұрақты түрде жаңартып отыруға дайын болу қасиеттері бар, бұл тез өзгеріп отырған экономикалық әлемде олардың маңызды артықшылықтары болып табылады.

Жас мамандардың тағы бір артықшылығы – тілдерді білуі. Жаһандану маңызды болып отырған бүгінгі әлемде бірнеше тілді білудің бағасы артты. Жастарда әдетте жақсы тілдік дайындық бар, бұл оларға халықаралық ортада жұмысқа жеңіл бейімделуге, жаһандық жобаларға қатысуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сарапшылар жас мамандарда бүгінгі бизнесте сұранымға ие креативтілік пен бейімделушілік, командада жұмыс істеу, коммуникация сияқты дамыған жұмсақ дағдылар жиі кездеседі деп есептейді.

*«... Экономика секторына байланысты, егер дәстүрлі экономика ірі корпорацияларды алса, олар білікті мамандарға басымдық береді. Ол жас мамандармен уақыт өткізгісі, олармен отырғысы келмейді. Жаңа экономика, мысалы, StartUp, IT-компаниялар, сервистік компаниялар болса, оларға жастар қажет. Ақыр аяғында бұл жаңа экономикаға сіздің тәжірибеңіз емес, сіздің жаңаны үйренуге дайын болуыңыз маңызды. Яғни, тез оқитын, жаңаны жылдам іліп алатын, бірнеше тілде сөйлейтін, икемді, «soft skills» жастар, міне осы маңызды» (С.Бейсембаев, «Paperlab» зерттеу орталығының директоры).*

## 9. Қазақстандық компаниялардың жас мамандарға ресурстар салуға дайындығы

Тек компаниялардың азғантай санында ғана жеткілікті қор бар және олар жас мамандардың дамуына ресурс салуға дайын. Компаниялардың жастарға ресурс салуға дайындығы олардың ұзақ мерзімді даму стратегиясымен негізделген, оған элеуметтік жауапкершілікті дамыту мен ұйымның тұрақты дамуы кіреді.

Бұл стратегияны нығайту және бизнесті жастарға инвестиция салуға ынталандыру үшін мемлекет тарапынан өзара пайдалы жағдайлар жасалуы қажет. Мемлекет жас мамандарға ресурстар салатын компанияларды көтермелеу, қолдау шараларын қабылдай алады.

Осындай мүмкін шаралардың бірі жас мамандарды оқыту мен дамытуға белсенді инвестиция салып отырған компанияларға салық жеңілдігін немесе басқа да қаржылық ынталандырулар беру болып табылады. Осындай ынталандырулар компанияның қаржылық жүгін азайтып, жастарға инвестиция салу үшін қосымша мотивация бола алады.

Сонымен бірге мемлекет оқу орындары мен компаниялар арасындағы ынтымақтастық туралы бағдарламалар дайындай алады, бұл бағдарламалар тараптар арасында тәжірибе, ресурс алмасуға негіз бола алады. Бұған стажировкадан өткізу бағдарламаларын, тренингтер өткізуді, сол сияқты түлектер мен студенттер үшін практикалық оқуды ұйымдастыруға көмектесуді жатқызуға болады. Сонымен бірге жас мамандардың оқуын қаржыландыру мен қолдау туралы ақпараттың қолжетімді және ашық болуын қамтамасыз ету маңызды. Мемлекеттік органдар қол жетімді бағдарламалық бастамалар, гранттар, қорлар мен басқа да қаржыландыру көздері туралы компанияларға ақпаратты белсенді бере алады, бұл оларға жастарды дамыту шараларын жүргізуде көмек болады.

Мемлекет тарапынан бизнес үшін осындай өзара пайдалы жағдайлар жасалуы компанияларды жастарға инвестиция салуға ынталандырып, элеуметтік жауапкершілік пен тұрақтылықтан тұратын олардың даму стратегиясын нығайта алады. Мемлекет тарапынан болатын осындай қолдау жастар кадрлық элеуетінің дамуына, бизнестің бәсекеге қабілеттілігі мен жалпы ел экономикасының дамуына ықпал ететін болады.

*«... Дайын, бірақ тек үшжақты келісімшарт арқылы. Стажировкалар, бос орын жәрмеңкелері, гранттар. Мысалы, Казэнерджи түрлі мамандықтар бойынша гранттар береді» (А.Надинова, Халық шаруашылығы университетінің профессоры).*

*«... «Қазақстан теміржолы», ҚазТрансОйл», Қазақмыс» сияқты ірі компаниялар көптеген шаралар мен сыйақылар арқылы өздерінің жас мамандарының бәсекеге қабілеттілігі мен элеуетін дамытып отырады. Мысалы, осы жылдың маусымында «ҚазТрансОйл» компаниясы спорттық жәрмеңке өткізеді. Конкурсқа қатысқан жастарға стипендия төленетін болады. Бұл жастардың жұмысқа деген ынтасын күшейтеді. Мен компания әр нәрсені белгіленген деңгейге жеткізеді деп ойлаймын» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).*

Кей жағдайда жалақы шығынын қысқарту мақсатында компаниялар тәжірибесіз жас мамандарды қосып, арзанырақ болатын жұмыс күшін жалға алуды қолайлы көруі мүмкін. Бұл жұмысқа орналасып, өз кәсіби дағдыларын дамытуға ұмтылған жастар үшін қосымша қиындықтар туындайды.

Дегенмен, сарапшылар ерекше топ ретінде жастарға жағымды сипаттамалармен бірге теріс, жағымсыз сипаттамалар да тән екендігін ескертеді. Жастардың оң сипаттамалары ішінен жоғары элеуметтік және еңбек жылдамдығын,

инновациялар мен өзгерістерге бейімделгіштігін атап көрсетуге болады. Жастарға әдетте энтузиазм, энергия мен кәсіби өсуге ұмтылушылық тән болып келеді.

Сонымен бірге жас мамандар жұмыс тәжірибесінің шектеулігі, өндірістік тәжірибенің жоқтығы, эмоционалдық тұрақсыздық сияқты теріс сипаттамалармен де кездесуі ықтимал. Бұл факторлар жұмысқа орналасу мен жұмыс ортасына бейімделу кезінде қиындықтарға себеп болуы мүмкін.

Осыған байланысты жастарда еңбек нарығынан адекватты (барабар) күтулер болғаны дұрыс. Еңбек нарығындағы мүмкіндіктер мен талаптарды шынайы түсіну жастарға өзіне сай қызметтік стратегияны жоспарлауға және өз кәсіби дағдыларын дамыту үшін қажет қадамдар жасауға көмектеседі.

Екінші жағынан, жұмыс берушілер бүгінгі түлектің шынайы профилін нақты білуі және түсінікті де дәл талаптар ұсынуы қажет. Бұл жұмыс берушілер талаптары мен түлектер күтістері арасындағы алшақтықты қысқартуға септеседі. Жұмыс берушілер сонымен қатар стажировкалар, оқу мен тәлімгерлік бағдарламаларын ұсына алады. Бұлар жас мамандарға қажетті жұмыс тәжірибесі мен өндірістік өтіл (стаж) алуға көмектеседі.

Қорытындысында, жастар тарапынан және жұмыс берушілер тарапынан да жастардың ерекшеліктерін түсіну мен есепке алу еңбек нарығындағы ұсыныс пен сұраныс арасындағы айырмашылықты төмендетуде маңызды орын алады. Адекватты күтулер мен анық талаптар жас мамандарға жұмыс ортасына тиімді де табысты кірігуге және өз әлеуетін іске асыруға көмектеседі.

*«Алайда жұмыс саласына тән қиындықтар мен қарқындылық кейде жас мамандарда олар туралы анық емес ойлар тудырады да адекватты емес күтістер қалыптастырады. Сол сияқты жұмыс берушілер де өз талаптарын әрдайым дәл бере бермейді, шашыраңқы күйде береді немесе оның шегін көтеріп қояды. Жұмыс беруші де бүгінгі түлектің шынайы портретін білуі керек және оған мүмкін емес талаптар мен сипаттарды қоспау керек. Тиісінше, олардың алдын алу мүмкіндіктерін құру үшін, ең алдымен, жұмысқа орналасу процесі басында түлек кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау маңызды. Тұтастай бір мәселелер шешімін жақындату үшін көрсетілген жағдаяттар жұмыс берушілер мен ЖОО түлектерінің өзара күтістерін зерттеуді маңызды етеді»*  
**(И.Сактаганова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).**

Экономикалық көзқарас тұрғысынан кейбір компаниялар үшін қызметінің құны жоғары болатын тәжірибелі мамандар қызметін пайдаланғаннан гөрі жас мамандарды алу, олардың ертеңіне деп инвестиция салу тиімділеу. Бұл әсіресе «Қазақмыс», ҚазМұнайГаз», «ҚазТрансГаз» сияқты ірі компанияларға тән. Оларда жастардың оқуы мен дамуына инвестиция салу мүмкіндігі бар. Сол сияқты ІТ саласындағы компаниялар мен шағын зерттеу компаниялары, қызмет көрсету саласындағы компаниялар да жас мамандар әлеуетін жиі бағалайды және олардың дамуы үшін инвестиция салуға әзір.

Дегенмен сарапшылардың басқа бір тобы қазақстандық компаниялар жалпы алғанда жас мамандардың дамуына ресурс салуға дайын емес деген пікірде. Бұл бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін, оған экономикалық белгісіздік, шектеулі бюджет пен ресурстар, сонымен қатар компанияның ұзақ мерзімді дамуы үшін жастардың әлеуеті мен қажеттілігін жете түсінбеуді жатқызуға болады. Мүмкін, кейбір компаниялар тіпті бұл жоғары бағамен байланысты болса да, дайын тәжірибе мен дағдыларды алуға басымдық беретін болар.

## 10. Жастарды жұмыспен қамту бағдарламаларының жүзеге асырылуына берілген баға

Жастарды жұмыспен қамтуға қолдау көрсету бойынша мемлекет қолға алған шараларға қарамастан жастарды жұмыспен қамту бағдарламалары жоғары нәтижелілік пен тиімділік көрсетіп отырған жоқ. Тиімділік төмендігі себептерінің бірі ретінде бағдарламалар ұсынған жағдайлар мен жастар ұсыныстары арасындағы сәйкессіздік көрсетілді. Бағдарламалардың жастар қажеттіліктері мен мүдделеріне бейімделуі ойдағыдай емес. Бұндай бағдарламаларды даярлау мен жүзеге асыру кезінде жастардың қажеттіліктері мен басымдықтары мұқият талданып, ескерілуі қажет.

ЖОО түлектері кездесетін қиындықтар себептерінің бірі - олардың құзыреттерінің еңбек нарығы талаптарына сәйкес болмауы. Кей жағдайда түлектерге практикалық дағдылардың қажетті деңгейі, жұмыс тәжірибесі мен арнайы мамандандырылған білім жетіспейді және бұл олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін шектейді. Бұл білім бағдарламаларында практикалық бағдардың жеткіліксіз болуымен немесе оқу орны мен жұмыс беруші арасында байланыстың жеткіліксіздігіне қатысты болуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін еңбек нарығы талаптары мен білім беру жүйесі арасындағы байланысты күшейту керек.

Өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуда қиындықтармен ұшырасқан кейбір түлектер формалды емес сектордан жұмыс іздеуге мәжбүр немесе өзін-өзі қамтамасыз етуші болады. Бұл еңбек секторындағы бақылаусыз, реттелмеген өзін-өзі қамтамасыз етушілер санының артуына әкеледі. Сондықтан да жас мамандарға өз мамандығына сай жұмысқа тұруына және кәсіби даму мен өсуіне көмектесетін шаралар дайындау маңызды.

*«... Біз дипломды жас мамандар туралы жиі айтамыз, дипломды, бірақ тиісті білімі жоқ жас адамдар қаларда кең таралған такси, жеткізу қызметі сияқты басқа салаларға баруда. Бұл жерде үлкен қалалар мен аймақтар арасында айырмашылықтар бар» (А.Хамит, М.С.Нәрікбаев ат. КазГЮУ-нің қызметкері).*

Сарапшылар пікірінше, жастар жұмыссыздығын шешу механизмдерінің құрылғанына қарамастан, қолданыстағы еңбекпен қамтуды қолдау бағдарламалары көбіне қысқа мерзімді және оқыту шараларымен шектелуде. Олар жастар жұмыс іздеу, жұмысқа орналасуда кездесетін мәселелерді жүйелі түрде шешу үшін жеткілікті құралдар мен ресурстарды әр кез бере бермейді.

Жастар жұмыссыздығы мәселесін барынша тиімді шешу үшін сарапшылар нақты мамандандырылған арнайы бағдарлама даярлауды ұсынады. Осындай бағдарлама жастар арасындағы жұмыссыздық себептерін жою және қолдау мен жұмысқа орналастырудың тұрақты механизмдерін құруға бағытталған мақсатты шаралар мен әрекеттерден құралуы қажет.

Ұзақ мерзімді перспективалар мен жастардың еңбекпен қамтылуының үздіксіз де тұрақты жүйесіне көңіл бөлу маңызды.

*«... «Қазақстан 2020: Болашаққа жол» жастар саясаты жобасына дейін елде 2001 жылдан «Қазақстан жастары» бағдарламасы, сонымен қатар 2003-2004 пен 2005-2007 жылдарға арналған жастар саясаты жобалары болды. Бұл құжаттардың әрбірі жастардың жұмыспен қамтылуы ахуалын жақсартуы керек еді. Алайда жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған арнайы бағдарлама ақыры жасалған жоқ. Бұл үшін даярланған тетіктер еңбекпен қамтудың жалпы бағдарламаларына енгізілді. Мақсатты көрсеткіштер орындалғанына қарамастан мамандар бұл бағдарламалардың тиімділігіне күмәнмен қарайды, олардың орындалу сапасын сынға алды» (Г.Галиакбарова, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ кафедрасы доценті).*

Басқа мәселелермен бірге жастардың еңбекпен қамтуды қолдау бағдарламаларын жүзеге асыруы туралы ақпараттануы мәселесі өзекті күйінде. Ақпараттанудың төмен деңгейі жастардың осындай бағдарламаларға нақты қатысуы көрсеткіштеріне, тиісінше олардың келешекте жұмысқа орналасуына теріс ықпалын тигізуі ықтимал. Яғни, қолжетімді бағдарламалық мүмкіндіктер туралы ақпараттанудың болмауы жастардың оларға қатыспауына немесе ұсынылған қолдаулар мен ресурстардың толық әлеуетін пайдалана алмауына әкеледі. Нәтижесінде табысты жұмысқа орналасу процесі қиындап, пайдаланылмаған мүмкіндіктер пайда болады.

Бұл мәселені шешу үшін сарапшылар пікірі бойынша жастарды қолданыстағы бағдарламалар мен жұмысқа орналасу ресурстары туралы белсене ақпараттандыру, хабардар ету маңызды. Жастарға түсінікті де қолжетімді болатын ақпараттық компаниялар мен ресурстар құру үшін мемлекет, білім беру мекемелері, кәсіби қауымдастықтар мен басқа да мүдделі жақтар ынтымақтаса алады. Бұған ақпараттық шараларды өткізу, веб-сайттар, баспа материалдары мен әлеуметтік медиа компаниялар құру, сол сияқты мектеп, университет, еңбекпен қамту орталықтары арқылы жастармен белсенді қатынаста болу жатады.

*«Дұрыс қолданған жағдайда мемлекет ұсынған жастар бағдарламасы көп. Алайда бұл бағдарламаларға қатысушылар қысқарып келеді. Біздің жастар ізденіске көп ұмтылмайтын сияқты. Мысалы, жастардың еңбекпен қамтылуын жақсартуға бағытталған көптеген бағдарламалар бар. Алайда, сонымен бірге мәселе немесе ақпараттың жетіспеушілігі сақталуда. Жастық индекс біздің елде 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Бірақ оларға ақпарат жетіспейді. Егер ол бағдарламаларға қосымша ойласа, смартфон бәрінде бар. Онда бұл қосымшада барлық бағдарламалар туралы ақпарат қолжетімді болар еді. Егер қосымшаны кеңінен таратса, ақпараттану көтеріледі» (А.Салимкереев, ҚР кәсіподақ федерациясы жанындағы «Келешек» Жастар кеңесі төрағасы).*

Бағдарламаларды іске асыру мәселесі әсіресе аймақтар бойынша өзекті болып тұр. Аймақтарда жастар жұмыссыздығы мәселесі әлдеқайда өткір күйде және жергілікті жерлерде жастарды қолдау шараларын даярлау мен жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлген жөн. Алайда жастарды еңбекпен қамту бағдарламаларын жүзеге асыру сарапшылар пікірінше аймақтық спецификаны ескере бермейді. Бұл түрлі аймақтардағы бағдарлама нәтижелерінің тең болмауына әкелуде. Кейбір аймақтар мақсатты көрсеткіштерге жетуде қиындықтарға ұшырауда.

